

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті

ӘОЖ: 378.091.313

Колжазба құқығында

ОРЫНБАЕВА ҰЛСЕРІК ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ

**Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін
қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері**

6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
пед. ғыл. док., проф.
Жайтапова А.А
пед.ғыл. док., проф.
Дянкова Гергана
(Болгария)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ	
НОРМАТИВТІК СЛТЕМЕЛЕР	
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	
КІРІСПЕ	3
1 БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Рефлексивтік құзыреттілік ұғымының мәні мен мазмұны	11
1.2 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық компоненттері мен оның даму деңгейлері	27
1.3 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары	44
Бірінші тарау бойынша тұжырым	51
2 БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	53
2.1 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	53
2.2 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру технологиясы	64
2.3 Оқу-әдістемелік кешені болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру құралы	75
Екінші тарау бойынша тұжырым	84
3 РЕФЛЕКСИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖЕРБЕЛІ-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ	85
3.1 Тәжірибелі-эксперимент жұмысының мазмұны	85
3.2 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудады оқу-әдістемелік кешенін оқу үрдісіне ендіру	95
3.3 Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижесі	104
Үшінші тарау бойынша тұжырым	111
ҚОРЫТЫНДЫ	113
ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	116
ҚОСЫМШАЛАР	127

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік қоғамдастыққа интеграциялауға ұмтылу жағдайында, елдің дамуының әлеуметтік-экономикалық перспективаларына сәйкес, жалпы білім берудің ғана емес, әлеуметтік даму деңгейінің көрсеткіші, сонымен қатар шеттілдік білім берудің рөлі артуда. Қазіргі заманғы білім берудің стандартты емес, жылдам өзгеретін жағдайларында мәдениетаралық қарым-қатынас жүргізуге дайын және қабілетті «жаңа формациядағы» мамандарды даярлау басымдықты айқыннады. Яғни, шеттілдік білім беру жүйесін интеграциялау процестері рефлексивті құзыреттіліктің жоғары даму деңгейіне ие, өз бетінше жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, кәсіби өзара әрекеттесудің тез өзгеретін жағдайларында қабылданған шешімдердің ықтимал салдарын болжай алатын жаңа деңгейдегі мамандарды даярлауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беуді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» -деп көрсетілген [1].

«Қазақстан Республикасының шеттілдік білім беру тұжырымдамасы» [2] және «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [3] қойылған міндеттерді жүзеге асыруға рефлексияға қабілетті кәсіби мамандарды даярлаудың маңыздылығын көрсетеді. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жоғары білім беру жүйесінің жетістіктерінің басты көрсеткіші ретінде мамандардың жеке қабілеттері мен құзыреттіліктерін іске асыру фактісі болып табылады деген тұжырымдамалар айтылады [4].

Яғни, жоғарыдағы нормативті құжаттарды талдай келе шеттілдік білім беру саласында, ұздіксіз өзін-өзі дамытуға бағытталған болашақ мамандардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Бұл соңғы онжылдықта шеттілдік білім беру жүйесінде болған түбекейлі өзгерістер шетел тілін оқыту әдістемесінің негізгі санаттарын қайта қарауға әкелді.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби дамуда, жеке тұлға ретінде өсу жетістігі, оның өзін-өзі тану тереңдігімен, анықтаумен, ұйымдастырумен жүзеге асырумен анықталады. Көрсетілген механизмдерінің жиынтығы шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруши үдерісі болып табылады. Рефлексиялық іс-әрекетке дайын, рефлексия әдістерін менгерген маманның белгілі бір кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру біздің зерттеу жұмысымыздың негізі болып танылады.

ЖОО оқытудың барлық кезеңдерінде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру - мамандыққа қойылатын талаптарды орындаудың ең маңызды

шарты. Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру дәрежесі болашақ шетел тілі мұғалімінің өз іс-әрекетін, кәсіби маңызды қасиеттерін, өзін-өзі дамытуын қалай үйлестіре және реттей алатындығында көрінеді. Осыған байланысты рефлексивті құзыреттілік лингводидактикалық ұдерісті жүзеге асыруда тиімді болып табылады.

Осы тұжырымдамаларды негізге ала отырып диссертациялық зерттеудің мәселесі бойынша жасалған талдау, рефлексивті құзіреттілік саласындағы теориялық және эксперименттік дамуларға қарамастан болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік білім беру барысында рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің әлі де болса толық зерттелмегендігін көрсетті. Осыған орай, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімін даярлауда рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру ұғымына ғылыми объективті талдау қажеттілігі анықталды. Жоғарыда көлтірілген тұжырымдамалардың қажетті шарты, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасуына теориялық-эмпирикалық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Осыдан келе, зерттеу тақырыбы аясында отандық және шет елдік ғалымдардың кәсіби білім беру саласындағы зерттеулері А.А.Вербицкий, Т.М.Давыденко, И.Ф.Исаев, В.И. Коваленко, Е.В.Романов, М.И Ситникова., С.С.Кунанбаева, А.Ә. Жайтапова, В.А.Сластенин, Н.Д. Хмель және т.б. еңбектерінде қарастырылғаны талданды.

Білім берудегі мотивациялық амалдың теориясы (К. С. Айнабек, А.Н. Леонтьев, О.С. Гребенюк, А.Маслоу, П.М. Якобсон, Abraham Maslow, Oruç, N. Krashen, S. D., & Terrell, T. D. және т.б.);

Білім берудегі құзіреттілікке негізделген амал (С.С. Кунанбаева, Д.Н. Кулибаева, А.Қ. Артықбаева, А.Т. Чакликова, Т.А. Кульгильдинова, Т.Д. Кузнецова, В.А.Адольф, А.А.Вербицкий, Э.Ф.Зеер, И.А. Зимняя, В.Д. Шадриков, А.В. Хоторской және т.б.);

Тұлғалық-іс-әрекеттік амал (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн, Н.Ф. Талызина, В.Д.Шадриков және т.б.);

Аксиологиялық амал (В.А. Сластенин, Г.А. Чижакова, Е.Н. Шиянов, М.С. Каган, Н.Д. Никандров, З.И. Равкин, О.Б.Широких және т.б.);

Білім берудегі мотивациялық амалдың теориясы (К. С. Айнабек, А.Н. Леонтьев, М.А. Сафонова, Д.И. Фельдштейн, О.С. Гребенюк, Б.Г. Ананьев, А.Маслоу, П.М. Якобсон, Abraham Maslow, Oruç, N. Krashen, S. D., & Terrell, T. D. және т.б.);

Тіл мен ойлау арасындағы байланыс туралы ең маңызды ойлар Л. С. Выготский, Д. Уотсон, В. Штерн, С.Л. Рубинштейн, Н.И.Жинкин, Б.В.Беляев, Е.И.Пассов, Ф. Де Соссюр, Kennedy, Fisher, & Ennis, Rameezani, R., Larsari, E. E., & Kiasi, M. A. Sanavi, R. V., & Tarighat, S. еңбектерінде орын алады.

Рефлексияға қабілеттілік мұғалімнің кәсіби шеберлігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығы Л.Н. Борисова, Н.Б. Қрашенинникова, Ю.В. Кушеревский, И.А. Стеценко, К. Елисеев, Л.А. Кунаковский, С.А. Ұзақбаева, А.А.Головчун, Н.М. Пинегиннің еңбектерінде және шетелдік

зерттеушілер C.J.Jones, S.Bell,&Saddler, B.L.McCombs маман кәсібілігінің маңызды компоненті ретінде рефлексивті құзыреттілікті қарастырған.

Шеттілдік білім берудегі маман үлгісін құру (С.С. Құнанбаева, Ә.Т. Чакликова, В.Е. Анисимов, Н.А.Давыдов, Е.Э.Смирнова, В.М.Соколов, Ж.Т. Жылтырова және т.б.).

Болашақ шетел тілі мұғалімін даярлауда шеттілдік білім беру саласындағы зерттеулер С.С. Құнанбаева, Н.Д. Гальскова, А.М. Иванова, М.Р. Қондубаева, У.И. Копжасарова, Т.Д. Кузнецова, А.К. Рысбаева, Е.Э. Сысоева, К.С.Оспановтың жұмыстарында көрініс табады.

Сонымен, шеттілдік білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге жасалған талдау, ұсынылып отырған мәселенің әдістеме ғылымында әлі де болса өз деңгейінде қарастырыла қоймағанын дәлелдейді.

Демек, бұл мәселені бүгінгі жағдайда зерттеуге байланысты бірқатар **қарам-қайшылықтар** туындайды:

- болашақ мамандық аясында рефлексивті құзыреттілікті жүзеге асыруға қабілетті «жаңа формация» мұғаліміне деген сұраныс пен қоғамның әлеуметтік тапсырысина орай байланыстың болмауы арасында;

- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін жоғары деңгейде дамыту қажеттілігі мен рефлексивті іс-әрекетке даярлықтың тиісті деңгейде шешімін таппауы арасында;

- шеттілдік білім беру процесінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оқу процесінің арнағы қамтамасыздырмасы арасында.

Осы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру бізге проблеманы болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін кәсіби іс-әрекеттің негізі ретінде рефлексиялық құзіреттілікті тиімділігін арттыру деп анықтауға және тақырыбын «**Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері**» деп тандауымызға себеп болды.

Зерттеу нысаны – жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімін даярлау.

Зерттеу пәні - болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру процесі.

Зерттеу мақсаты: шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыруды теориялық түрғыда негіздеу және ғылымға негізделген эксперимент жүзінде тексерістен өткен әдістеме даярлау.

Зерттеудің ғылыми болжами: егер, рефлексивті құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері мен оны қалыптастырудагы өлшемдер анықталса, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру моделі жасалып, лингводидактикалық шарттары айқындалса, шеттілдік даярлық үдерісіне лингводидактикалық материалдар көрініс алған оқу әдістемелік кешені мен болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыратын технология жасалып ендірілсе, **онда** болашақ шетел тілі мұғалімі өз іс-әрекеті мен кәсіби маңызды қасиеттерін , өзін-

өзі дамытуын, бақылап бағалауын үйлестіре алатын дәрежеге жетеді, **өйткені** аталған механизмдер жиынтығы шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру процесі болып табылады.

Зерттеу міндеттері:

1. «Рефлексивтік құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтау және оның шетел тілі мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі маңызын негіздеу.
2. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық компонеттерін анықтау.
3. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау және лингводидактикалық шарттарын анықтау.
4. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың оқу-әдістемелік кешенін даярлау.
5. Рефлексивтік құзыреттілікті қалыптастырудың технологиясын ұсыну және оның тиімділігін тәжірибелі –эксперимент барысында тексерістен өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру кәсіби құзыретті маман даярлауға негіз болады.

Зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздерін: шеттілдік білім беру саласындағы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша нормативтік құжаттар, білім берудегі құзыреттілік амал, ғылыми таным мен оқыту үдерісіндегі рефлексивтік құзыреттілік туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық білім, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру туралы теориялар мен идеялар, лингводидактикалық және әдістемелік көзқарастар.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

теориялық: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, жоғары мектеп оқу-әдістемелік құжаттарды саралау, теориялық әдістер (тәжірибелік талдау); **эмпирикалық:** бақылау, сауалнама, әңгімелесу, тәжірибелік жұмыс жүргізу; **статистикалық:** математикалық-статистикалық талдау арқылы өндөу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні.

1.Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру теориялық түрғыда негізделіп, «рефлексивтік құзыреттілік» ұғымы нақтыланды;

2.Шеттілдік білім беру процесінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттарының жиынтығы анықталып, негізделді.

3.Шеттілдік білім беру барысында амалдар кешені (құзыреттілік, мотивациялық, тұлғалық-іс-әрекеттік, аксиологиялық) негізінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру моделі жасалды;

4.Болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік білім беру барысында рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың оқу-әдістемелік кешені

дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріліп, ғылыми негізделген ұсныстыар дайындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

1. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды «Рефлексивті практикум» атты тақырыпта оқу-әдістемелік кешені дайындалды.

2. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында пайдалануға болады.

Қорғауға мынадай қағидалар ұснылады:

1. Рефлексивті құзыреттілік – кәсіби өзін– өзі жетілдіру әдістері туралы білімді қалыптастыру; өз іс– әрекеттерінің деңгейін және кемшіліктерінің себебін көре біліп, оны шешуге дағылану қабілеті; кәсіби тәжірибесінде өз жетістіктерін өзін– өзі бағалау механизмін қолдануда қалыптасқан іскерлігі.

2. Лингводидактикалық шарттар (рефлексия алгоритімін пысықтау негізінде болашақ шетел тілі мұғалімінің интерактивті әдістерді қолдануы, кәсіби бағытталған іс-әрекетті болашақ шетел тілі мұғалімін рефлексивті – кәсіби тапсырмаларға тарту, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды рефлексиялық орта құру) шетілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді.

3. Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзіреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсаттың, міндеттердің, компонеттердің, кезеңдердің, мазмұнның, құралдардың, критерийлер мен көрсеткіштердің, деңгейлердің, шарттардың жиынтығын құрайды.

4. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыруды даярлаудың әдістемесі ЖОО оқу үрдісіне «Рефлексивті практикум» атты курстың негізінде дайындалған оқу-әдістемелік кешені болашақ мамандардың білімін толықтыруға және кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің дереккөздері-зерттеу мәселесі бойынша философтардың, педагогтардың, психологиярдың, әдіскерлердің ғылыми-зерттеу еңбектері, Білім және ғылым министрлігінің жоғары мектептің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар), ресми материалдар мен құжаттар, шеттілдік білім беру үрдісін ұйымдастыруды жинақталған әлімдік озық тәжірибелер мен автордың әдістемелік, ғылыми іс-тәжірибелері алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2017-2018жж) зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, сұрыпталды. Философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерге талдау жасалды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыруды нормативті құжаттар, интерактивті әдістердің тиімділігін анықтайтын мәселенің зерттелу жайы

анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды.

Екінші кезенде (2018-2019жж). Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, критерийлері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. «Рефлексивті практикум» арнайы курсы негізінде оқу-әдістемелік кешені дайындалды. Қалыптастыру эксперименті жүзеге асты.

Үшінші кезенде (2019-2020жж). Эксперимент барысында алғынған нәтижелер өндөліп, қорытындылар мен ұсыныстар жасалды. Эксперимент нәтижелері математикалық өңдеуден өтті. Оқу-әдістемелік құралы басылым көрді, пайдаланылған әдебиеттер жүйеге келтіріліп, диссертация талапқа сай рәсімделді.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы: Зерттеудің тәжірибелік базасы ретінде Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеттің 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенттері алынды. Экспериментке 74 студент қатысты.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі зерттеудің теориялық-әдіснамалық түрғыда дәлелденуімен, ғылыми аппараттың қысындылығымен, әдістер кешенін пайдаланумен, зерттеу деректерінің дәлелділігімен, зерттеу нәтижелерінің эксперимент жүзінде тексерістен өтуімен, сандық және сапалық талдаулардың үйлесімділігімен, оқу үрдісіне ендірілуімен қамтамасыздандырылды.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы мен жарияланымдары:

Диссертациясының қорытындылары мен нәтижелері автордың 16 ғылыми мақалалары мен баяндамаларында баспа түрінде жарияланды:

1. Педагогикалық жағдаяттарды шешуде рефлексияның рөлі, «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық мәдени-лингвистикалық көрністердің алуан түрлілігі» Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТ университеті халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары 2017 жыл 162-168 бб 29 қараша.

2. Болашақ шетел тілі мұғалімін дайындаудағы кәсби рефлексияның ерекшелігі, Международный научно-популярный журнал ISSN 2073-333X Наука и жизнь Казахстана № 2(57) 2018 Астана 2018

3. Development of pedagogical reflection in the professional training of a teacher of foreign language, Вестник КазНУ. Серия "Педагогические науки" Алматы, 2018

4. Peculiarities of reflection in solving pedagogical problems and situations, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(57), 2018

5. Criteria of reflexive competence of the future teacher of foreign language in professional activity. Journal Language research and teaching practice Volume 4, 2018 KIRaWL university named after Ablaikhan <http://jlrtp.ablaikhan.kz/index.php/4>

6. Pedagogical technology of forming the reflexive competence of the future foreign language teacher. 5-6 апреля 2019 г. Международная научно-практическая конференция «Переводческий мир аль-Фараби и трансформация межкультурных исследований в аспекте изучения иностранных языков»

7. Didactic condition for the identification of the potential of pedagogical disciplines in the training of future teachers of a foreign language to form their reflexive competencies in accordance with the specifics of their professional activities. Наука и жизнь Декабрьский номер №12/2 2019

8. “Case Study Method” As A Basis Of Forming The Reflexive Competence Of Future Teachers Of Foreign Language. Volume 6 - Number. 2 – 2019 ISSN: 2303-5528Journal of Foreign Language Teaching and Applied Linguistics Volume 6 - Number. 2 – 2019 ISSN: 2303-

9. Results of the level of formation reflexive competence of the future teacher of a foreign language. Международная научно-практическая конференция «Модернизация системы образования: тенденции, проблемы и перспективы. 2019, 18 октябрь.

10. Role of reflective environment in the course of vocational training in higher education institution. Proceedings of the International media conference of Association "Society for Academic Activity" (Serbia), November – December, 2019, Nis, Serbia.

11. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негізі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал №8 2020 жыл

12. Involving a future foreign language teacher in professionally activities by solving reflective tasks. Viral revolution and modern education: challenges and new opportunities. December, 2020International conference of Association "Society for Academic Activity", November – December, 2020г, Nis, Serbia.

13. The role of reflexive tasks in the formation of reflexive competencies of future foreign language teachers. Научные исследования и разработки, 69я Международная научная конференция, Евразийское Научное Объединение». № 11 (69) Ноябрь, 2020

14. The effectiveness of the group method in the formation of reflexive competencies of future teachers of foreign languages. I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті хабаршы ғылыми журнал №3(96) Талдықорған, 2020

15. The peculiarities of reflexive tasks in preparing foreign language teachers. материалы международного научно-методического онлайн-семинара «Интернационализация образования: актуальные методы преподавания иностранных языков для специальных целей» в рамках международной научно-практической онлайн-конференции 21-22 января 2021, Алматы, Казахстан

16. Model of enhancing reflexive competence of the pre-service FL teachers in universities. The Asian ESP Journal February 2021 Volume 17, Issue 1, Q1, Процентиль по языку и лингвистике 61, по лингвистике и языку 60, по образованию 28.

1. Оку-әдістемелік құрал «Reflective teaching practice», Almaty «Qazaq University», 2019, 8,1 б.т.

Диссертацияның құрылымы диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан (әрқайсысы үш тараушадан), қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының қекейкестілігі мен өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, нысаны мен пәні, негізгі болжамы мен міндеттері анықталып, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, зерттеу кезендері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен қагидалар, зерттеу нәтижелерінің макулдануы мен жарияланымдары баяндалған.

«Болашақ шетел тілі мұғалімін рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда ғылыми еңбектерге талдау жасадық, ол біз зерттеген тақырып аясында «рефлексия» және «құзыреттілік» санаттарын сәйкестендіруге, «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігі» ұғымын тұжырымдауға, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің құрылымы мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді.

«Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші тарауында шеттілдік білім беру үдерісінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді; шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген әдістерінің тиімділігін тексеру жүргізілді; шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру критерийлерін, көрсеткіштерін және деңгейлері анықталып тәжірибеге енгізілді.

«Рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың тәжербиелі-эксперимент жұмысы» атты үшінші тарауында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау, жүйелеу және жинақтау жүргізілді. Зерттеу болжамы растау деңгейі жүргізілді; зерттеудің негізгі ережелері мен қорытындылары тұжырымдалды және нақтыланды; диссертацияның қолжазбасы ресімделді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесі бойынша гипотеза дәлелдігі нақтыланды.

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері, қагидалары тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

1 БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІН РЕФЛЕКСИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Рефлексивтік құзыреттілік ғылыми ұғымының мәні мен мазмұны

Қазақстан Республикасының Болон процесі талаптары мен принциптеріне көшуі, еліміздің білім беру салаларының әлемдік нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған білім беруді дамытудың мемлекеттік стратегиясы. Сондай-ақ жоғары кәсіби білім берудің жана буындағы білім беру бағдарламасын жобалау және оны іске асыру құзыретті амалды енгізу қажеттілігін айқындайтын фактор болып табылады.

Жаһандық интеграциялық процестерге бағытталған шеттілдік білім беру жүйесін модернизациялау бойынша қолданыстағы мемлекеттік саясат, мамандарды мақсатты және практикалық даярлау үшін кәсіби қауымдастықтармен, тапсырыс және жұмыс берушілермен кәсіби және салалық байланыстың соңғы жылдары табысты қалыптасуына ықпал етті. Осылайша, кәсіби қоғамдастықтары бар салалық жоғары оқу орындары, кәсіби стандарттар мен білім беру бағдарламаларының сапасын дайындаушы және оның құрылымына жауапты бола алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек»- деп атап көрсетілген [1,б. 6].

Қазіргі уақытта шеттілдік білім беруде болашақ мамандардың арасында ақпараттың ғылыми және пәндік білімін қалыптастыруға бағытталғандыры. Мамандарды даярлауда кәсіби іс-әрекеттің мазмұны мен болашақ маманның іс-әрекет субъектілерінің нақты практикалық қарым-қатынасына көп көңіл бөлінеді.

Осыған орай, жоғары білімнің нәтижесі болып табылатын болашақ маман бойындағы құзыреттіліктерді қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Білім беру саласында тұрған үл мәселені тиімді шешудің нормативтік -құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [1,б. 6], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [3], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [4] қурайды.

Осылайша, шеттілдік білім беру саласындағы елеулі өзгерістер «тұлғаның еркін дамуына», шығармашылық бастамаға, дербестікке, бәсекеге қабілеттілікке, болашақ маманнның ұтқырлығына бағыттайты. Үл бірінші кезекте білім беру парадигмасының өзгергендігін болжайды.

XXI ғасыр мұғалімінің рөлі мен мәртебесін өзгерту үшін шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілік деңгейіне жана талаптар қояды. Үл талаптар келесіні қамтиды: сини ойлау қабілеті; білім беру инновацияларына ашықтық;

өз білімі мен қабілеттілігін вариативті шарттарға бейімдеу қабілеті (яғни әлеуметтік және кәсіптік ортаның тұрақты өзгеретін жағдайлары); жаңа мәселелерді шеше білу және кәсіби жауапкершілікті өзіне алу қабілеті; автономдық және әлеуметтік белсенділікке; кәсіби рефлексия, зерттеу және шығармашылық іс-әрекетке қабілеттілік; кәсіби өзін-өзі білім алу және өзін-өзі дамыту қабілеті.

Күзыреттіліктерді болашақ мамандар оку нәтижелері мен практикалық тәжірибе негізінде алады. Сонымен қатар, қазіргі қоғамға өз қабілеттерін, білімін, дағдыларын, белсенділігін және оның нәтижелерін көрсету жағдайында өзін-өзі дамытуды жүзеге асыра алатын тұлға қажет. Жеке тұлғаның рефлексивті әрекеттерді жүзеге асыру қабілеті - оның құзыреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби іс-әрекетіндегі табысының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы болашақ мамандарының шеттілдік білім беру әдістемесі бойынша базалық білім алуы, олардың бітірушіге әдістемелік дайындық бөлігінде қойылатын талаптарға сәйкес келуіне қол жеткізуінің қажетті шарты.

Міндетті пәндердің әрқайсысы, сондай-ақ базалық бағыттағы білімдерден тұратын пәндер, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етедіндігі анықталды. Сондай-ақ, олар менгеруі тиіс құзыреттіліктерді қалыптастырудағы сабактастық айқын байқалады.

Жалпы, гуманитарлық факультеттің болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үрдісі ЖОО сонымен қатар, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жалпы теориялық білім алудан бастап «Шеттілдік білім беру әдістемесі» пәні бойынша мамандануға дейінгі жоспарлы үрдіс ретінде көрінеді. Бұл болашақ шетел тілі мұғаліміне оку және болашақ кәсіби іс-әрекетінде қандай шарттарды қолдана алатынын түсініп қана қоймай, сонымен қатар осы шарттарды білім беру процесінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Қоғамның өзекті қажеттіліктеріне бағдар ала отырып, шеттілдік білім беру болашақ шетел тілі мұғалімін дайындау кезінде, жетекші міндет ретінде – өзін және езінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіретін, үздіксіз өзін-өзі оқытуға қабілетті дербес тұлғаны дамыту үшін жағдай жасауды қажет етеді, өйткені тек жоғары сезімталдықпен, білімді жедел жаңартуға, дағдылар мен біліктірдің арсеналын кеңейтетін мамандар ғана өздерінің кәсіби функцияларын еркін жүзеге асыра алады.

Болашақ шетел тілі пәнінің мұғалімінде іс-әрекеттің негізгі әдістемелік бағытын сақтай отырып, өзара іс-қымылдың немесе іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін қолдануға саналы көзқарасты қалыптастыру – кәсіби дайындық процесінің ерекшеліктерін анықтауды және осы процесті ұйымдастырудың әдістерінің, нысандары мен құралдарының кешенін өзірлеуді талап ететін басты міндет. Кәсіби дамудың тиімділігі, болашақ шетел тілі мұғалімнің тұлғалық өсуі, өзін-өзі танудың терендігі мен сапасы болып табылады.

ЖОО – да болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру өзінің жеке тұлғалық стилін табуға, кәсіби – тұлғалық өзін-өзі бағалауға қол жеткізуге, өз еңбегінің нәтижелерін болжауға және талдауға мүмкіндік беретін рефлексивті компоненттің маңыздылығымен байланысты. Біздің *пікірімізше*, рефлексиялық құзыреттілік кәсіби құзыреттілік құрылымына ғана кірмейді, кәсіби педагогикалық білім берудің қажетті құрамадас бөлігі ретінде әрекет етеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру ұғымының мәнін анықтау және құрылымын ашу мәселелерін ғылыми зерделеу үшін, ең алдымен біздің зерттеу нысанымыздың ұғымын ашу қажет болды.

Қойылған міндеттерді шешу үшін, болашақ шетел тілі мұғалімінің тарихи аспектіде рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастыру қажет. Бұл осы проблеманы шешудің жинақталған тәжірибесімен танысуға, қазіргі уақытта қалыптасқан әлеуметтік – тарихи алғышарттарды анықтауға, сондай – ак диссертациялық зерттеудің өзектілігін негіздеуге мүмкіндік берді.

Осы тараушада, қазіргі кезде жинақталған рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру саласындағы тәжірибелі зерттеген проблеманы шешу үшін жедел түрде көшіру мүмкін еместігін көрсетіп, оның қазіргі жай – күйін талдауға жүгінеміз. Бұл, ұғым рефлексивтік құзыреттіліктің ғылыми аппаратын жүйелеуге мүмкіндік берді.

Н.В. Алехиннің пайымдауынша, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін ұғымдық аппаратының құрылымын ерекше назарға аламыз [5]. Олар «құзырет», «құзыреттілік», «рефлексия», «болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігі» ұғымдары.

Бұл тұжырымдамаларды толығырақ қарастырсақ ең алдымен «құзырет», «құзыреттілік» ұғымын анықтаймыз. «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын, отандық, ресейлік және шетелдік зерттеушілер Л. А. Петровская, Т. Г. Баринова, А. Г. Бермус, Е. А. Быстрова, О. Е. Лебедев, И. А. Зимний, Н. В. Кузьмина, Л. М. Митина, О. Е. Лебедев, Е. В. Зеленский, А. В. Хоторский, Э. Ф. Зеер, Б. Оскарsson сондай-ак, қазақстандық ғалымдар: С. С. Құнанабаева, А. А. Жайтапова, М. Ж. Джадрина, К. К. Жанпеисова, К. Л. Қабдолова, Ж. Х. Салханова, К. У. Кунакова, Г. Д. Аульбекова, В. А. Болотов, В. В. Сериков, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Б. Туманова, Б. А. Аринова, В. Е. Абаев, Ж. Н. Бисенбаева және т. б. қарастырған.

Құзыреттілік амал шеттілдік білім берудегі көзқарас, түпкілікті нәтиже ретінде түлектің кәсіби дайындығын, білімін, дағдыларын, шығармашылық қабілеттер мен құзыреттілігін қолдана отырып, кәсіби іс-әрекет жағдайларында мәселені өз бетінше шешуге дайын және қабілетті, мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі ретінде қарастырады. Осыған байланысты болашақ шетел тілі мұғалімінің хабардарлығы емес, олардың білім беру процесінде туындастын мәселелерді шешу тәжірибесі және өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетін күшейту болып табылады.

С. С. Құнанбаева «...кәсіби дағдыларды өз бетінше шешуге, шығармашылық іскерліктер мен құзыреттерді пайдалануға, сондай-ақ ерекше мәдени-білім беру мәннәтініне тереңірек үңілуге және қабілетті тұлғаның интегралды сипаттамасы ретінде» шеттілдік білім берудегі құзыреттілік амал инновациялық процесс болып табылады және маманның кәсіби дайындығы деп қарастырады. Кәсіби білім беруде еліміздің стратегиялық дамуындағы технологиялар трансфертіне жаңа серпін беруге қабілетті, еліміздің инновациялық және кәсіби әлеуетінің сапалы жаңа деңгейіне көтерілетін, жаңа маманды қалыптастыруға арналғанын атап өтеді [6].

А.А. Жайтапова маманның кәсіби құзыреттілігін кәсіби іс-әрекетке теориялық және практикалық даярлық, кәсіби зиялыштырының көрсеткіші ретінде көрсетеді. Заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең менгерген ізденімпаз мұғалім қажет екендігін айта келе, оның құзыреттілігі кәсіби шеберлігінен көрінетіндігін атаған. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды және ол мұғалімнің өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық турде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі оның іс-әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізі болып табылады деген. А.А. Вербицкийдің пікірінше, кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің тұтас құрылымын қалыптастыру. Бұл кәсіби білім беруде маманның тұлғасын қалыптастыру мақсаттарына жету үшін қызметтің бір түрін (танымдық) екіншісіне (кәсіби) ауысуын, өзгеруін қамтамасыз ететін оқытуды үйімдастыру қажет дегенді білдіреді. қажеттіліктер мен мотивтердің, мақсаттардың, әрекеттердің, құралдардың, объектілер мен нәтижелердің сәйкес өзгеруі [7].

А.А. Вербицкийдің пікірінше, кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің тұтас құрылымын қалыптастыру. Бұл кәсіби білім беруде маманның тұлғасын қалыптастыру мақсаттарына жету үшін қызметтің бір түрін (танымдық) екіншісіне (кәсіби) ауысуын, өзгеруін қамтамасыз ететін оқытуды үйімдастыру қажет дегенді білдіреді. қажеттіліктер мен мотивтердің, мақсаттардың, әрекеттердің, құралдардың, объектілер мен нәтижелердің сәйкес өзгеруі [8].

Білім берудегі «құзырет» тұсінігін тіл теориясына қатысты XX ғасырдың 70-ші жылдарында АҚШ-та Н. Хомский енгізді. Сондықтан американдық ғалымдар құзыреттілікті кәсіби сипаттамасымен емес, субъектінің жалпы сипаттамасымен байланыстырады. Н. Хомский тіл мен құзыреттілікті ажыратады тұсінуін ұсынады, ол өз түрғысынан тіл жүйесін, ал құзыретте – нақты жағдайларда тілді пайдалануды білдіреді [9].

Құзыреттілік – бұл кәсіби іс-әрекеттің нәтижелі орындалуын қамтамасыз ететін жалпыланған ұғым. Бұл тұлғаның өз құзіреттілігін іске асыру қабілеті. Құзыреттілік қабілеттілік, шеберлік деп тұсіндіріледі. Құзыретті тұлға – бұл белгілі бір салада жеткілікті дағдылары, білімі мен қабілеті бар адам.

Бұғінгі таңда қоғам талаптарына сәйкес келетін мамандар қажет екендігі баршаға мәлім. Осыған байланысты біз Г. К. Селевконың құзырет және құзыреттілік терминдерінің ара– жігін ажырату туралы пікірін құптаймыз. Яғни, «құзыреттілік – бітірушінің даярлығынан көрінетін білім беру ресурсы» – деген тұжырымдама айтады [10,б. 163].

Іс– әрекет әдістерін, құралдарын нақты менгеруде білімді, іскерлікті, дағдыларды үштастыру нысаны қоршаган ортаны қайта құру бойынша мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Құзыреттілік – білім мен тәжірибеге негізделген іс– әрекетке жалпы қабілет пен дайындықта көрінетін тұлғаның интегративті сапасы.

М.В. Рыжаков: «Құзыретті болу, бұл жағдайда алған білім мен тәжірибелі жұмылдыру қабілеті» – дейді [11,бб. 12-24].

Ж. Х. Салхановың пікірінше, нақты іс– әрекет жағдайында менгерілген білімді, іскерлікті және тәсілдерін бір мезгілде жұмылдыруды тығыз байланыстырады. Құзыреттілік білімге де, қабілетке де қатысы жоқ. Білімі бар, бірақ оларды қажетті уақытта тиісті түрде қолдана алмайтын адамдарды кездестіруге болады. Құзыретті болу ғалым немесе білімді болу дегенді білдірмейді. Осылайша, құзыреттілік адам тәжірибесіндегі білім мен іс– әрекет арасындағы қарым– қатынас саласына айналады. Бұл байланыс айқын: білімсіз құзыреттілік жоқ, бірақ кез келген білім емес және кез келген жағдайда өзін құзыретті ретінде көрсете алмайды [12,бб. 83-84].

А.Ф.Присяжнаяның пікірінше педагогика ғылымында құзыреттілік – тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайдын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады [13].

Ал, Қ.С. Құдайбергенова: «Құзыреттілік ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көніл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым екендігін» атап өтеді [14].

Б.А.Тұрғынбаева [15] «өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атайды» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.В. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзыреттілік дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы» деп атап өтеді [16].

Ш.Т. Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында менгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс– әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктіліген қасиеті» – деп қарастырылады [17].

Құзыреттілік – бұл тұлғаның практикалық іс– әрекет жағдайында өз білімін іске асыруға дайындығы мен қабілеті. Тиісінше қәсіби құзыреттілікке тұлғаның қәсіби білімі, мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі, білім мен біліктілік деңгейін үнемі арттыру, оның әлеуметтік жетілуі (жұмысқа жауапкершілікпен қарау, шағармашылық, төзімділік) деп анықтайды.

Өз кезегінде, С.С.Құнанбаева «құзіret, құзыреттілік» ұғымын «әлеуетті бүтін» және «актуалдандырылған жеке» қарым– қатынасын көрсететін бірлік ретінде көрсетеді. Зерттеуші білім берудің мақсаты мен түпкілікті негізгі сапалы

нәтижесі ретінде білім беру үрдісінде контентті және оны қолдану нысандарын тандау үшін жүйе құраушы фактор ретінде әрекет ететін **«түлең –маман» моделін** құру кезінде көрініс табатын құзыреттілік жүйесін айқындайды [6,б. 65].

С.С. Құнанбаевың ғылыми еңбегінде осы ұғымдарға нақты шектеу мен негіздеңе беріледі: «құзырет, білім беру үдерісінде менгеруге қажетті құзыреттіліктің берілген мазмұны. Құзырет– бұл білім беру нәтижесі емес, зияткерлік– шығармашылық кәсіби әрекеті табысты жүзеге асыру тәжірибесі. Білім берудің соңғы жетістіктері «Кәсіби дайындық» болып табылады [6,б. 65].

Кәсіби білім беру педагогикасында құзыреттілік ішінара, өзін– өзі ұйымдастыру диспозициясы болып анықталады. Жеткілікті құзыреттілікке ие тұлға құзыретті болып табылады. Құзыреттілік, атап айтқанда, білім беру, біліктілікті арттыру, тәжірибе, өзін– өзі дамыту, бейресми оқыту, сондай– ақ өз білімін жетілдіру арқылы алынады [18,б. 251].

С.Е. Шишов, Т.Э. Kocharyanның құзыреттілікті тұлғаның білім, іскерлік, тәжірибе деп айтқан анықтамасына қосыламыз. Бұл нақты әлеуметтік– кәсіби ахуалда тұлғаның білімдерін, іскерліктер мен тәжірибесін жұмылдыру қабілеттігін негіздейді. Осыған орай, құзыретті маманың кәсіби іс– әрекетте өз білімін, іскерлігін, қабілетін, сондай– ақ іс– әрекеттерді орындауда жалпыланған тәсілдерін білдіреді деп айтуға болады [19].

Сонымен қатар, орыс тілі сөздігінде (Словарь русского языка) «Құзырет» деген ұғымды «құзыретке ие» деп түсіндіреді. «Құзырет» осы kontekste қандай да бір адамның өкілеттілік шенбері ретінде қарастырылады [20,б. 85].

Г.Б. Жұмабекова шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлау жүйесіндегі құзыретті амал мәдениетаралық коммуникация субъектісінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін негіз болып табылады, атап айтқанда құзырет пен құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған деп тұжырымдама береді [21,б. 143].

Осылайша, біз «құзырет» ұғымын «құзыреттілікке» қатысты кеңірек қарастырдық, яғни, құзыретті маман бірнеше құзыреттілікке ие бола алады. Тиісінше, «құзыреттілік» ұғымы білімге қарағанда икемділік саласына көп жатады. Құзыреттілік білімге де, дағыларға да түспейді, бірақ оларды қамтиды. Білім мен құзыреттілік өзара ерекшеленеді. Құзыреттілік– нақты міндетті шешуге мүмкіндік беретін әрекеттерді табу қабілеті.

Осыған орай, құзыреттілік парадигмасына көшу қажеттілігі мамандардың біліктілігіне жоғары талаптар қоятын қазіргі еңбек нарығына байланысты болып отыр. Көптеген білім беру бағдарламаларында «құзыреттілік» ұғымы белгілі бір салада табысты іс -әрекет үшін білім, дағды мен жеке қасиеттерді қолдана білу ретінде анықталады.

Бұл жұмыс беруші мен қоғам үшін құзыреттіліктің негізгі көрсеткіші болып табылатын оқу нәтижелерінің сәйкестік деңгейі деп анықтауға болады. Құзыреттілікке негізделген амалдың мәні: білім беру процесінде болашақ мамандар өндірістік мәселелерді табысты шешуге және басқа тұлғалармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін интегралды әлеуметтік және кәсіби сапаны дамыту деп айтуға болады.

Ғылыми еңбектерді талдау барысында ЖОО – да оқу нәтижесінде алған білім, білік, дағды және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған іс– әрекет тәсілдері ретінде «құзыреттілік» терминінің жалпылама анықтамасын беруге мүмкіндік берді.

Бұл зерттеу жұмысында біз құзырет және құзыреттілік терминдерін шеттілдік білім беруде бір– бірімен тығыз байланысты ұғымдар ретінде қолданамыз: меңгеруге қажетті белгілі бір білімді, іскерліктің және дағылардың қалыптастыру, ал белгілі бір білімнің, іскерліктің және дағылардың қалыптасу деңгейі оларды меңгеру деңгейін (құзыреттілікті) анықтайды. Талқыланатын тақырып шеңберіндегі құзыреттілік білім деңгейін білдіреді, яғни білім алушылардың бірқатар әлеуметтік қажетті құзыреттерді (ғылымда негізгі деп аталған) меңгеруі, олар субъектіге бейтаныс жағдайда барабар әрекет етуге мүмкіндік береді.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының анықтамаларына талдауға сүйене отырып, олар өте жақын және өзара шарттас екені айқындалды. Олардың арасында бұл ұғымдар маңызды айқындаушы ретінде сипатталады. Бұл ретте құзыреттіліктің ең айқын айырмашылықтарын атап өту керек:

- белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкестігі;
- пәндік аймақ;
- білім алушының дайындық сапасының жалпы сипаттамасы;
- белгілі бір саладағы табысты тәжіриbesі;
- тұлға іс–әрекетінің көпаспекті сипаттамасы, сондай– ақ оның білімі мен біліктерінің диапазоны мен терендігімен, кәсіби саладағы стандартты емес міндеттерді шешүге және бейімделуге қабілеттілігі.

Құзыреттіліктің барлық басқа да түсіндірмелері осы анықтамаларға қайшы келмейді, бірақ сонымен қатар оның мәнін толық көлемде көрсетпейді, сондықтан біз құзыреттіліктің жеке анықтамасын ұсыну қажет деп есептейміз, оның шеңберінде біз болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін анықтаймыз және зерттейміз.

В.А. Болотов, И.А. Зимняя, В.В. Краевский, В.П. Сериков, А.И. Симонова, Н. Хомский, А.В. Хугорский және т. б. жоғарыда берілген анықтамаларға сүйене отырып, біз жеке тұлғаның қалыптасқан құзыреттілік негізінде қандай да бір іс– әрекетте тиімді өзін– өзі жүзеге асыру қабілеті деп түсінеміз.

Білім беру процесінде «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы мұғалімге қойылатын кәсіби талаптар жиынтығын білдіреді және «құзыреттілік сипаттамасы», «тұлға профессиограммасы», «кәсіби дайындық», «кәсібилік» (Е. И. Рогов, Н.В. Кузьмина, О.М. Шиян және т.б.) терминдерімен қолданылады. Бұл мәселені сипаттай отырып, аталған санаттар ерекше мағыналы реңктері бар және әр түрлі контекстerde қолданылады.

С.А. Дружилов: «Маманның кәсіби құзыреттілігі – бұл көп факторлы құбылыс дей келе, мұғалімнің теориялық білімдерінің жүйесін және оларды нақты педагогикалық жағдайларда қолдану тәсілдерін, педагогтің құндылық бағдарын, сондай– ақ оның мәдениетінің интегративті көрсеткіштерін қамтиды» деп тұжырымдама береді.

Кәсіби құзыреттілік маманның кәсіби дайындық сатысында қалыптасады. Маманның кәсіби құзыреттілігі-әрекет етуші санат, өз функцияларын орындау кезінде білім, білік және тәжірибе жинақтарын басқару қабілеті. Кәсіби құзыреттілік оқыту үрдісінде пайда болады. Өз бетінше жұмыс істеу нәтижесінде ол біртіндеп жоғары шеберлік болып саналатын кәсіпқойлыққа айналады, кәсіпті терең менгеруді сипаттайды, оқыту процесінде менгерген ақпаратты шығармашылықпен пайдалана білуден көрінеді» [22,бб. 31– 33].

О. М. Бобиенконың пікірінше: «Құзыреттілікке анықтама берудің барлық әрекеттері үшін ортақ, оны индивидтің нақты жұмысты орындау үшін қажетті білім, білік және дағдылар жиынтығы ретінде әртүрлі міндеттерді орындау қабілеті ретінде түсіну болып табылады» [23].

«*Кәсіби құзыреттілік*» ұғымы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін құрайтын құрылымдық құрамы деп түсінеміз. Ол рефлексия саласындағы теориялық білім мен практикалық біліктердің жосегары деңгейімен, жосегары кәсіби білім беру баздарламасын менгеру үрдісінде білімдер мен біліктерді қолдану қабілеттілігімен анықталады.

Кәсіби құзыреттілік деп – біз адамның қандай да бір салада игерілген білімдерді, дағдыларды тәжірибеде тиімді жүзеге асыру қабілетін түсінеміз. Рефлексивті құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі құрылымында ерекше рөл атқарады. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің құрылымына кіретін рефлексивті біліктердің, дағдылар мен тәсілдердің жиынтығы, олардың тұрақты кешенін – болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырады.

«*Осылайша, кәсіби құзыреттілік, біздің пікірімізше, ғылыми – теориялық, білім жүйесін қамтитын, маманның жеке тұлғасының салалы сипаттамасы болып табылады және әлеуметтік – кәсіптік саладағы міндеттерді шешу үшін білім мен тәжірибелі қолдану қабілеті мен дайындығымен байланыстырылады. Кәсіби құзыреттілік деп біз адамның қандай да бір салада игерілген білімдерді, дағдыларды тәжірибеде тиімді жүзеге асыру қабілеті деп анықтадық.*

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігі базалық құзыреттілікті тексеру және түзету мүмкіндігін қамтамасыз етеді, оның кәсіби позициясын, сыни ойлауын, проблеманы шешудің баламалы жолдарын көру қабілетін қалыптастыруға, онтайлы тандауды жүзеге асыруға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға ықпал етеді. Тек рефлексивті мұғалім өз кәсібінің шебері бола алады және өсіп келе жатқан ұрпақтың тұлғалық дамуының кәсіби міндеттерін шеше алады.

Шеттілдік білім берудегі рефлексияның ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі туындалған отыр. Яғни, тұлғаның өз іс-әрекетін түсінуге бағытталған іс-әрекеті, шеттілдік білім берудегі практикалық қыындықты жою процедуrasesы болып табылады. Рефлексия көмегімен алынған білімді түсіну және қайта түсіну процесі жүреді.

Мамандықта қалыптасу жолындағы болашақ шетел тілі мұғалімінің маңызды кәсіби қасиеттерінің бірі, оның дайындығы мен рефлексияға қабілеттілігі болып табылады. Рефлексия болашақ маманға өзінің ішкі әлемін

түсінуді, ішкі жағдайлардың өзін-өзі ұйымдастыруын және кәсіби іс-әрекеттің маңыздылығын қамтамасыз етеді.

А.А. Деркачтың пікірінше, рефлексия механизмін менгеру дәрежесі кәсібіліктің жоғары деңгейін білдіреді [24].

Рефлексияның негізгі функциялары - сыни талдау, логикалық негіздеу, жеке және әлеуметтік білімді жалпылама жүйелену. Рефлексия - кез келген маманның жоғары білікті кәсіби жұмысының негізгі компоненті. Рефлексияға белгісіздік дәрежесі жоғары жағдайда әрекет етуге дайындық, шешім қабылдаудағы икемділік, инновациялар мен жаңалықтарды енгізуге деген ұмтылыс, кәсіби мәселелерді шешудің стандартты емес әдістерін табуға үнемі назар аудару, стереотиптерді қайта қарау мүмкіндігі, кәсіби және коммуникативтік тәжірибе кіреді.

Кәсіби іс-әрекетті рефлексия барлық артықшылықтары мен кемшіліктерімен өзін қабылдауға ықпал етеді; коммуникативтік қарым -қатынаста өзін және басқаларды тану; эмоционалды қарым -қатынас орнату және бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру.

Қазіргі кезеңгі оқыту әдістемесінде рефлексия белсенді түрде қарастырылада. Оның даму бастамасын бірінші кәсіби іс-әрекеттерінен қалыптастыру керек, өйткені рефлексия үйлестіруші және интегралдаушы ретінде бастама алады. Оның қалыптасу дәрежесі мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетінде қаншалықты үйлестіре және біріктіре алатындығынан көрінеді. Мұғалімнің бойында рефлексия туралы білім емес, оны практикада қолдана алу ерекшелігі болуы қажет. Типтік емес кәсіби міндеттері шешуде, интегралдық сипаттама ретінде рефлексивті құзыреттілік тиімді болып саналады [25].

Ғылыми зерттеулерде (О. С. Анисимов, И. И. Казимирская, С. С. Кашлев, Ю. Н. Кулюткин, В. А. Сластенин, Т. С. Сочень, Г. С. Сухобская, И. Г. Татур, Г. П. Щедровицкий және т. б.) рефлексия мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің өзіндік компоненті ретінде қарастырылады. Көптеген зерттеулерде (А. А. Ахаян, В. А. Болотов, О. Е. Лебедев, Л. М. Митина, В. В. Сериков, Т. И. Шамова, М. А. Холодная) педагогикалық міндеттерді шешу кезінде субъектіде бар білім мен іс-әрекет тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беретін барлық жеке ресурстарды жұмылдыру құралы және өзін— өзі дамыту тетігі болып табылатыны дәлелденген.

А.В. Хуторской: «Рефлексия білім беру үдерісіне қосылудың объективті себебі-құзыреттілікті педагог бере алмайды, оны студенттің өзі оқу іс-әрекеті барысында алады» – дейді [26,бб. 55-61].

Т. А. Колышеваның пікірінше, рефлексия мұғалімге директивті талаптар мен нұсқауларды формальды орындаушыдан, өз іс-әрекеті саласындағы идеяларды, тәсілдерді, технологияларды шығармашылық интерпретациялауға қабілетті маманға айналдыруға мүмкіндік береді деп атап өтеді [27,б. 51].

И. А. Стеценко рефлексия мұғалімнің жеке және кәсіби дамуының басты құралы деп атайды. Яғни, «Қазіргі заман талаптарына жауап беретін кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру, үнемі өзін— өзі білім алу қажеттілігі мен оған дайындықпен ерекшеленеді» [28,б. 15].

О. И. Рубанова «Рефлексия индивидтің өз іс– әрекетіне және өзіне субъект ретінде зерттеу позициясын алу қабілеті ретінде оның тиімділігін талдауға, ұғынуға және бағалауға, әрі қарай дамуды болжауға мүмкіндік береді», – деп есептейді [29, б. 36].

Көптеген зерттеулермен рефлексияның дамуы болашақ мамандардың білім сапасын, іскерлігін және дағдысын жақсартуға, олардың өздігінен білім алу, өзін– өзі жетілдіру қажеттілігін арттыруға ықпал ететіндігі дәлелденген. Рефлексия мұғалімнің кәсіби даярлығының теориялық және практикалық компоненттерінің арасындағы алшақтықты женуге ықпал етеді. Ол шашыраңқы пәндік білімдерді біріктіріп, оларды біртұтас тұтастыққа айналдырады, іс– әрекеттің жаңа қағидаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Дж. Дьюи адамның кәсіби іс– әрекетін дамытуға бағдарлануы немесе оның өзгеруі алдыңғы тәжірибелі рефлексивті талдау нәтижесінде ғана орын алады дейді [30].

Мұғалімнің кәсіби өсуінің педагогикалық іс– әрекетінің рефлексиясына тікелей тәуелділігін американдық зерттеуші Г. Дж. Познер таным және функционалдық тәуелділік формуласын шығарды: «тәжірибе + рефлексия = даму» [31, р. 30].

Сондықтан, рефлексияны дамытуды кәсіби қасиеттерді қалыптастырудың ең алғашқы қадамдарынан бастау қажет, себебі барлық басқа қасиеттерге қатысты рефлексивтілік үйлестіруші, ұйымдастырушы және интеграциялаушы бастау ретінде әрекет етеді. Оның қалыптасу дәрежесі маманның кәсіби іс– әрекетті тиімді іске асыру үшін өзінің барлық өзге де қасиеттерін үйлестіріп, біріктіре алатындығынан көрінеді.

С. Ю. Степанов рефлексивті құзыреттілікті жеке тұлғаның кәсіби сапасымен атады. Ол өзін– өзі дамыту мен дамытуды қамтамасыз ететін рефлексивті процестерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, кәсіби іс– әрекетке шығармашылық көзқарас, оның барынша тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізу [32, с. 5-14].

Осыған орай, кәсіби іс– әрекетті дамытудағы рефлексивті құзыреттіліктің маңызды рөлі, мұғалімнің өз еңбегін түсіне талдау және оқыту үрдісін тиімді дамыту деп айтуды болады.

В. Н. Раскалинос тұрғысынан, «тұлғалық және кәсіби тәжірибелі қайта пайымдаудағы рефлексивті құзыреттіліктің рөлі зор, ол жаңа кәсіби эталондар мен стандарттарды қалыптастыруға ықпал етеді» дейді [33].

С.С. Құнанбаева рефлексияны көп функционалды құбылыс, оның негізін өзіне тән келесі функциялардан анықтайды:

- өзін– өзі дамытуға, жетілдіруге, ұйымдастыруға, үлгі бойынша өзін құрастыру;
- шығрамашылығы мен өзін– өзі дамытудағы рефлексивтік дамытушы әрекет ретінде қалыптасқан тұлғаның ішкі әрекеті;
- қол жеткізген жетістіктерін рефлексивтік түрде бағалай отырып талдау, кемшиліктерін өзі түзету [6, с. 186].

Рефлексивті құзыреттілік Ю. В. Кушеверская атап өткендей, жеке тұлғаның

сапасы ретінде анықталатын кәсіби құзыреттіліктің жүйе құраушы компоненті ретінде сипатталады. Ол өз іс– әрекеттерін бағалауды барынша тиімді және барабар жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл даму мен өзін– өзі дамытуды қамтамасыз етеді, кәсіби іс– әрекетке шығармашылықпен қарауға, оның тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуге ықпал етеді [34].

В.А. Метаева рефлексияның акмеологиялық сипаттың көрсетеді, өйткені ол тұлғалық және кәсіби дамуында жоғары нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етеді. «Рефлексивті құзыреттілік» акмеологиясында кәсіби құзыреттіліктің барлық басқа түрлерінің барабар дамуына ықпал ететін метакомпетенттілік ретінде қарастырылады. В. А. Метаеваның зерттеулерінде өткізілген рефлексия «барлық мамандардың қызметінде жүйе құраушы элемент болып табылады және олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға әрекет етеді» [35, с. 57-61].

П. Г. Щедровицкий рефлексия негізгі сәттерінің бірі кәсіби құзыреттілігі деп айтады [36, с. 47-66]. Беларусь зерттеушілерінің пікірі бойынша (А. И. Жук және Н. Н. Кошель) кәсіби құзыреттілігі арнайы іс– әрекетті игерудің нәтижесі, оның рефлексия әдісі және даму механизмі болып табылады [37, с. 41]. Мұндай контексте рефлексия кәсіби құзыреттіліктің жүйе құраушы факторы болып табылады.

Е.В. Рогулина рефлексия кәсіби құзыреттіліктің әртүрлі түрлерінің дамуына негіз қалаушысы ретінде әсер ететінін көрсетеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің құралдары мен әдістеріне қатысты стереотиптерді жеңудің тетігі болып табылады, яғни кәсіби тұжырымдамалық аппарат пен оның жеке тәжірибесі арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Шын мәнінде, кәсіби білім тиісті рефлексивті өндеусіз іс-әрекетке тікелей басшылық ете алмайды, ал егер ол әрекет етпесе, практикалық іс-әрекет тәжірибесі жеткілікті тиімді болмайды [38].

Өз кезегінде, П. Тейяр де Шарден рефлексия– бұл сана– сезімге бейімделген, өзіне назар аударудың және өзінің ерекше тұрақтылығына ие зат ретінде менгерудің ерекше қабілеті, тек қана тану қабілеті емес, өзін– өзі тану қабілеті деген пікір айтады [39].

М. В. Захарченко педагогикадағы рефлексияны теориялық білім көзі ретінде анықтайды [40]. Б. З. Вульфов, В. Н. Харькин кәсіби педагогикалық рефлексия кез келген басқа кәсіби рефлексия ретінде қарастырады. Өзінің педагогикалық тәжірибесімен байланысты салаларда А. А. Бизяева, Ю. Н. Кулюткин педагогикалық рефлексия педагогтың өз іс– әрекетінде аналитикалық позицияда болу қабілеті ретінде сипаттайтыны.

М. И. Дьяченко, А. К. Маркова және О.А. Корнилова мұғалімнің кәсіби рефлексиясын сипаттай отырып, оның ішкі әлемін тану, кәсіби іс– әрекетіне байланысты өз ойларын талдау, әріптестері мен басқа да қарым– қатынас субъектілерінің қалай қабылдайтынын түсіну ретінде атап көрсеткен [41, 42].

С. К. Кондратьева, В. А. Кривошеев, Н. В. Кузьмина, А. А. Реан педагогикалық рефлексия болашақ маманның қабылдау процесін қамтамасыз ететін педагогтың әлеуметтік-перспективалы қабілеттерінің компоненті ретінде өзін-өзі дамыту принципі ретінде көрсетеді [43; 44, с. 77-81].

С.С. Құнанбаева рефлексия (субъекті өз оқытуының нәтижелері мен

барысын ұғыну)-шет тілді оқытудың интерактивті міндеттерінің бірі деп атайды [6,с. 71] және шеттілдік білім берудің әдіснамалық принципі ретінде *когнитивті-дамытушылық – рефлексивті принципті* бөліп көрсетеді. Сонымен қатар, С.С. Құнанбаева рефлексияны өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау рефлексияның ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастыrsa, ал рефлексия, өз кезегінде, мұғалім дамуының негізгі векторы болып табылады дейді [6,с. 71]. Осыға орай, мұғалімнің кәсіби әлеуеті көбінесе өз құзыреттілікті жетілдіру қабілетіне байланысты екендігін тұжырымдаймыз.

А.Т. Чакликова «рефлексия, шын мәнінде, тұлғаның мақсатты болжайтын, өзін-өзі реттейтін, өзін – өзі бағалайтын, танымдық-шығармашылық және коммуникативтік іс-әрекетін қалыптастыратын және түпкі мақсатқа жетуді – «мәдениетаралық коммуникация субъектісінің» қалыптасуын қамтамасыз ететін психологиялық механизм ретінде көрсетеді [45,с. 138]. Осы тұжырымдамаға қосыла отырып, болашақ шетел тілі мұғалімі шеттілдік қарым-қатынасқа түсude рефлексивті құзыреттілік негіз болып табылады деп ойлаймыз.

Боуд, Кеог и Уокер рефлексияны мұғалімдердің зияткерлік және кәсіби өсуіндегі маңыздылығына назар аудара отырып зерттеді. Рефлексивті мұғалімдер оқыту жағдайында өз мәселелерін шешуге мүмкіндік алады, сонымен қатар өзіндік оқыту стилінде нақтылауға қол жеткізуінде жолдарын іздейді [46,р. 18-40].

Көптеген зерттеулермен рефлексияның дамуы болашақ мамандардың білім сапасын, іскерлігін және дағдысын жақсартуға, олардың өздігінен білім алу, өзін– өзі жетілдіру қажеттілігін арттыруға ықпал ететіндігі дәлелденген. Осыған қарамастан, болашақ мамандар рефлексияны өзін-өзі дамыту, бағалау, бақылау құралы ретінде түсінбейді. Рефлексия әрқашан он деп бағаланбайды. Эмпирикалық дәлелдерге сүйене отырып интеллектуалды жұмысты тым көп дәрежеде сезінуі қолайсыз салдарларға кедергі келтіруі мүмкін екендігінің айғақтайды. Рефлексивті құзыреттіліктің тәжірибедегі кері әсер ететін факторлары: мақсатқа жету үшін шамадан тыс күш салуға бейім еместігі, уақыт пен ақпараттың жетіспеушілігінен стресс жағдайында шешім қабылдау қыындықтары, қол жетімді міндеттерді орындау мерзімдерін бұзу тенденциясы және көшбасшылық қасиеті төмен және басқалар үшін жауапкершілікті өз мойнына алу әдеттен тыс нәрсе.

Біздің зерттеу үшін С.С. Құнанбаева ұсынған рефлексия анықтамасы өзекті болып табылады.

Ең бастысы – шеттілдік білім беру үдерісінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру. Рефлексивті құзыреттілікті дамыту мәселесі келесі ғалымдардың жұмысына көрініс табады: О.А. Алмабекова, Н.В. Дулова, О.В. Гулеева, С.В. Козлов, Ю.В. Күшеверская, А.В. Майер, Л.В. Маренникова, Н. В. Миненко, Н.Л. Нестерова, О. В Павлова, М. В. Петровская, Я. В. Смирнова, Е. Н. Соловова, Е. Л. Ушакова, С. Н. Цымбал [47-48; 49,с. 65–72].

О.А. Алмабекованың пікірінше, заманауи маман кәсіби іс– әрекетінде жеткілікті ақпарат алуға үмтүлуға міндетті. Ол өз әрекетін бағалауды жүзеге

асыруға, сонымен қатар мінез— құлық бағытын дұрыс тандау және өз белсенділігін қалыптастыру үшін әріптердердің тәжірибесін талдауға міндетті. Егер маман жоғарыда аталған шарттарға жауап берсе, бұл жағдайда рефлексивті құзыреттілікке ие екенін көруге болады [49, с. 65–72].

В.Н. Журконың пікірінше, рефлексивті құзыреттіліктер кәсіби рефлексия дамуының негізі болып саналады. Оларсыз «жаңа білімді, ұсынымды, іс–әрекеттің жана әдістерін қалыптастыру» деген тұжырымдама айтады [50, с. 24].

С.Ю. Степановтың анықтамасы бойынша рефлексивті құзыреттілік– бұл «рефлексивті процестерді тиімді және барабар жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның кәсіби сапасы, бұл даму мен өзін– өзі дамытуды қамтамасыз ететіндігін, кәсіби іс–әрекетте шығармашылық тәсілге, оның барынша тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді» дейді [51, с. 35–38].

В.К. Елисеевтің рефлексивті құзыреттілігі тұжырымдамасында педагогикалық іс–әрекет субъектісінің психологиялық қасиеттерімен сипатталады, олардың ішінде ең маңыздысы: өзін– өзі сынау, өзін– өзі бағалау, өзін– өзі бақылау және өзін– өзі талдау [52, с. 8–13].

«Рефлексивті құзіреттілік» анықтамасында Л.П. Качалова өзінің маңызды сипаттамаларын атап өтті, мысалы: рефлексия мен бақылауға дайындық және қабілеттілік, олардың жоспармен және оны жүзеге асыру жағдайымен сәйкестігін салыстыру арқылы және оны қайта ойлау арқылы [53].

Рефлексия мәселесіне көзқарасты қарастыра отырып Н. В. Лукьянчикова, Р. М. Чудинский қазіргі уақытта рефлексивті процестерді түсіндіруде екі тәсіл бар екендігін атайды: өз санағы мен іс–әрекеттің рефлексивті талдау; рефлексия тұлға– аралық қарым– қатынастың мағынасын түсіну ретінде. Рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуының белгісі рефлексия. Рефлексивті іс – әрекеттің түрі– өзіндік оқу жұмысын талдау және өзге білім алушылардың жұмысын талдау, өзін– өзі түсіну және басқа білім алушыларды ұғыну, өзін– өзі тану және басқа білім алушыларды түсіндіру болып табылады [54, с. 165–171].

Т.Н. Таброско жоғары оқу орнының болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі стратегиясы, рефлексияны қамтамасыз ететін жағдайларды құрудан тұрады [55, с. 76–79]. Біздің ойымызша, оқытушының өзінің рефлексивті құзыреттілігі, бұл маманды рефлексия деген не, оны өзектендіру тәсілдерін пайдалану, болашақ шетел тілі мұғаліміне құндылық қарым– қатынас және рефлексия туралы білімнің болуын көздейді.

Шетел тілінің болашақ мұғалімін қалыптастыру, одан өз жұмысының түпкілікті қорытындыларын алдын ала болжай білу және максатқа тез жетуге ықпал ететін әр түрлі тәсілдерді, формаларды тандай отырып, қол жеткізудің кезең– кезеңімен тактикасын жасау іскерлігін дамытуды талап етеді. Бұл ретте шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінде, кәсіби іс–әрекетті жүзеге асыру барысында өзін– өзі бақылау және өзін– өзі жетілдіру іскерлігін құру қажет.

Рефлексивтік құзыреттілік, жеке құзыреттіліктің кез келген басқа нысаны сияқты:

- 1) проблеманы барабар түсінуді;

2) қолда бар ресурстарды іске қосумен және іс– әрекетті тиімді орындауды;
3) зерделенетін объектілерге, күбылыстарға, жағдайларға қатысты пікірлерді шығаруды;

4) белгісіздік жағдайында шешімдер қабылдауды, тиімді стратегияны тандауды қамтамасыз ететін функцияларды орындауды.

Рефлексивті тәжірибелің әрбір деңгейінде осы функцияларды орындау үшін құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері ретінде қарастыруға болатын белгілі бір жана түзілімдер қалыптастырылуы тиіс.

Зерттеу жұмыстарына сәйкес О. А. Полищук рефлексивті құзыреттілік– рефлексивті қабілеттілікті жүзеге асыруды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның кәсіби сапасы деген тұжырымдама айтады.

Ю. В. Кушеверская болашақ маманның рефлексивті құзыреттілігі туралы зерттеу нәтижелері негізінде оның кәсіби сана мен өзін– өзі танудың дамуына әсерін дәлелдейді [56, с. 310-315].

О. Б. Модулина рефлексивті құзыреттілік тұлғаның кәсіби жетілуінің маңызды факторы деп, кәсіби іс– әрекеттің дамуы мен қалыптасуының ең тиімді түрі ретінде өзін– өзі дамуды анықтайды [57, с. 26-32].

«Педагогтың рефлексивті құзыреттілігі» түсінігі Г. А. Полякова мен И. А. Стеценко пікірі бойынша «тиімді кәсіби іс– әрекет үшін қажетті рефлексивті құзыреттіліктердің жиынтығын менгеру дәрежесін сипаттайдын тұлғаның интегративті сапасы» болып табылады [58].

Рефлексивті құзыреттілік, С. Ю. Степановтың анықтамасы бойынша, бұл «рефлексивті процестерді тиімді және барабар жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның кәсіби сапасы дейді [59, с. 5-14].

Рефлексивті құзыреттілік болашақ маманның деңгейлеріне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес пәндік білімдерді, тиімді формаларды, әдістер мен оқыту құралдарын тандауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің білімі мен іскерлігін рефлексивті ұғынудың болмауы педагогикалық қателікке әкелуі мүмкін. Яғни, болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби– тұлғалық қасиеттері сипаттамасын қамтитын рефлексивтік құзыреттіліктердің жиынтығы, білімді, іскерлікті, дағдыларды, кәсіби және өмірлік тәжірибелі пайдалана отырып, рефлексивтік іс– әрекетке дайындығы мен қабілеттің қалыптастыруға үлкен қадам жасайды.

Алайда, осы еңбектердің болуы және рефлексивті құзыреттілікті дамытудың тиімді алғышарттары болып саналады. Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби даярлығының мұндай аспектісі олардың рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру сияқты шеттілдік білім беру тұжырымдамасы мен практикасында көрініс таппағандықтан, атап айтқанда, қалыптастасын құзыреттілікті дамытудың тұтас тұжырымдамасы жоқ, сонымен қатар оның тиімді іс– әрекет етуінің дидактикалық шарттары құрастырылмаған.

Рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі болашақ шетел тілі мұғалімі кәсіби іс– әрекетті тиімді іске асыру үшін, өзінің барлық басқа да қасиеттерін үйлестіре және біріктіре алу болып табылады.

Теориялық және практикалық зерттеулерді талдай келе, шеттілдік білім

беруде болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексия бойынша білімі жеткіліксіз екендігі анықталды.

«Болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігі» ұғымы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрылымына кіретін рефлексивтік біліктердің, дағдылар мен тәсілдердің жиынтығы болып табылады, олардың тұрақты кешенін құрайды, оның негізгі міндеті мұғалімнің бақылау– бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруы болып табылады.

Рефлексивті құзыреттілік педагогикалық іс– әрекет субъектісінің психологиялық қасиеттерімен сипатталады, олардың ішінде ең маңыздысы: өзін–өзі сынау, өзін– өзі бағалау, өзін– өзі бақылау және өзін– өзі талдау [60, с. 8-13].

Осыдан келе, болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігін дамытуын қамтамасыздандыратын келесі негізгі іс-әрекет ықпалдарын анықтадық.



Сурет 1 - Болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілікін калыптастыруға бағытталған іс-әрекеттері

Біздің зерттеуімізде С.С. Құнанбаевың тұжырымдамасына сүйенеміз. Бұл категория болашақ шетел тілі мұғалімнің тиімді рефлексиялық іс– әрекетке дайындығы мен қабілеттілігі ретінде қарастырылады. Тұлғаның интегралдық қасиетін құрылымдық түрде көрсетеді және рефлексивті іс– әрекет теориясы мен практикасының синтезіне негізделген. Бұл өз түрғысында рефлексивті мәселелерді шешу, олардың барысы мен нәтижелерін талдау және кәсіби іс-әрекетке тиісті түзетулер енгізу. Яғни, рефлексивті құзыреттілік–шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімнің кәсібілігін, оның әдістемелік шеберлігін арттырудың қажетті шарты. Рефлексивті құзыреттілік – жалпы кәсіби құзыреттіліктиң құрамдас бөлігі, оның барлық құрамдас бөліктеріне енетін және олардың динамикасын қамтамасыз ететін интегративті элемент.

Сонымен, ғалымдардың ойларын тұжырымдай келе рефлексиялық құзыреттілік– кәсіби өзін– өзі жетілдіру әдістері туралы білімді

қалыптастыру; өз іс—әрекеттерінің деңгейін және кемшиліктерінің себебін көре біліп, оны шешүге даярлану қабілеті; кәсіби тәжістіктерін өзін—өзі бағалау механизмін қолдануда қалыптасқан іскерлігі деп түсінеміз.

Рефлексиялық құзіреттілік ғылымда қабылданған құзіреттілік пен құзырет ұғымдарының арасындағы айырмашылыққа сәйкес білімнің нәтижесі ретінде білім мен дағдыларды теориялық және практикалық тапсырмаларды шешуде қолдана білу ретінде анықталады. Рефлексивті құзіреттілік рефлексивті процестерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл өзін—өзі дамыту процестерін қамтамасыз етеді, іс—әрекетке шығармашылық көзқарасты қалыптастырады.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін логикалық, әдіснамалық, жалпы білім беру іс—әрекеті элементтерін қоса алғанда, танымдық іс-әрекет саласындағы субъект құзыреттерінің жиынтығын білдіретін оқу және танымдық құзыреттіліктер тобына жатқызуға болады. Бұл мақсат қоюды, жоспарлауды, талдауды, рефлексияны, өзін—өзі бағалауды және іс-әрекетті түзетуді ұйымдастырудың тәсілдерін қамтиды.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігіне қойылатын заманауи талаптарға қатысты мәселені зерделеу барысында жүргізілген бағдарламалық—тұжырымдамалық, нормативтік—құқықтық, бағдарламалық—әдістемелік құжаттарды, сондай—ақ, ғылыми енбектерді талдау, нормативтік құжаттарда бітірушіге рефлексивтік құзыреттіліктің қалыптасуы бөлігінде жоғары талаптар қойылғанын, екінші жағынан ғылымда осы құбылыстар мен ұғымдардың айқын, түсінікті, негізделген сипаттамалары жоқ екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеулер көрсеткендегі, мұғалімнің теориялық білімі мен оның практикалық тәжірибесінің рефлексиялық интеграциясы өзінің жеке мағынасына толы сапалы жаңа кәсіби білімге өз іс—әрекетін реттейтін функцияны қабылдайтын жетекші идеяларды тудырады. Рефлексия басқа кәсіби қасиеттерге қатысты айқындаушы рөл атқарады. Сондықтан да, шеттілдік білім беру үдерісіндегі рефлексия өздігінен емес, мақсатты түрде қалыптасып, ұйымдастырылуы керек [61, б. 200].

Шеттілдік білім беруде рефлексивті құзіреттілік:

- болашақ шетел тілі мұғалімінің іс-әрекетін бақылау және бағалау;
- іс-әрекеттерінің ықтимал салдарын болжау;
- қындықтардың себебін табу және жою;
- өзін-өзі бағалау;
- өзінің оқу жетістіктерін объективті түрде бағалай білу және оны жетілдіруге үмтүлу.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, «Рефлексивті құзыреттілік» деп кәсібілікті, әдістемелік шеберлікті арттыратын және жалпы әдістемелік шеберліктің ажырамас болігі болып табылатын мұғалімнің жеке басының кәсіби сапасы деп түсініледі.

Шеттілдік білім беуде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру мен дамыту оның кәсіби іс-әрекетін игерудің негізгі тетігіне және оның тұлғалық

дамуы мен өсуінің қажетті шартына айналатынын байқаймыз. Рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуы оның кәсіби көрсеткіштерінің бірі болады, дамуға ұмтылу, өзін-өзі жетілдіру қабілеттілігін сипаттайды.

1.2 Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымдық компоненттері мен даму деңгейлері

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивтік құзыреттілігінің құрамдас құрамын анықтау, оны қалыптастыру үшін неғұрлым қолайлар жағдайлар жасауға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке тиімді даярлауды қамтамасыздандырады. Жалпы кәсіби құзіреттіліктің бөлігі болып рефлексивті құзыреттіліктің құрылымын қарастыру үшін алдымен «құрылым» ұғымына анықтама беру қажет. Шеттілдік түсіндірме сөздігі «құрылым» терминіне келесі анықтама береді: «лат. structura, құрылғы, бір нәрсені ұйымдастыру».

Жоғары білім берудің құндылық бағдары болашақ маманның жеке тұлғасында, өзінің оқу іс-әрекетін және ондағы өзін-өзі талдау қабілетін, сондай-ақ, рефлексияны дамыту арқылы өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Болашақ шетел тілі мұғалімнің кәсіби құзыреттілік құрылымында рефлексивті құзыреттіліктің алатын орны мен рөлі ерекше. Көбінесе рефлексивті құзыреттіліктің негізгі әрекеті субъектінің өзін бақылау және бағалау іс-әрекетімен байланысты. Бұл жағдайда рефлексивті құзыреттіліктің тиімділігі мұғалімнің өзінің іс-әрекетін, пікірін талдау қабілетімен, өз іс-әрекетін түсіну, мақсат қою мен әдістерді, компоненттерді қолданудың дұрыстығымен анықталады.

Рефлексивті құзыреттілік мамандық туралы жалпы түсініктің қалыптасуына, болашақ шетел тілі мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымына ықпал етеді. Осының негізінде болашақ маманның кәсіби бейнесі пайда болып, өз кәсіби туралы білімі кеңейеді. Рефлексивті құзыреттілік негізінде мұғалім өзінің кәсіби стандарттарға сәйкестік дәрежесі туралы түсінік алады, оның мүмкіндіктерінің шекарасын анықтайды, өзінің күшті жақтары туралы білім алады, сәттілік пен сәтсіздіктің ықтимал аймақтары, өзін-өзі жетілдіру жолдары анықталады.

Әрі қарай, болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивтік құзыреттілігін тиімді қалыптастыру үшін оның компоненттерін қарастыруымыз қажет. Рефлексивті құзыреттіліктің құрылымдық компоненттік құрамын зерттеу мәселесімен отандық және шетелдік келесі ғалымдар айналысқын: С.С. Құнанбаева, А.Т. Чакликова, Н.С. Асматуллаева, Ю. В. Кушеверская, О.В.Головина, С. Ю. Степанов, О. А. Полищук и И. Н. Семёнов, Е.Л. Ушакова, Л.П. Качалова, М.П. Максимченко, Е. Nuissl & S. Sava.

Отандық және шетелдік ғалымдар ұсынған мамандарды дайындау үлгілеріндегі рефлексиялық құзіреттіліктің әртүрлі интерпретациялары мен маңыздылығына қарамастан, жан-жақты сараптау кезінде әртүрлі құзыреттердің құрамдас бөліктерінің қалыптасу процестері, олардың дамуы мен

қалыптасуының қозғаушы факторларының бірі болып шығады. Сонымен, мысалы, «күзыреттілікті саналы менгеру моделі» бойынша, қандай да бір дағдыны, немесе қандай да бір күзыретті құрайтын сапаны дамыту қажет болса, онда ең алдымен, бұл дағды, сапаның немесе қүзіреттіліктің жоқтығы немесе жеткіліксіз дамығандығы, жеке тұлғаның білімін, дағдыларын, іс-әрекетін рефлексивті бағалау арқылы ғана анықтауға болатын фактор ретінде қарастырылады.

Күзырлылық жеткілікті деңгейде дамығанның өзінде, оның тұрақты рефлексиялық дамуы өзгермелі шындыққа сәйкес үнемі жетілдіріліп, жаңарап отыруы үшін қажет. Өз саласының кез келген маманы әр-түрлі проблемалық кәсіби жағдаятты алдыңғы тәжірибеге немесе білімге негізделген сынни және рефлексивті түрде бағалай алуы, қажет болған жағдайда бұл туралы өз идеяларын өзгертуі керек. Мәселен, оның шешімі немесе осы жағдаяттан шығудың ең жақсы жолын табу.

Ю.В. Кушеверская рефлексивті қүзыреттіліктің келесі құрылымын ұсынады: когнитивті, іс-әрекеттік, тұлғалық. М.П. Максимченко рефлексивті қүзыреттілікті төрт аспект бойынша зерттейді. Олар интеллектуалды, коммуникативті, ұжымдық және тұлғалық. Алғашқы екі аспект ұжымдық іс-әрекет формалары мен оларға дедалдық ететін қарым-қатынас процесінде, екіншісі - ойлау мен сананың жеке көрініс формаларын зерттеуде ажыратылып қарастырылады. Коммуникативті аспект қарым-қатынас пен тұлғааралық қатынастың қаншалықты дамығанын көрсетеді. Тұлғалық аспект қайта ойлау процесі ретінде ұсынады. Ал, интеллектуалды аспект субъектінің өзінің іс-әрекетін объективті жағдаймен ажыратады. Білдіргендегі ойлау жағдаймен ойлаудың әсерінен көрінеді.

Айта кетерлік жайт, қазіргі қазақстандық бірқатар ғалымдар А.Т. Чакликова пен Н.С. Асматуллаева ақпараттандыру контекстінде МҚҚ қалыптастыру мәселелерін қарастырып, МҚҚ пәнінің рефлексиялық-әлеуметтік-мәдени, рефлексиялық-лингвомәдениеттік, рефлексиялық-метатілдік, рефлексиялық-коммуникативтік сияқты қосалқы құрылымдық қүзыреттерін бөліп көрсетуді ұсынды. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруды қосымша қүзыреттіліктер мұғалім мен студент үшін маңызды болып табылады. Осындай тәсіл кезінде МҚҚ мәнін анықтауға қосалқы қүзыреттердің кез келген түрінің жетекші компоненті рефлексия болып табылады дейді [62, с. 25].


С.С. Құнанбаевың зерттеулеріне сәйкес рефлексия тұлғаның санасында өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі ұйымдастыруға ықпал етеді, білім алушылардың ішкі қызметін анықтайды деген пікір білдіреді.

Осы анықтамаларға сүйене отырып, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті қүзыреттілігін қалыптастырудың құрылымында олардың кешенін бөлеміз.

Күзыреттілік амал идеясына сәйкес кәсіби дайындықтың негізгі нәтижесі қүзыреттілікті қалыптастыру болуы тиіс. Осылан байланысты бірінші жоспарға қалыптастыруға жататын маманың қүзыреттілік құрылымын қамтитын компоненттерді анықтау және оларды жіктеу міндеті туындаиды.

Осы тұжырымдамаларды талдау негізінде біз шеттілдік білім беруде

болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін үш аспектіде қарастырамыз: шеттілдік рефлексивті – коммуникативтік субкомпетенция, шеттілдік - рефлексивті– дамытушылық субкомпетенция және шеттілдік рефлексивті– гносикалық субкомпетенция.



Сурет 2 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру құрылымдық компоненті

Ғалымдардың рефлексивті құзыреттілік ұғымдарын талдау негізінде біз оның келесі құрылымдық компоненттерін ұсынамыз: шеттілдік-рефлекситі – коммуникативті, шеттілдік-рефлексивті-гносикалық, шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық. Біз зерттеу жұмысымызда рефлексивтік құзырыттілік компоненттерінің құрылымын қарастыратын болсақ:

- *біріншии рефлексивті құзыреттіліктің коммуникативті субкомпетенциясы* тұлғаның кәсіби дамуының қажетті құрамдас бөлігі рефлексивті-коммуникативті субкомпетенция болып табылады, өйткені ол болашақ маманның жеке кәсіби дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және кәсіби қызмет процесін оңтайландырады. Шеттілдік-рефлексивті-коммуникативті субкомпетенция – жаңа ғасырдағы заманауи мамандардың кәсіби саладағы қажетті біліктілік деңгейіне жетуге бағытталған салыстырмалы түрде енгізілген жаңа ұғым. Шеттілдік-рефлексивті-коммуникативті субкомпетенция – ынтымақтастық, байланысқа түсу, өзгерістерге дайын болу, оның салдары үшін жауапкершілікті қамтитын кәсіби іс-әрекетте табысты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нақты тұлғалық қасиеттердің, қабілеттердің, коммуникативті білім мен дағдылардың жиынтығы. Шеттілдік-рефлексивті-коммуникативті субкомпетенция тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындығы мәселесін шешуді қарастырады.

Шеттілдік – рефлексивті – коммуникативті субкомпетенцияның параметрлерін талдау акмеологиялық амалды пайдалана отырып, рефлексивті-коммуникативті дағдыларды қалыптастыру процесінде оқытудың негізгі

кезендерін ажыратуға мүмкіндік береді: диагностика, түзету және жеке рефлексивті-коммуникативтік стильді қалыптастыру; коммуникативтік және рефлексивтік жағдаяттарды басқару, әртурлі коммуникативтік кедергілер және оларды еңсеру; әлеуметтік-перцептивтік және перцептивтік-рефлексивтік қабілеттерді дамыту.

Рефлексивті құзыреттіліктің коммуникативті субкомпетенциясы дескрипторы:

- қарым -қатынас процесінде кәсіби терминологияны қолдану мүмкіншілігі;
- рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру үшін қосымша ақпарат көзінде шетел тіліндегі материалдарды қолдану мүмкіншілігі;
- аутентті материалдармен жұмыс жасау кезінде қажетті ақпаратты таңдап ала алу мүмкіншілігі.

Шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық субкомпетенциясы білім беру сапасы қорсеткіштерінің бірі ретінде ЖОО түлегінің бәсекеге қабілеттілігі болып табылатыны. Бірақ, біздің ойымызша, негізгі мәселе шеттілдік білім берудің білім беру бағдарламасы мен болашақ мұғалімнің біліктілік сипаттамаларында болып отыр. Сонымен қатар, қойылған мақсаттарға қол жеткізу, қалай қамтамасыз етілетіндігінде көрініс табуы тиіс емес. Біздің ойымызша, болашақ шетел тілі мұғалімнің білім сапасы жоғары болады, егер рефлексиялық тапсырмалар арқылы өз іс-әректіне кері байланыс жасап отырса, жеке тұлғаның табысты кәсіби дамуы оның өзін және кәсіби іс-әрекетін лайықты бағалау қабілетіне, маманың кәсіби деңгейінің барлық маңызды аспектілеріне байланысты болса.

Шеттілдік рефлексивті-дамытушылық субкомпетенция-бұл шетел тіліндегі полемикалық және аргументтік дискурстарды дербес құруға, берілген қарым-қатынас жағдайына байланысты қарым-қатынастың тиімділігі туралы ойлауға, сонымен қатар жеке қарым-қатынас дағдыларын мақсатты түрде қалыптастыруға, дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілеттілік деп түсіндіріледі.

Шеттілдік рефлексивтік –дамытушылық субкомпетенция өз іс-әрекеттеріне талдау жүргізу қабілеті; болашақ маманға қолданылған әдістерді таңдау және бағалау, табыстар мен сәтсіздіктердің себептерін анықтау және оларды назардан тыс қалдырмау, өзін маман орнына қою және ситуацияға басқа көзбен қарау қабілеті. Шеттілдік рефлексивтік –дамытушылық субкомпетенциясы саналы түрде өз іс-әрекетінің нәтижесін және өзінің даму деңгейін, тұлғалық жетістіктерін бақылау. Өз бойында креативтілікті, инициативтілікті, өзін-өзі талдауға бейімділікті қалыптастыру. Шеттілдік рефлексивтік –дамытушылық субкомпетенция тұлғалық жетістіктерді реттеу, қарым-қатынаста тұлғалық мәнді іздеу, өзін-өзі басқару, кәсіби есу, шеберліктерді жетілдіру болып табылады. Шеттілдік рефлексивтік –дамытушылық субкомпетенция болашақ шетел тілі мұғалімнің өз шығармашылығын бағалауын, іс-әрекетін жоспарлауын, мақсатын жобалауын, мотивтік қызығушылығын жатқызады [63, с. 29].

Шеттілдік рефлексивтік – дамытушылық субкомпетенция дескрипторы:

- рефлексиялық тапсырмаларды шешуде өз тұжырымдамаларын айта
- алуы;
- топта жұмыс жасау барысында өзгелердің ойларын сараптай алуы;
- интерактиві әдістер арқылы өзінің маман ретінде дамуын көре алуы.

Шеттілдік-рефлексивті-гностикалық субкомпетенция білім берудегі басқару субъектісінің санаасында нақты ұсынылған түпкілікті нәтижеге бағдарлануды көздейді. Рефлексивті тапсырманы шешудің ықтимал жолдарының нұсқаларын кейіннен іріктеу және мақсатты болжау үшін ситуацияларды талдау негіз болады. Сондықтан, мақсатты болжаудың табысты болуы тек талдамалық іс-әрекеттің нәтижелеріне ғана байланысты емес. Көп жағдайда, яғни іс-құмылдар нақты жүзеге асырылмай тұрып нәтижесінің пайда болуын алдын ала болжауға қабілеттілігімен анықталады. Бұл кәсіби мәні бар қабілеттің болуы, шығармашыл болашақ маманды ерекшелендірді.

Мұғалімнің іс-әрекетін болжау, іс-әрекет нәтижелері туралы болжамды ақпарат алу процесі ретінде педагогикалық процестің зандалықтарын білуге негізделген. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімнің белгілі бір іс-әрекеттерге қандай мағына бере алатынын дұрыс түсінбеуін болжауға мүмкіндік береді; материалды қабылдауда қандай қателіктер болуы мүмкін, күнделікті қол жетімді идеялар және көрісінше, қандай тәжірибе зерттелу мәніне тереңірек енуіне ықпал етеді.

Шеттілдік рефлексивтік-гностикалық субкомпетенция стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге қабілеттілік пен дайындық, жоспарланған сабак жоспарын жүзеге асыру бойынша өз іс -әрекеттері туралы ойлау, болашақ маманың шеттілдік рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үшін оның тиімділігін талдау, түсіну және бағалау, оны жетілдіру стратегиясын анықтау болып табылады.

Шеттілдік рефлексивтік-гностикалық субкомпетенция – болашақ маманың кәсіби іс-әрекетінің негізін, сондай-ақ танымдық іс-әрекеттің тиімділігіне әсер ететін белгілі бір қасиеттерін құрайтын білім мен іскерлік жүйесі. Бұған гипотезаларды құру және тексеру, қарама-қайшылыққа сезімтал болу, алынған нәтижелерді сынни бағалай білу жатады. Білім жүйесі арнайы білім деңгейін қамтиды. Арнайы білім пәнді білуді, педагогика, психология және оқыту әдістемесі бойынша білімді қамтиды.

Н. В. Кузьмина кәсіби іс-әрекетті талдай отырып, оның компоненттерінің арасында гностикалық компонентті атап көрсетеді. Фалымның пікірінше, ол өз іс-әрекетінің объектісін, кәсіби ықпал етудің мазмұны мен тәсілдерін, өзінің жеке басының ерекшеліктерін және оку-тәрбие процесінің нәтижелерін тануға бағытталған. Бұл компонентті менгеру, Н.В. Кузьминаның пікірінше, кәсіби шеберлік деңгейін анықтайды, ол туралы практикалық міндеттерді шешу мұғалімнің өз іс-әрекетін теориялық ұғынуына негізделеді [64]. Автор аналитикалық іс-әрекет туралы жазады, бірақ таным, ұғыну сияқты операцияларды көрсету бізге гностикалық компонентте рефлексивті құрамдас бөлікті көруге негіз береді.

Шеттілдік білім беруде гностикалық құзыреттілік маңызды орын алады. Ол процестің сипаттамасы мен өзіндік әрекетінің нәтижелерін зерттеу мен талдауды

қамтиды. Құзыреттіліктің бұл аспектісі: өзіндік і-әрекетін талдау; оқытудағы өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсіну; тәжірибелік іс-әрекетінде әдістемелік ұсынымдарды пайдалану; рефлексиялық тапсырмаларды талдау және оған өзінің әсер ету нәтижелерін алдын алу болып табылады.

Шеттілдік рефлексивтік-гностикалық субкомпетенция дескрипторы:

- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің өз іс-әрекетін талдау алу мүмкіншілігі;
- рефлексия тұжырымдамасына берілген ұғымдарды түсіне алыу;
- «Рефлексивті практикум» арнайы курсында берілген ақпараттарды түсіне алыу;
- жалпы рефлексия туралы мәліметтерді қабдылдау мүмкіншілігі.

Сонымен, рефлексия болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі жүйе құраушы компонент болып табылады. Демек, болашақ шетел тілі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру рефлексиялық құзыреттілік қалыптаспай мүмкін емес екендігі анықталды.

Бұл өз кезеңінде болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивтік құзыреттілігін зерттеудің критерийлік негізін анықтауға мүмкіндік берді. Ол үшін біз І.Жансүтіров атындағы Жетісу университетінің 6В01705 «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына сүйендік. Білім беру бағдарламасында ұсынылған құзыреттіліктер болашақ маманның деңгейін қалыптастыру критерийлерін анықтауға негіз болатын бірқатар талаптарды анықтайды. Яғни, еңбек рыногында бәсекеге қабілетті маман даярлау, әдістерді пайдалану біліктілігі және тиімді шешім қабылдау қабілеттілігі.

«Критерий» дегеніміз «бір нәрсені бағалау, анықтау немесе жіктеу жүзеге асырылатын ерекшелік».

Л.М. Кустовтың айтуынша, критерий сипаттамадан және параметрден ажыратылуы керек. Сипаттама-құбылыстың жеке аспектілерінің мазмұндық сипаттамасы [65, с. 176].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, критерий құбылыстың сапалық өлшеушісі. Критерийді ғылыми салаға аудару үшін, зерттеуші қабылдаған өлшем бірліктерінде берілген сапаға жету деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін нақты көрсеткіштер қажет.

Әдістемелік құбылыстарды зерттеуде критерийлер мен көрсеткіштер ұғымы маңызды рөл атқарады және олардың мәнін ұғынуға, тұлғаның қалыптасу процесіндегі орнын нақтылауға көмектеседі. Болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру контекстінде осы феноменнің критерийлері мен көрсеткіштері мұғалімнің сапасын сәйкестендіруге және оның мінез-құлық сипаттамаларын саралауға ықпал етеді.

Қазіргі анықтамалық әдебиетте «критерий» ұғымы «бір нәрсені бағалау, анықтау, жіктеу негізінде жүргізілетін белгі» ретінде анықталды [66, с. 45]. Ол нәтижелерді бағалау, салыстыру негізінде жүзеге асырылатын эталон ретінде қарастырылады. Ғылыми әдебиетте оның мазмұнын анықтаудың келесі тәсілдері бар. Мысалы, ғылыми әдебиетте критерий негізгі белгі ретінде көрінеді, ол бойынша бір шешім көптеген шешімдерден таңдап алынады [67, с. 28].

Атап айтқанда, М. И. Шилова критерий деп «бағалау, жіктеу белгісі; пікір, көптеген ықтимал шешімдердің бірін таңдауға мүмкіндік беретін белгі [68, с. 12] деп есептейді. И.А. Маврина «критерий» ұғымы қандай да бір құбыльстың көріну деңгейлері, дәрежелері өлшенетін құрал ретінде сипаттайды. Критерийны қолдану арқылы қандай да бір таңдаудың артықшылығы бөлінеді; қойылған мақсат нәтижесінің сәйкестігі тексеріледі немесе оны іске асыру дәрежесіне баға беріледі [69, с. 30-31].

Белгілі бір нормалар мен ережелер ретіндегі өлшемдер философиялық тұрғыдан алғанда, әрбір жеке қадам дұрыс болып табыла ма деген сұрақ туындаиды. Критерийлер ең перспективалы принциптерді және тәсілдерді белгілемейді, тек қана объективті заңдар мен құбыльстың даму логикасын білдіреді [70].

Ғылыми енбектерде бұл ұғым құбыльсты немесе процесті бағалау, анықтау, салыстыру ретінде әрекет етеді [71].

Педагогикада «критерий» ұғымы затты немесе феноменді бағалау үшін стандартты тұрде қарастырылады; сипаттама, индикатор, жіктеу, объективтің маңыздылығы (О. Гаркуша, А. В. Галимов, А. М. Новиков). Критерий кеңістік-уақыт санаттарында өлшенетін сапа динамикасын көрсетуі және көрсеткіште көрсетілуі тиіс (С. В. Иванова).

Біздің зерттеуде критерий ретінде біз зерттелетін рефлексивті құзыреттілікті стандартты бағалауға, салыстыруға болатын қандай да бір сипаттаманы түсінеміз. Бұл ретте критерияның сапалық көріну дәрежесі нақты көрсеткіштермен анықталады, олар өз кезегінде бірқатар мазмұнды өрекшеліктеге ие.

Білім алушыларда рефлексивті құзыреттілік критерийлерін Т. П. Айсувакова [72], М. А. Лопарева [73], Т. А. Гудкова [74], С. И. Вострокнутов [75, с. 22-27], О. С. Сазонова [76] қарастырды; болашақ шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілігінің пайда болуының дидактикалық шарттарын М. А. Викулина [77, с. 91-96], М.Н. Прозорова [78, с. 418-422], Т. Ф. Ушева [79, с. 140-152] және т.б. талдады.

Е.В. Яковлев [80, с. 69–70] атап айтқандай:

- критерийлер бірқатар сапалық белгілер (көрсеткіштер) арқылы ашылады, яғни мұнда, өлшемнің үлкен немесе аз дәрежесі туралы айтуға болады;
- критерийлер уақыт пен кеңістікте өлшенетін сапа динамикасын көрсетеді;
- критерийлер әдістемелік іс-әрекеттің негізгі түрлеріне бағытталған.

М. Т. Громкова рефлексия критерий ретінде табиғаттылықты, тұтастықты, технологиялықты көрсетеді [81]; рефлексивті білімнің жеткіліктілігі, мұғалімнің рефлексия мен іс-әрекетті талдауға қатынасы (Г.Г. Ермакова) [82]; кәсіби-педагогикалық бағыттылығы; өзін-өзі белсендіруге қабілеттілігі; рефлексивті-бағалау әлеуеті (Л. В. Панова) [83] болып табылады.

Рефлексивті құзыреттіліктің өлшемдері арасында Е. Э. Смирнова, А. П. Сопиков рефлексия терендігін, күрделілікті, ақыраттылықты [84]; құндылық-когнитивті және операциялық-әрекеттік (С. А. Синельников); іс-әрекет және субъектілік (Г. И. Михалевская, О. И. Рубанова); жүзеге асырылатын іс-

әрекеттердің саналы, рационалдығы, жүйелілігі және толықтыры (З. М. Хутыз) деп қарастырады.

Г. Г. Ермакова мамандың рефлексиясын дамыту критерийлерін негіздеу біздің зерттеу жұмысымызда өзекті болып табылады. Автордың пікірінше, рефлексия дамуының критериясы рефлексивті білімнің жеткіліктілігі, оның көрсеткіші проблемалар мен қайшылықтар болып табылады. Бұл критерия жоғары, орташа және төмен деңгейлерден тұрады, олардың әрқайсысында терендігі, сарапануы, күрделілігі сияқты белгілер қарастырылады.

Критерийлерге келсек, Г. Г. Ермакова зерттелетін нысан туралы мәселелердің нақты бекіту және осы нысандарды бағалау критерийлерін тұжырымдау, алынған деректердің ғылыми құндылығын неғұрлым жоғары ғылыми-теориялық және практикалық деңгейлерде анықтауға мүмкіндік береді деп есептейтін пікірімен келісеміз. Бұл ретте, рефлексивтік құзыреттілікті қалыптастыру динамикасы мен нәтижелерін қадағалау және бағалау жүргізілетін өлшемдер кешенді, бірақ сарапанған болуы тиіс.

Сонымен, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің критерийлері бойынша біз рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік беретін сапалық сипаттамалардың жиынтығын айтамыз. Оларды анықтай отырып, біз мынаны ескердік: «kritерийлер тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын көрсетеді; критерийлер арқылы зерттелетін құбылыстың құрамдас бөліктері арасында байланыс орнатылады; критерийлер өлшемдердің көріну дәрежесін көрсететін бірқатар көрсеткіштер арқылы ашылады; уақыт пен кеңістікегі өлшенетін сапаның динамикасы өлшемдермен өлшенеді; сапалық және сандық көрсеткіштер кезеңімен көрінуі керек» [85, с. 60].

Сонымен, критерия-мақсатқа жету дәрежесі, кейбір құбылыстың сандық өлшемі бағаланатын материалдық белгі. Көрсеткіш -процестің немесе құбылыстың сапасының нақты көрінісі болып табылады. Осылайша, құбылыстың немесе объектінің жалпы сипаттамасы бірнеше немесе тіпті көп көрсеткіштер болуы мүмкін.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің қалыптасуын бағалау критерийлерінің жүйесін біз рефлексивтік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттеріне және олардың сипаттамаларына сүйене отырып, теориялық талдау нәтижелері негізінде әзірледік.

Осы зерттеудің критерийлік базасын анықтау үшін біз 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша шеттілдік білім беру бағдарламасын негізге алдық. Шеттілдік білім беру бағдарламасында болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілік деңгейінің қалыптасу өлшемдерін анықтауда негіз болатын бірқатар талаптар айтылған.

Сонымен, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін объективті анықтау үшін зерттеу барысында біз: *сәйкестік критерий (өзін-өзі кәсіби түрғыдан идентификациялау қабілеті), кәсіби өзін-өзі дамыту критерий, рефлексивті ортада қатысуышылардың өзара әрекеттесуі, өзін-өзі бағалау қабілеті критерий анықталды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің*

рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру критерийлерін келесі суреттен көруге болады (сурет 3).



Сурет 3 - Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру критерийлері

Біздің зерттеуімізде әрбір критерийні ашып көрсету орынды болып табылады.

Сәйкестік критерий кәсіби саладағы жеке және әлеуметтік сәйкестіліктің нақты интеграциясының аспектісі ретінде қарастырылады. Бұл жеке тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауының нәтижесі, ол өзіндік бейнесі арқылы танылады. Сәйкестік критерий жеке тұлға таңдаған мамандықты өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану тәсілі ретінде қабылдау дәрежесін көрсетеді [86].

Ю. П. Поваренковтың зерттеуінде тұлғаның кәсіби сәйкестілігі болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің негізгі өлшемі және субъектінің жетекші сипаттамасы болып айқындылады. Сонымен қатар, тұлға үшін, оның ұжыммен сәйкестігін түсіну және әріптестер үшін маңыздылығын бағалау [87].

Өзі туралы идеялар жүйесі контекстінде сәйкестік критерий өзінің болашақ маман ретінде, өзінің оқу-кәсіби мақсаттары және оларды жүзеге асырудың қабілеттері мен мүмкіндіктері туралы түсініктерді қамтиды. Сәйкестілік критерийін қалыптастырудың сапасы жауапкершілік мөлшеріне, жеке және «технологиялық» даму дәрежесіне, таңдалған кәсіби жолда өзін-өзі жүзеге асыруға, кәсіби қауымдастыққа интеграциялануға, үздіксіз өзін-өзі зерттеуге және кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер мен өзін-өзі дамытуға және мотивацияға байланысты екенін ескеру қажет.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында Н. В. Антонов [88], И.М. Богданова [89], У.Джемс [90], Е.П. Ермолаева[91, с. 35-40],

А.С. Назыров [92], Н.С. Пряжников [93], Ю.Г. Фокин [94], Л.Б. Шнейдер [95, с. 5], Э.Эрикソン [96] зерттеулерінде «бірегейлік», «кәсіби бірегейлік» феномендері көрініс тапқанын көрсетті.

Кәсіби өзін-өзі дамыту критеріи. М.А.Щукина өзін-өзі дамытуды «тұлғаның өзін-өзі дамыту субъектісі ретінде басқарылатын сапалы, бағытталған өзгеріс» ретінде анықтайды. Өзін-өзі дамыту, дамудың жалпы сипаттамаларын сақтай отырып, өзін-өзі дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді және өмір салтын басқару арқылы жеке тұлғаның оны іске асыруға саналы және белсенді қатысуымен ерекшеленеді деп анықтайды [97, с. 7–22]. «Мен» ұғымымен талдау кезінде ол өзін-өзі дамытуға бағытталған тұжырымының жеткіліксіздігін атап өтеді. Өйткені даму санаты өзінде «Мен» дамуды емес, өзінің дамуын сипаттайты. «Мен» ұғымы субъект белгілі бір белсенділікті жүзеге асырып қана қоймай, оны басқарады деп болжайды [98, с. 71–81].

Өзін-өзі дамытудың ерекшелігі ретінде белсенділікті, дербестікти, жауапкершілікті, бастамашылдықты, саналылықты, мақсатты қөздеуді, өзін-өзі реттеуді атайты. «Өзін-өзі дамыту қабілетін дамытудың нәтижесі өзін-өзі дамытуға орнықты ынталандыру, өзін-өзі дамытуға дайындық және субъектінің өзін-өзі басқару қабілетін менгеру болуы тиіс, яғни: болжау; мақсатты болжау; жоспарлау; сапаны бағалау критерийлерін қалыптастыру; іс-әрекетке шешім қабылдау; өзін-өзі бақылау; түзету» [99, с. 16]. Осыған байланысты жаттығуларға, дағдыларды қалыптастыратын білім беру бағдарламаларына (хабардарлық, мақсат қою, өзін-өзі басқару, жоспарлау), сондай-ақ жеке тұлғаның ерікті ерекшеліктеріне ерекше мән беріледі.

Өзін-өзі дамыту критерийі келесі көрсеткіштер арқылы ашылады: кәсіби өсу механизмдерін ұғыну, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі, шығармашылық өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылу. Кәсіби өсуді қарқыннату үшін, оған әсер ететін механизмдер мен қозғаушы күштерді түсіну қажет. Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби өсуінің ең маңызды факторларына тұлғаның шығармашылық өзін-өзі дамытуға, кәсіби құзыреттілік, гуманизм, кәсіби ментальдық, ЖОО-дағы оқу-кәсіптік іс-әрекетке оң көзқарасының болуы.

Бұл ретте тұлғаның дамуы тұрақты емес екенін ескеру қажет: ол прогрессивті немесе регрессивті. Болашақ шетел тілі мұғалімі өзінің дамуына күш сала отырып, алыс перспективаны, неғұрлым кең мүмкіндіктерді аша отырып, жаңа деңгейге жетуге қабілетті болады. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту критеріи болашақ шетел тілінің мұғаліміне еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін және оны сұраныска ие ететін қуатты тетігі болып табылады. Шеттілдік білім беру жүйесі жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту және жалпы білім беруді жаңғырту жолдарының бірі ретінде студенттердің рефлексиясын дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Өзін-өзі дамыту критерийлері кәсіби өсу механизмдерін ұғыну, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі, шығармашылық өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі білім алуға ұмтылуы. Өзін-өзі бағалау критерийін А. В. Мудрик іс-әркеттің әр түрлі салаларында қол жеткен нәтижелерге, өзара қарым-қатынасқа, адамның рефлексия дамығандығына, сыншылдығына, өзіне қоршаған ортаға деген талапшылдығына байланысты өз

басының, өз мүмкіндіктерінің, қасиеттерінің, басқа адамдардың арасындағы орынын бағалауы [100, с. 29].

«Өзін-өзі дамыту» ұғымы өте көп мағыналы болып табылады. Ол «жасампаздық, ұтымды өздігінен білім алудың әлеуметтік-мәдени процесін (өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі анықтау) және жеке адамның жан-жақты өзін-өзі көрсетуінің (өзін-өзі тану, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі сәйкестендіру, өзін-өзі растау және т.б.) біржакты табиғатқа негізделген процесін» қамтиды [101, с. 14].

Рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі критерий.

Жеке тұлғаның рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды механизмі басқалармен өзара әрекеттесу болып табылады. Біз мұндай іс-әрекетті тұлғааралық өзара әрекеттесудің әсері ретінде қарастырамыз, оның маңызды құрамдас бөлігі рефлексия болып табылады. Галымдар М. К. Мамардашвили терминологиясын қолдана отырып, өзара әрекеттесу эффектісі ретінде: «тұсіну», «өз бетінше, шығармашылықпен өмір сүрге көбірек дайын болу». Өзара әрекеттесу: жеке және функционалды-рөлдік болып бөлінеді. Оқытушы мен студент өзара әрекеттесу процесінде бір-бірін жалпы, рөлдік және жеке тұлғааралық параметрлер бойынша қабылдайды. Олардың үйлесімі маманың жеке тәжірибесіне негізделеді. Бұл жағдайда маман өз даралығын жүзеге асыра отырып тиісті қажеттілікті қалыптастырады. Өзара әрекеттесу туындаған сұраптарға өз бетінше жауап іздеу және табу, жауапкершілік алу болып табылады.

Өзін-өзі бағалау қабілеті критерийі. А.Г. Спиркин өзін-өзі бағалау «өзін-өзі танумен» қатар сана-сезімге де енетін «өзіне деген көзқарас» екенін айтады [102, с. 26].

И.И. Чеснокова өзін-өзі бағалауды өзін-өзі тану мен өзіне деген қарым-қатынастың орнықты интеграциясы ретінде анықтайды [103, с. 64].

Зерттеуде біз Л.В. Бороздинаның айқындауында көрсетілген ұстанымды ұстанатын болымыз: «өзін-өзі бағалау - бұл жеке тұлғаның өзіне қатысты сыни ұстанымының болуы, бұл қолда бар әлеуетті растау емес, атап айтқанда оны құндылықтардың белгілі бір жүйесі тұрғысынан бағалау дейді [104, с. 99-101].

Д.Куперсmit жеке адамның өзіне деген қатынасын өзін-өзі бағалау деп атайды, ол бірте-бірте қалыптасып, үйреншікті сипатқа ие болады; ол жеке тұлғаның өзіндік құндылығына, маңыздылығына сенімділігін растау немесе растамау ретінде сипатталады [105, с. 17].

Өзін-өзі бағалау критерийі шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің іс-әрекетіндегі маңызды кезеңдер болып табылады. Бұл критерийді менгеру, оларға өз іс-әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, талдауға, бағалауға, түзетуге, жаңа міндеттер қоюға және оларды шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді. Осы критерий бойынша жүйелі жұмыс, сайып келгенде, оқу материалын менгеру деңгейінің жоғарылауына, дамудың жаңа сатысына көшуге әкеледі [106, с. 36].

М.В. Саванкова өзін-өзі бағалау ситуациясы адамды келесі міндеттерді шешу қажеттілігінің алдына қояды: оған қатысты өз күшіне сенетін объектіні талдау; өзін бағаланатын қасиеттердің тасымалдаушысы ретінде талдау. Сонда

өзін-өзі бағалау адамның осы екі міндettі шешудің нәтижесі болып табылады және интеллектуалды-рефлексивті әрекет сипатына ие болады деп атайды [107, с. 78].

Педагогикада, Т.Е. Климов атап өткендей, «бөлінген критерийлер объектісін сипаттаудың абстрактілік (теориялық) деңгейін көрсетеді».

Дегенмен, біз эксперимент барысында алғымыз келетін жауаптар нақты сипатка ие. Абстрактілік деңгейден нақты бақылауларға көшу теориялық ұғымдарды тәсілдерді қамтамасыз ететін эмпирикалық индикаторлардың көмегімен жүзеге асырылады. Эмпирикалық индикатор- бұл өлшенетін өлшемнің сыртқы ажыратылатын көрсеткіші.

Көрсеткіш, зерттелетін объектінің таңдалған критерийінің сандық немесе сапалық сипаттамасы [108, с. 59].

Критерийлердің әрқайсысы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің құрылымдық субкомпетенцияға негізделген көрсеткіштер жүйесін қамтиды (кесте 1).

Кесте 1 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық компоненттерге негізделген критерийлері мен көрсеткіштері

Рефлексивтік құзыреттіліктің қалыптастырушы компоненттері	Критерии	Көрсеткіштері
Шеттілдік-рефлексивті – коммуникативті	Өзін-өзі бағалау қабілеті критерийі	сыни тұрғыдан ойлаудың болуы және пайымдауларды тұжырымдау (дәлелдеу, рефлексия, бағалау және қорытынды); ситуацияларды сынни тұрғыдан талдай білу; қарым-қатынас жағдайында сынни баға бере білу (рефлексиялық күнделікпен таныстыру);
Шеттілдік-рефлексивтік дамытушылық	Кәсіби өзін-өзі дамыту критерии Сәйкестік критерии (өзін-өзі кәсіби тұрғыдан идентификациялау қабілеті)	өз іс-әрекетінің нәтижелерін болжау қабілеті; өзінің жеке әлеуетін түсіну қабілеті; таңдаған кәсіби жолда өзін-өзі іске асыруға мотивациялық әзірлігі, кәсіби даму қабілеті
Шеттілдік-рефлексивті гностикалық	Рефлексивті ортада қатысуышылардың өзара әрекеттесуі критерийі	Оқу-кәсіби іс-әрекетінде өзінің жеке мүмкіндіктерін жандандыру және қолдану; қойылған мақсатқа жету қабілеті;

Кез-келген объект деңгейлерде дамиды. Деңгейлерді анықтай және негіздей отырып, біз келесілерді ескердік: деңгейлер анық анықталуы мүмкін зерттелетін объектінің дамуының индикаторлары ретінде әрекет етуі керек; бір деңгейден екінші деңгейге ауысу зерттелетін объектінің белгілі бір уақыт аралығында

қаншалықты дамитынын көрсетуі керек; деңгейлер бір-бірімен өзара әрекеттесуі керек, бұл жеке тұлға сапасының дамуының нәтижесі [109].

Біз деңгей деп шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің негізгі сипаттамаларының, компоненттерінің, өлшемдері мен көрсеткіштер дәрежесі түсініледі. А. В. Карпов, С. Э. Ковалева, В. В. Пономарева және И. М. Скитяеваның еңбектерінде негізделген жіктемелерде болашақ маманың рефлексивтік құзыреттілігінің қалыптасуының төмен, орташа және жоғары деңгейін көрсетеді.

Алайда, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің компоненттері әр түрлі деңгейде айқындық дәрежесімен көрінеді. Біз деңгей деп шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің негізгі сипаттамаларының, компоненттерінің, өлшемдері мен көрсеткіштерінің көрініс беру дәрежесі түсініледі. Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі әр түрлі негіздер бойынша жіктелуі мүмкін деп тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Ғылыми еңбектерді талдай отырып, зерттеудің нысаны мен мақсатына сәйкес объектінің даму деңгейлерінің әртүрлі қорытындысы жасалды. Біз айқындастын эксперименттің нәтижелері үш деңгейді анықтауға мүмкіндік берді – жоғары, орта, төмен.

Жоғарғы деңгей рефлексивті құзыреттіліктің өзін-өзі дамыту стратегиясын оңтайландырады және кәсіби белсенділікке, кәсіби жетістікке ықпал етеді.

Рефлексивті құзыреттіліктің төмен деңгейі, стереотиптілікке бейімділікпен бірге өзінің кәсіби дамуына мақсат қою мүмкіндіктерін төмөндейтеді, бұл кәсіби деңгейдің төмен болуына әкеледі.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің деңгейлері келесі кестеде сипатталды.

Кесте 2 - Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің сипаттамасы

Деңгейлер, критерийлер	Төмен		Орташа
	1	2	
Сәкестік (өзін өзі кәсіби тұрғыдан идентификациялау қабілеті)	Болашақ шетел тілі мұғалімінде өзін-өзі дамытуға ұмытлмауы, құндылықтар жүйесінің қалыптаспауы және болашақ кәсіби қызметке	Болашақ шетел тілінің мұғалімі өзін-өзі дамытуға ұмтылуы жеткіліксіз, өзінің мамандығына не жататынын түсінбейді, таңдаған кәсіби қызметінің	

2 – кестенің жалғасы


1	2	3
	қызығушылықтың болмауы; болашақ мамандыққа байланысты әр түрлі қызмет түрлеріне пассивті қарым-қатынас; кәсіби даярлықтың көрінетін нәтижелерінің болмауы; кәсіби даму траекториясын тандауға дайын болмауы.	бағыты бойынша біліктілігін көтермейді.
Кәсіби өзін-өзі дамыту қабілеті	Болашақ шетел тілі мұғалімі кәсіби өсу проблемасын ойлады, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін сезінбейді, қосымша шығармашылығын өзін-өзі дамытуға ұмтылмайды, өз білімін жетілдірмейді	Оқытушының көмегімен болашақ шетел тілі мұғалімі кәсіби өсу механизмін түсінеді, өзі-өзі жетілдіру қажеттілігі жағдаят арқылы білдіреді, кей уақытта қосымша тапсырмалармен жұмыс жасайды, шығармашылық дамуға, өз білімін жетілдіруге талпынбайды
Рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі	Болашақ шетел тілі мұғалімі жеке тұлғалық рефлексиясы қалыптастырылмаған, өз іс-әрекетін жоспарлауда киындықтарды бастан кешіреді, бұрынғы жасалған қателерді талдауға қабілеттілікті көрсетпейді, күрделі жағдайларды жеңуде табысты тәжірибелі пайдалана алмайды, сондай-ақ олар ағымдағы жағдайды рефлексиядан қиындықтарды бастан кешіреді.	Болашақ шетел тілі мұғалімі рефлексивтілік өз іс-әрекеттерін жоспарлауға, орын алған жағдайға өз көзқарасын сезінуге, өз іс-әрекеттерін талдауға, сондай-ақ рефлексивті процестер тұрақты емес сипатта болуы мүмкін, ал рефлексивті талдау үстірт түрде жүзеге асырылуы мүмкін.
Болашақ шетел тілі мұғалімі өзін-өзі жетілдіруге ұмтыла алмайды, өз нәтижелерін талдай алмайды, кәсіби-рефлексивті қызметті жүзеге асыруға дайын емес	Болашақ шетел тілі мұғалімі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылмайды, өз нәтижелерін талдау жеткіліксіз, кәсіби-рефлексивті қызметті жүзеге асыруға дайын емес	Болашақ шетел тілі мұғалімі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады, өз нәтижелерін талдай алады, кәсіби-рефлексивті іс-әрекетін жүзеге асыруға дайын

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау зерттеу әдістерінің кешенін қолдануды талап етті.

Болашақ шетел тілінің мұғалімінің рефлексиялық компонентінің қалыптасу деңгейлері әр түрлі болуы мүмкін: өзін-өзі танудан бастап адамның болмысының мәнін терең ойлауға дейін.


Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау ғылыми еңбектерді зерттеу әдістерінің кешенін қолдануды талап етті. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін біз ұсынған критерийлерге сүйене отырып, әрбір критерияны зерделеуге мүмкіндік берген статистикалық әдісті пайдаландық. Берілген критерийлердің барлық көрсеткіштері бойынша ақпарат жинау үшін болашақ шетел тілі мұғаліміне арналған сауалнама әзірленді

Сәйкестік (өзін өзі кәсіби тұрғыдан идентификациялау қабілеті) критерийі көрсеткіштерінің нәтижелерін талдау шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің үштен бірінен астамы төмен деңгейде еkenін анықталды (жоғары -6,7%, орташа-29,72, төмен-63,51%).




Сурет 4 - Сәйкестік (өзін өзі кәсіби тұрғыдан идентификациялау қабілеті) критерийсі бойынша анықтаушы эксперимент көрсеткіші

Бақылау тобының 4,8% өзін-өзі дамыту олишемінің көрсеткіші жоғары деңгейде, 27,41 % қалыптасудың рұқсат етілген деңгейінде және тиісінше 67,74% - ында төмен деңгейде болды.




Сурет 5 - Анықтаушы эксперимент барысындағы БТ өзін-өзі дамыту өлшемінің көрсеткіштері

Рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі критерийі болашақ шетел тілі мұғалімінің оку процесінің басқа қатысушыларымен, өздерінің өзара әрекеттесуіне негізделген іс-тәжірибе алмасу болды. Өзара әрекеттесуді болжай отырып, болашақ шетел тілі мұғалімі өзара әрекеттесудің қатысушысы, диалогтың қатысушысы ретінде бағалайды. Рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі критерийі көрсеткіштерін диагностикалау нәтижелерін талдауға келсек, бақылау тобында 62,90 % жеткіліксіз деңгейде қалыптасқандығын көрсетті. 30,64% рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі критерийі көрсеткіштері қалыптасудың рұқсат етілген деңгейі және сәйкесінше тек 6,4% деңгейі анықталды.



Сурет 6 - Анықтаушы эксперимент барысындағы БТ рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі критерийі өлшемінің көрсеткіштері

Өзін-өзі бағалау қабілеті критерийі. Өзін - өзі бағалау-адамның өзін, мүмкіндіктерін, қасиеттерін және басқа адамдар арасындағы орнын бағалау. Өзін - өзі бағалау-бұл қол жеткізілген нәтижені өз мүмкіндіктерімен байланыстыру мүмкіндігі. *Өзін-өзі бағалау қабілеті* критерийінің көрсеткіштерін диагностикалау нәтижелері бақылау тобында 72,58% РК қалыптасуының жеткіліксіз деңгейінде екенін көрсettі. Болашақ шетел тілі мұғалімінің бақылау тобының 24,19%-ында өзін-өзі бағалау қабілеті критерийінің көрсеткіштері қалыптасудың рұқсат етілген деңгейінде және сәйкесінше 3,2 % - да жоғары деңгейде екендігі анықталды.



Сурет 7 - Анықтаушы эксперимент барысындағы БТ өзін-өзі бағалау қабілеті критерийі өлшемінің көрсеткіштері

Өзін-өзі бағалау қабілеті критерийінің барлық көрсеткіштері бойынша өте тәмен мәндер тіркелді, көптеген респонденттер рефлексия мәселесіне қызығушылық танытпайды, оқу және кәсіби іс-әрекетте туындаған қыындықтарды өз бетінше женуге дайын емес және білмейтіндігін көрсettі.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, ең көп балл келесі қасиеттерге ие болды: рефлексия қабілеті, мақсаттылық, жауапкершілік, ұйымшылдық, қызығушылық, өзін-өзі бағалау, эмоционалды тұрақтылық, эмпатия, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі реттеу, ойларды дұрыс жеткізе білу, байқау.

Демек, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі анықталды.

Бұл қорытындыдан шығатын негізгі мақсат шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу болды.

1.3 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау, тұлғаның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой– өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытуудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу қажет болды. Білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің құзыреттілігін дамыту ұдерісіне тікелей қатысы. «Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңын» кәсіптік даярлық бағдарламасын іске асыру кәсіби іс– әрекетінің жаңа түрін орындау үшін қажетті құзыреттілікті менгеруге, жаңа біліктілікті менгеруге бағытталғандығы туралы ережесі маңызды болып табылады.

Демек, шеттілдік білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамыту үрдісі құзыреттіліктің барлық түрлерімен (жалпы мәдени, жалпы кәсіби) тығыз байланыста болады. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамыту үшін негіз болып табылатын атапдан құзыреттілік түрлері маманның кәсіби іс-әрекетінің жетекші түрлерін: білім беру, ғылыми– зерттеу, мәдени-агартуышылық іс–әрекеттерін орындауда ықпал етеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамыту үрдісі негізгі құзыреттілікті үнемі жетілдіруге негізделгендейді, басты құзыреттілікті қалыптастыру деңгейі және болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамыту деңгейі бойынша нәтижелі көрсеткіштер бір– бірімен үйлестіріледі, құзыреттіліктің маңызды түрлерінің қалыптасу деңгейі жоғары болған сайын, оның сапалы өзгеруі білім беру іс–әрекетінің неғұрлым жоғары нәтижелерін алуға әкеледі.

Біз әзірлеген шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің тиімділігі, дидактикалық шарттарды іске асырмай мүмкін емес. Оларды таңдау кезінде болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлаудың ерекшеліктерін басшылыққа алған жөн. Н. Ю. Посталюктің пікірінше, дидактикалық шарттар кез келген педагогикалық ұдерістің тиімді жұмыс істеу және жетілдірудің негізі болып табылады [110, с. 213].

В. И. Андреев, А. Я. Найн, Н. М. Яковleva, Н. В. Ипполитова, М. В. Зверева, Б. В. Куприянова, С. А. Дынина және т.б. зерттеулерде «педагогикалық» түсініктер пайда болады. Осы ұғымды қарастыра отырып, ғалымдар бірнеше ұстанымды ұстанады.

Бірінші ұстанымды дидактикалық шарттар педагогикалық ықпал етудің қандай да бір шараларының жиынтығы және материалдық– кеңістіктік орта мүмкіндіктері (В. И. Андреев, А. Я. Найн, Н. М. Яковleva):

- (кешенді) шаралар, мазмұны, әдістері (тәсілдері) және оқыту мен тәрбиелеудің ұйымдастыру формалары [111,112,113];
- қойылған міндеттерді шешуге бағытталған мазмұнның, формалардың, әдістердің, құралдардың және материалдық– кеңістіктік ортаның объективті мүмкіндіктерінің жиынтығы (А. Я. Найн) [114, с. 44-49];
- педагогикалық процесс шараларының жиынтығы (объективті мүмкіндіктер) (Н. М. Яковлева) [113] деп пікір білдіреді.

Екінші орынды дидактикалық шарттарды әдістемелік жүйені құрастырумен байланыстыратын зерттеушілер алады, яғни ол компоненттердің бірі болып табылады (Н. В. Ипполатова, М. В. Зверева және т.б.):

- әдістемелік жүйенің компоненті, оның тиімді жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ететін ішкі (білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық аспектісін дамытуды қамтамасыз ететін) және сыртқы (жүйенің іс жүргізушілік аспектісін жүзеге асыру) элементтердің жиынтығын бейнелейді [114];
- әдістемелік жүйе компоненттерінің мазмұндық сипаттамасы, оның мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқыту қуралдары және оқытушы мен студент арасындағы өзара қарым– қатынас сипаты (М.В. Зверева).

Ушінші орынды иеленген ғалымдар дидактикалық шарт ғылыми– әдістемелік зерттеу нәтижелерін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім беру үдерісінің тұрақты байланысы ретінде зандылықтарды анықтау бойынша жоспарлы жұмыс ретінде қарастырады (Б. В. Куприянов, С. А. Дынина және т.б.). Бұл ретте ғалымдар зерттеудің гипотезасы шенберінде тексерілетін дидактикалық шарттар қатарының қажеттілігін көрсетеді [115, с. 101– 104].

Л.В. Власов арнайы жасалған дидактикалық шарттар әдістемелік үдерістің тиімді дамуы мен реттелуінің тиімділігін арттырады дей келе, әдістемелік процестің барлық компоненттерін үйлестіреді дейді [116].

Осыдан келіп, біздің зерттеуіміздің контексінде, дидактикалық шарттар деп, кәсіби іс– әрекетте болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті әдістерді қолдануының аса жоғары деңгейіне жетуін қамтамасыз ететін, оқыту үдерісінің өзара байланысқан және өзара әрекет ететін іс– шаралар кешені деп тусынеміз.

Болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттары қоғамның әлеуметтік тапсырысымен сәйкестендірілді.

Шеттілдік білім беру барысында болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін дидактикалық шарттар кешенін анықтаған кезде, біз зерттелетін мәселе аспектісінде әлеуметтік тапсырыс факторларының әсерін; болашақ шетел тілі мұғалімнің жоғары оқу орнында оқыту процесінде рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін және моделдің құрылымдық-мазмұндық сипаттамаларын назарға алдық.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру келесі дидактикалық шарттарды негізге ала отырып құрастырылды. Яғни, рефлексия алгоритімін пысықтау негізінде болашақ шетел тілі мұғалімнің интерактивті әдістерді қолдануы, кәсіби

базытталған іс-әрекетті болашақ шетел тілі мұғалімін рефлексивті –кәсіби тапсырмаларға тарту, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды рефлексиялық орта құру. Тұтас көріністі жасау үшін әрбір лингводидактикалық шарттардың мазмұндық сипаттамаларын қарастырайы



Сурет 8 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары

Бірінші лингводидактикалық шарт – рефлексия алгоритмін пысықтау негізінде болашақ шетел тілі мұғалімінің интерактивті әдістерді қолдануы.

Интерактивті әдістерді пайдалану біздің зерттеу үшін келесі себептер бойынша өзекті:

1) интерактивті оқыту танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы түрі болып табылады, ол толығымен нақты және болжанатын мақсаттарды білдіреді және кәсіби бағытталған оқу іс – әрекеті үдерісінің қолайлы жағдайын жасайды, бұл кезде болашақ шетел тілі мұғалімі өзінің табыстылығын, интеллектуалдық әлеуетін сезінеді, кәсіби дайындық процесін нәтижелі етеді, білім мен дағдыларды береді, сондай – ақ одан әрі өзін-өзі дамыту, өзін – өзі жетілдіру үшін мүмкіндік туғызады;

2) интерактивті оқыту бұл оқыту субъектілері мен объектілерінің жақсы ұйымдастырылған кері байланысымен, олардың арасындағы екі жақты ақпарат алмасумен оқыту;

3) оқытудың интерактивті әдістері мен формалары болашақ шетел тілі мұғалімінің жеке ақыл – ой процестерін жандандыруға, ішкі диалогты қозғауға, ақпаратты түсінуді қамтамасыз етуге, өзара іс – қимылды дараландыруға, болашақ мұғалімді оқыту субъектісі позициясына шығаруға бағытталған;

4) оқытудың интерактивті әдістері мен формалары біздің зерттеуіміз үшін

өзекті болып табылады. Олар әртүрлі көзқарастарды анықтайды. Болашақ шетел тілі мұғаліміннің жеке тәжірибесіне жүгінеді. Олардың белсенділігін қолдайды, теория мен тәжірибелі біркітіреді, қатысуышылардың тәжірибесін өзара байытады, өзара түсіністігін жеңілдетеді;

5) оқытудың интерактивті түрлерінің міндеттері біз зерттейтін феноменің қалыптастыруға: оқу материалын тиімді менгеру; қойылған рефлексивті міндетті шешу жолдары мен нұсқаларын өз бетінше іздеу және ұсынылған нұсқалардың бірін таңдау немесе жеке нұсқаны табу және шешімді негіздеу; олардың арасындағы өзара іс– әрекетті орнату, командалық жұмысқа дағыландыру және кәсіби дайындығына негізделеді;

6) сабактарды өткізуіндік интерактивті түрлері ынтымақтастықта оқытуды көздейді, яғни кәсіби дайындық процесінің барлық қатысуышылары бір– бірімен өзара іс– әрекет жасайды, ақпарат алмасады, мәселелерді бірлесіп шешеді, жағдайларды модельдейді, ал топта болып жатқан өзара іс– қымыл процесінде басқа тұлғалардың өзіндік құндылығы сезіледі.

Оқытудың интербелсенді түрлері мен әдістерін және олардың функцияларын талдау нәтижелеріне сүйене отырып, рефлексия алгоритмін пысықтауға барынша тиімді ықпал ететін әдістердің сипаттамасын ұсындық, демек, болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби дайындығы процесінде рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға әрекет жасайды:

«Кейс стади» – бұл пәннің барлық ерекшеліктерін ескеретін және қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыратын ЖОО – дағы оқытудың инновациялық әдісі. Бұл әдіс белгілі бір проблеманы шешуге бағытталған. Алайда бұл мәселе дайын түрде берілмейді, ал оқытушы нақты оқу жағдайына сүйене отырып тұжырымдайды.

Кейс –стади ретінде біз сабактарда өмірлік жағдаяттарды пайдалануға негізделген әдіс деп түсінеміз. Кейс– стади болашақ шетел тілі мұғалімінің өз бетінше немесе оқытушымен белгіленген тақырып бойынша өз бетінше микро зерттеулер жүргізуінен және оларды шешу үшін көп уақыт қажет ететін жағдайларды қолдануынан тұрады.

Жоғары мектеп педагогикасы саласында жетекші орынга ие болған кейс– стади әдісі шарттарды шешу процесі рефлексивтік ой құрылымына сәйкес келеді. Ол А. А. Бизяевтің пікірінше: талдауға жататын фактлерді өзіне түсіндіру; олардың негізінде жатқан идеялар мен принциптерді ұғыну; ситуациялардың барлық құрамдас бөліктерін талдау; шешім қабылдау үшін білімді синтездеу; қабылданған шешімді бағалау [117, с. 29].

Екіншіден, кейс– әдісі әр түрлі интерактивті технологияларды (дискуссиялар, тренингтік сабактар, дебаттар және т.б.) біркітіреді. Демек, бұл әдіс рефлексивті құзыреттіліктің дамуына болашақ шетел тілі мұғалімінің: өз бетінше білім алуға, өз көзқарасын көпшілік алдында қорғау және т. б. дағдыларын дамытуға, пассивті қатысуышыларды белсенді аудиториялық және аудиториядан тыс жұмысқа тарту мүмкіндігін береді.

Жалпы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі, арнайы ұйымдастырылған тренинг деп танылады. «Тренинг» термині бірнеше мағынаға ие: оқыту, тәрбиелеу, жаттығу.

Көптеген мамандар тренингті оқуға және күрделілігіне қарай кез келген іс-эрекет түрін менгеруге қабілеттілікті дамыту әдістерінің тобы ретінде анықтайды. Тренинг кәсіби білім мен іскерлікті арттыруға бағытталған жоспарланған белсенділіктің бір белігі ретінде модификациялауға бағытталған [118].

Тренинг түрлендіретін, тұзететін және алдын алу функцияларын орындауды. Кәсіби тренингпен орындалатын әртүрлі міндеттер бөлінеді, олардың ішінде:

- мотивациялық саланы дамыту жаңа уәждер, құндылықтар, мағыналар, кәсіби іс-эрекеттің мақсаттарын тиімді іздеу ретінде;
- жаңа кәсіби технологияларды, тәсілдерді менгеруге көмек ретінде әлеуметтік саланы дамыту;
- инновацияға, шығармашылық ізденіске дайындықты қүшейту;
- тұрақты кәсіби өзін-өзі жетілдіру процесіне, кәсіби өсудің түрлі стратегияларын апробациялауға ынталандыру.

Тренингтің қатарында рефлексивті тренинг ерекше орын алады. Біздің пікірімізше аз ғана тәжірибесі бар мұғалімдердің рефлексиясын дамытудың барабар әдісі болып табылады. Л. А. Петровскаяның пікірінше, тренингтің бұл түрі шын мәнінде «қарым—қатынаста өз көріністерін рефлексиялау және белгілі бір білімдерді верификациациялау бағытында қадам жасауға мүмкіндік береді» [119, с. 52].

Тренинг—бұл жеке тәжірибе алу арқылы шындықты өндірудің өзіндік тәсілі. Бұл қандай да бір оқиғаны талап етеді (біздің жағдайымызда өзара іс— қимыл, кәсіби— бағдарлы оку іс— әрекеті барысындағы мәселелер одан әрі кәсіби іс—әрекет бола алады). Әр тренинг интерактивті болашақ шетел тілі мұғалімнің белсенді субъектілік реакциясына (эмоциялық, зияткерлік, практикалық) қандай да бір ықпал етуге арналған.

Оқытуудың бұл түрі өзін және басқа тұлғаны неғұрлым толық тану қабілетін дамытуға, болашақ мұғалім тұлғасының өзін— өзі басқару механизмдерін дамытуға, өзін және өзінің кәсіби— бағдарлы іс— әрекеттің басқаруға ықпал етеді. Тренинг барысында қол жеткізу мотивациясы қалыптасады, олар жеке және кәсіби өзін— өзі анықтауға, өзін— өзі тануға көмектеседі. Осы оқыту нысаны кезінде оку— кәсіби іс— әрекетте пайда болатын мәселелерді шешу процесі жүзеге асырылады, бұл рефлексивті әрекет механизмін іске қосу үшін бастапқы іс—әрекет болып табылады.

Екінші лингводидактикалық шарт шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімін рефлексивті –кәсіби тапсырмаларға тарту.

Қазіргі заманғы зерттеулерде кәсіби іс— әрекетті әртүрлі және көпжоспарлы әдістемелік тапсырмаларды шешу процесі ретінде қарастыру қабылданған, ал тапсырмалардың өзі осы іс— әрекеттің құрылымдық бірлігі ретінде бөлінеді. Мұғалімнің кәсіби іс— әрекеті, бұл іс— әрекеттің субъектісі ретінде педагог шешетін міндеттердің ерекшелігімен анықталатын тәжірибелік іс— әрекеттің ерекше түрлерінің бірі, мазмұны мен сипатты.

В. В. Котенко оку іс— әрекетіне арнайы рефлексивті тапсырмаларлы енгізуді ұсынады. Рефлексивті тапсырмалар ретінде автор «оку іс— әрекетінің әртүрлі компоненттерін көрсету процесін белсендіретін» тапсырмаларды түсінеді [120, с.

15]. Автор рефлексивті тапсырмалардың негізгі функцияларының бірі студенттің назарын қалай ойлайтынын және материалды түсіну деңгейін тексеру екенін көрсетеді.

В. А. Далингер [121] мәтіндік тапсырмаларды шешуде, білімгерлердің ауызша жұмысында рефлексивті тапсырмаларды қолдануды ұсынады. Рефлексивті деп, ол студенттердің өз бетінше тапсырмаларды шешуге талдау жасай білуін, өз іс-әрекетінің тәсілдерін (рефлексия) қарастыра білуін қалыптастыруға бағытталған міндеттерді айтады.

«Тапсырма» ұғымы өте кең қолданылады: бұл термин қандай салада және қандай контексте қолданылуына байланысты көптеген түрлі категориялар бар.

Г. А. Балл «тапсырма» термині психологиялық және педагогикалық әдебиетте үш санатқа жататын объектілерді белгілеу үшін қолданылады деп атап өтеді:

- субъектінің алдына қойылған талаптары;
- мақсаты, шарттарға қол жеткізуі жолдары;
- ситуацияның ауы-екі жеткізу тұжырымы [122, с. 16].

Рефлексивті тапсырма – ұсынылған әдістердің ішіндегі ең тиімділердің бірі. Ол мұғалім іс – әрекетінің әрбір сатысына енеді. Олардың әрбір қадамға және ақыл – ойға сын көзben қарау, өз пікірлерінің барысын үнемі тексеріп, өз ұстанымын дәлелдей білуін қалыптастырады. Рефлексивті тапсырманы мұғалімнің өзі құрастырады.

Үшінші лингводидактикалық шарт- болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды рефлексиялық орта құру.

Рефлексивті орта тұлғаның дамуы жүйесі ретінде түсіндіріледі. Бұл жүйе жеке тұлғаның алдында өзін-өзі зерттеу ресурстарын ашты. Бірақ рефлексивті орта деп - ЖОО – да оқудың академиялық үдерісі ғана емес (сабакқа қатысу, сындақ және емтихан сессияларын тапсыру), сонымен қатар студенттердің оқытудағы кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыру практиканың әр түрлі түрлерінен өту (білім беру бағадрламасына сәйкес) деп түсіндіреледі. Бұл мәселеге міндетті түрде назар аудару керек. Тек практиканың әр түрлі түрлерін өту барысында студенттер нақты кәсіби іс-әрекетпен айналысады. Практика барысында студенттерде өзіне және өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетіне қатысты рефлексия жасау қажеттілігі пайдада болады.

Қазіргі зерттеушілердің (В. А. Козырев, И. В. Малолетнева, Т. В. Самодурова, П. И. Третьяков, Т. И. Шамова, Е. А. Ямбург және т.б.) ұстанымдарына сүйене отырып, біз болашақ шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін әдістемелік үдерістің және қоршаған органдың өзара іс-қимыл жасайтын қатысушыларының әлеуметтік негізделген тұластығын айтамыз. Оның рухани және материалдық құндылықтары ретінде рефлексивті органды анықтаймыз. *Осылайша, рефлексивті орта-өзін-өзі зерттеу мен өзін-өзі түзетудің соңғы мүмкіндігін ашатын тұлғаның даму шарттарының жүйесі болып табылады.*

Зерттеушілер Л. М. Ильязова, Л. Б. Соколова педагогикалық іс-әрекет мәдениетін белсенді қалыптастыру жүзеге асырылатын сыртқы және ішкі дидактикалық шарттардың жиынтығы ретінде рефлексивті органды қарастыра

отырып, тұлғалық –бағдарлы білім беру міндеттеріне жауап беретін рефлексивті білім беру ортасының қалыптасу процесіндегі іс– әрекеттердің реттілігін айқындауды:

- болашақ шетел тілі мұғалімнің қажеттіліктерін және орта мүмкіндіктерін талдау және ара қатынасы;
- қажеттіліктер мен мүмкіндіктері арасында қарама– қайшылықтың заңды пайда болуы;
- пайда болған дағдарысты еңсеру құралы ретінде рефлексия тетіктерін қосу;
- болашақ шетел тілі мұғалімнің ортаға қатысты ұстанымын өзгертуді қамтамасыз ету;
- болашақ шетел тілі мұғалімнің өзіне рефлексивті білім беру ортасын қалыптастыруы– өзін ортада сезінуден студенттер іс– әрекетінің рефлексивті формаларын қолдану арқылы ортаны түрлендіруге бағытталған.

И. А. Шумакова рефлексивті ортаның ерекшеліктері ретінде:

- рефлексивті орта дамып келе жаткан тұлғаны;
- педагог пен тындаушы субъектілер рөлінде;
- міндетті түрде ішкі қарама-қайшылық немесе субъективті қыындықтар болуы тиіс екендігін;
- рефлексивті орта білім беру процесінде мәдени нормаларды қайта ойластыру және жаңа мәдени нормаларды құруы мүмкіншіліктерін;
- рефлексивті орта вариативтілігін атап өтеді.

Студент және білім беруші өзінің қажеттіліктерінің негізінде және өзінің даму бағытына сәйкес, И. Г. Светлакованаң метакогнитивті қабілеттерін қалыптастыру шарты бойынша білім беру ортасын құруға мүмкіндігі бар дейді [123, с. 57– 69].

Өзгеде позицияларды С.В. Каменев, И. Г. Никитин, Б. М. Чарный педагогтар ұжымын рефлексивті орта деп түсіндіреді [124]. Рефлексивті ортаны қалыптастыру ұжым алдында тұрган проблемаларды сезіну деңгейіне шығару, оларды туыннататын қайшылықтарды ұғыну және мәселені шешу бойынша шығармашылық процеске қосу үшін жағдай жасауды көздейді.

Авторлар рефлексивті орта құруға бағытталған тәжірибеден өткен іс– әрекеттерді ұсынады: микроэкспериментальды аландар, үйымдастырылған– іс– әрекет ойындары деңгейінде аналитикалық семинар-практикумдарды жүйелі өткізу арқылы педагогтарды өз іс–әрекетінің өзіндік талдауына үйрету, өзара қатысу және іс–әрекет фрагменттерін талдау. Рефлексивті орта құрудың ұсынылған жүйесі бір жақты сипатқа ие, барлық іс–қимылдар тек қана педагогикалық ұжымға бағытталған, ол рефлексивті үдерістерге бастама жасайтын арнайы тренингтік және ойын техникалық рәсімдерге енгізіледі.

Тұжырымдай келе, болашақ маманның кәсіби дайындық жүйесіндегі рефлексивті орта келесі постулаттарды қамтиды:

- жеке даздарларды іздеуге жеке тұлғаны ынталандыратын, өз мазмұнын табу және белгілеу қажеттілігін қалыптастыратын белгісіздік;
- болашақ шетел тілі мұғалімнің өз шығармашылық шешімдерін табуға мүмкіндік беретін және вариативпен байланысты еркін таңдау;

— оқу материалының мазмұны мен формаларының ақпараттық-іс-әрекеттік базыты, бұл оқу-таннымдық іс-әрекетінің жоғары дербестігін қамтамасыз етеді;

— диалогтік, дұрыс арнага өзін-өзі тануды базыттауға мүмкіндік береді;

— сабакта рефлексиялық ортаны ұйымдастыру процесімен байланысты фактор (рефлексияны жеткіліксіз пайдалану және түсіну тиімділігін төмөнде теде).

Біздің диссертациялық зерттеулерге рефлексивті орта – бұл тек жоғары оқу орындағы оқу үрдісі ғана емес (сабакта қатысу және сессияларды тапсыру), сонымен қатар болашақ шетел тілі мұғалімнің кәсіби іс-әрекет процесі. Біздің ойымызша, практикалық сабактарды өту барысында болашақ шетел тілі мұғалімі нақты кәсіби іс-әрекетімен бетпе-бет келеді, оларда өзіне қатысты және өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетіне қатысты саналы түрде рефлексиялық қажеттілігі туындаиды. Рефлексивті орта құру кезінде болашақ шетел тілі мұғалімінің оқу процесінен шеттетілуі алынып тасталады және кәсіби ортада жүзеге асыру тәсілі ретінде кәсіби рефлексияны дамыту басталады. Мұндай іс-әрекеттің негізгі бағыттары – бұл экзистенциалды феномендермен және ойлармен, сондай-ақ маманың құндылықтарымен жұмыс істей, өзінің кәсіби өсуін диагностикалауды жүзеге асыру және оның нәтижелерін пайдалану.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың рефлексивті механизмдерін іске қосуға және тұлғаның дамуының және оның кәсібілігінің маңызды шарты ретінде, өзін-өзі дамтыу болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру рефлексивті білім беру ортасын ұйымдастыру кезінде мүмкін болады [125].

Осылайша, рефлексивті орта болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті шарты ретінде ұсынылады.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастырудың тиімділігі, рефлексивті құзіреттілікті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін, анықталған дидактикалық шарттарды жүзеге асыруды және енгізуді талап етеді және бұл ішкі қажеттілігін, онтайлы нәтижеге қол жеткізу мақсатында кәсіби өзара іс-қимылды жүзеге асыруға қабілеті мен дайындығын қалыптастыруы тиіс. Ұсынылып отырған дидактикалық шарттар жүйесі шеттілдік білім беру үрдісіне инновациялық сипат беруі керек, бұл маманың дамушы парадигмасын жүзеге асыруды көздейді, оның негізгі мақсаты болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз қалыптастыру процесінде жеке білім беру траекториясы болып табылады.

Алынған қорытындылар негізінде біз шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру процесіне дидактикалық шарттардың әсер өту дәрежесін анықтайтын тәжірибелік зерттеу жүргіземіз.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің іс-әрекет аясы, оны бақылаумен, реттеумен, талдаумен және өзіндік талдау жасаумен байланысты. Рефлексия болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби өзіндік сана-сезімінің

қалыптасуының маңызды компоненті болып табылады. Рефлексивті құзыреттілік өз іс-әрекетін ғана емес, өзін-өзі жетілдіру мақсатында өзіндік диагностикасын жүргізу қабілеті, ерекше шеберлікті талап етеді. Отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдау болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу әлі де зерттелетін сала екендігі анықталды.

Зерттеу барысында шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің маңызды екендігі анықталды, ол болашақ шетел тілі мұғалімінің өзін әдістемелік іс-әрекетінің кәсіби маманы ретінде бағалауын түсінуден тұрады, оған корреляция жасауға мүмкіндік береді. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігі тұластыры мен бірізділігі зерттеу жұмысында құрылымдық компоненттер жиынтығы: шеттілдік-рефлексивті-коммуникативті, шеттілдік-рефлексивті-гностикалық, шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық, субкомпетенциялар құрылымы анықталды. Бұл әрбір компоненттің мазмұны өзара әрекеттеседі деген тұжырымдамаға келдік. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігі компоненттері біркелкі емес, бірақ олардың біреуінің өзгеруі кез келген басқа компоненттің даму шарты болып табылады. Жоғарыда аталған компоненттердің өзара әрекеттесуі шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасуына әкелді. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің критерийлері, көрсеткіштері мен қалыптасу деңгейлерін анықтау болды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін бағалаудың обьективтілігі өзара байланысты бірқатар критерийлер мен көрсеткіштерге байланысты: *сәйкестік критерий* (өзін-өзі кәсіби тұрғыдан идентификациялау қабілеті), *кәсіби өзін-өзі дамыту критерий*, *рефлексивті ортада қатысуышылардың өзара әрекеттесуі*, *өзін-өзі бағалау қабілеті*. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу критерийлері мен көрсеткіштеріне сүйене отырып деңгейлері анықталды: жоғары, орташа, төмен.

Диагностикалық зерттеу барысында шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасуының төмен деңгейін сауалнама негізінде тексерілді.

Зерттеу міндеттерінің бірі - болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасуына тиімді ықпал ететін ғылыми-әдістемелік лингводидактикалық шарттарды анықтау болды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары анықталды: рефлексия алгоритмін тысықтау негізінде болашақ шетел тілі мұғалімінің интерактивті әдістерді қолдануы, кәсіби бағытталған іс-әрекетті болашақ шетел тілі мұғалімін рефлексивті –кәсіби тапсырмаларга тарту, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексиялық орта құру. Анықталған нәтижелерге сүйене отырып, біз шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті

құзыреттілігінің қалыптастыру зерттеу жұмысын жүргіземіз және дидактикалық шарттардың тиімділік дәрежесін анықтаймыз.

2 БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛ МҰҒАЛІМІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Қазіргі жағдайда елдің стратегиялық дамуы шеттілдік білім беру технологиялар трансфертіне жаңа серпін беруге қабілетті, инновациялық-кәсіби әлеуетінің сапалы деңгейі үшін жаңа маманды қалыптастыру болып отыр.

Шеттілдік білім беруге қойылатын негізгі талаптардың бірі, маманың қоғам дамуының қазіргі деңгейіне сәйкестігі болып табылады. Болашақ маманды қалыптастырудың сапалы жаңа тәсілі маман даярлау сипатындағы өзгерістермен анықталады. Бұл, әр түрлі жеке қасиеттерін алдын-ала анықтайтын «шеттілдік білім беруге» түбекейлі бағыттайды.

Шетел тілі мұғалімін даярлау бойынша біздің моделіміздің басқа тіл мамандықтарынан айырмашылығы - ол екі мәдениеттің медиаторы болып табылады. Екі мәдениеттің (өзіндік және өзге тілде) медиаторы ретінде ғарыштадағы қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы өзге тілде білім беру процесінде маман даярлау кезінде жүзеге асырылады. Өз кезеңінде ғарыштадағы қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы өзара іс-қимылды тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру процесінің моделін құрудың маңызды шарты-шеттілдік білім берудің заманауи әдіснамасының тұжырымдамалық ережелеріне және құзыретті амалдың негізгі ережелеріне негізделе отырып дайындалды.

Біздің *моделіміздің негізгі мақсаты* – шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру. Шеттілдік білім беру әдістемесін оқытудағы рефлексивтік құзыреттілікті қалыптастыру әрекеттің сәтті болуы, зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген моделдің нысаны кезеңімен орындалатын рефлексивтік құзыреттіліктің субкомпетенциялары. Рефлексивтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұнын баяндамас бүрін модель ұғымына тоқталып өтсек.

Модель белгілі бір құбылыстың жалпыланған көрінісі болып табылады; үлгі, схема, таңбалы формалар немесе формулалар түрінде, жасанды жасалған және белгілі бір зерттелетін объектіге немесе құбылысқа жақын бола отырып, осы объектінің элементтері арасындағы құрылымды, ерекшелікті, өзара байланысын және қарым-қатынасын қарапайым түрде, белгілі бір білім саласындағы фактілерді, заттарды және қарым-қатынасты неғұрлым көрнекі материалдық құрылым түрінде көрсетеді.

С.С. Құнанбаева шеттілдік білім беруде модельдеу объектісіне тәмендегілерді атайды:

- шеттілдік білім берудің барлық жүйесінің ұлгісі;
- шетел тілін менгерудің ішкі процестерінің ұлгісі;
- оқыту жүйесі ретінде әдістемелік модель;
- қарым-қатынас ұлгісі;
- қарым-қатынас жағдайының ұлгісі [6, с. 168].

Маман модельін күрү «Ғаламның бейнесі» ұғымымен тығыз байланысты. «Ғаламның бейнесін» жеке тұлғаның өзін қоршаған әлемі туралы түсінеміз. Егер ол кәсіби ұғымдармен тығыз байланысты болса, онда «ғаламның кәсіби бейнесі» туралы айтуға болады.

Демек, модель теорияны түсіндіру және шындықты түсіндіру құралы болып табылады, ол атаптан қарама-қарсы бағыттардың байланысы анықталатын танымдық процестің бір сәтін білдіреді. Модельдеуді кеңінен қолдану оқыту әдістерін үйымдастыру мен басқарудың тұмас жүйесін білдіреді.

Диссертациялық жұмыстың міндеттеріне сүйене отырып, әдебиеттерді талдау арқылы біз шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімін дайындауда олардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған модель қажет деген тұжырымға келдік. Келесі кезеңде модельдің жүйеге сәйкестігі тексеріледі.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру модельін жобалау шеттілдік білім беру алгоритміне сәйкес жүрді:


1. Модельді жобалау мақсатын қою, жобаланатын процестің мақсаты мен міндеттеріне байланысы;
2. Қарастырылатын процесс субъектілерін сәйкестендіру;
3. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру процесі жүзеге асырылатын принциптерді негіздеу;
4. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілік ұстанымын қалыптастырудың мазмұнын, әдістерін, тәсілдерін анықтау;
5. Модельді жобалауда қажетті және жеткілікті мақсатқа жету үшін дидактикалық шарттарды анықтап көрсету.

Бұл диссертацияда қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасын дамытудағы негізгі бағыттар мен зандылықтарды анықтау үшін, модельдеу әдісі қолданылады. Болашақ мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастырудың модельдеу объектісі маманың рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру модельі бола алды, өйткені қажетті субкомпетенциялар жиынтығы кезең - кезеңмен қалыптасуы керек және нәтижесі-рефлексивті құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталуы керек. Жоғарыда айтылғандарға байланысты біз шеттілдік білім беру процесінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру модельінің келесі блоктарын бөлдік: *мақсатты, теориялық-әдіснамалық, мазмұнды-процессуалдық және нәтижелі, әрқайсысы өз құрамына кіретін компоненттерді сипаттайды.*

Модельдің *мақсатты* блогы шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру. Қойылған мақсат болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру

ұдерісін ұйымдастыруымен анықталады. Болашақ шетел мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру ұдерісі біз қосымша жүйе ретінде және шеттілдік білім беруде дербес сала деп қарастырамыз. Сонымен, болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру моделін құру үшін, мақсатын, нәтижесін анықтаймыз және негіздейміз, нәтижеге қол жеткізу құралдарын қарастырамыз (мазмұны, әдістері, тәсілдері, процесті ұйымдастыру). Модельдің құрылымдық мазмұны және оның компоненттерінің өзара байланысы мақсатпен анықталды. Яғни, болашақ шетел мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру. Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру арқылы біз оның барлық компоненттерінің қалыптасуын қарастырамыз. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері мен критерийлері нәтижелі блокта зерделенеді.

Теориялық-әдіснамалық блок модельдеу жүргізілген әдістемелік амалдармен және жетекші принциптермен ұсынылды. Алдыңғы тараушада анықтағанымыздай, рефлексивті ұстанымы жеке тәжірибеле негізделген қарым-қатынас жүйесі, демек, шеттілдік білім беру барысында кәсіби дайындық бір-бірін толықтыратын әдістемелік амалдардан тұру керек. Өз кезеңінде бұл жүйелік түрде қарастырылып, болашақ шетел тілі мұғалімін дайындау процесінде толық ықпал етеді. Шеттілдік білім беру ұдерісінде модельді құрудың әдіснамалық амалдары құзыретті, мотивациялық аксиологиялық және тұлғалық іс-әрекеттік болып табылады.



Сурет 9 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық аспектісі

Оқыту әрекеті амалға негізделеді. Амал деңгейінде белгілі бір білім саласындағы зерттеудің ең жалпы әдістемелік негізі көрсетіледі. Б. А. Глухов және А. Н. Щукиннің пікірлерімен келісе отырып, бұл амалды оқыту стратегиясын және шетел тілін оқытудың табиғаты туралы теориялық білім

базасын анықтайтын шеттілдік білім беру әдістемесінің негізгі категориясы ретінде қарастырамыз.

Оқытуға көзқарас тілді оқыту жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және оқыту процесінің тактикалық моделі бола отырып, басқа амалдарды жүзеге асыратын оқыту әдістері мен әдістерін тандауға негіз болады. Яғни, құзыретті, мотивациялық, аксиологиялық және тұлғалық іс-әрекеттік амалдар шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруда адекватты деп санаймыз. Бұл амалдардың жиынтығы мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталады.

Сонымен, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігі моделі аталған амалдарға негізделеді, соның шенберінде білім беруді жаңғырту стратегиясын іске асыру болады. Біз зерттеу жұмысымыздың әр амалды жеке-жеке анықтаймыз.

Әдістемелік ғылымда «амал» ұғымы білім беру болмысын тану немесе өзгерту үдерісінде өз іс-әрекеттерін жүзеге асыру кезінде жеке тұлғаның тұрақты әдіснамалық бағдарын білдіреді.

Қазіргі білім беру парадигмасында құзірет амалы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың мақсаттарын, міндеттері мен мазмұнын әзірлеудің басым әдіснамалық негізі болып табылады.

Құзыретті амал жеке тұлға мен қоғамның мұдделерін өзара байланыстыратын маманның моделін құруға мүмкіндік береді. Құзыретті амалдың мәні В.А. Болотов пен В. В. Сериков еңбектерінде мейлінше толық анықталған: «білім беру мазмұнында тұлға іс-әрекетінің ұғымдары, тәсілдері, шығармашылық әлеуеті, жеке ұстанымды көрсету тәжірибесі интеграциялану білім алушының өз тәжірибесінің барлық осы түрлерінің негізінде жүзеге асырылады, ол өз кезегінде рефлексия, зерттеу, бағалау пәні болуы тиіс делінеді [126, с. 8-15].

Бұгінгі танда білім берудегі инновациялық үдерісті бейнелейтін құзыретті амалы дамыған елдердің көпшілігінде қабылданған білім беру стандартының жалпы тұжырымдамасына сәйкес келеді және білім беру мазмұны мен оның сапасын бақылау жүйесін құрастыруға құзыреттілік жүйесіне көшумен тікелей байланысты.

Кәсіби оқытуда құзыретті амалды жүзеге асыру мәселелерін отандық және шетелдік ғалымдар қарастырады (С. С. Құнанбаева, А. М. Аронов, А. К. Мынбаева, П. В. Беспалова, И. Б. Васильев, К. Устемиров, Б. Кенжебеков, М. В. Семенова, Ш. Құрманалина, Н. Р. Шаметов және т.б. К. А. Асабай, В. И. Байденко, Т. О. Балықбаев, И. И. Бекбасарова, А. А. Вербицкий, У. С. Есадар, Э. Ф. Зеер, И. А. Зимняя, Н. В. Кузьмина, А. К. Кусаинов, А.К. Маркова, Р.Г. Мухитова, М.С. Пряжников, Дж.Равен, Б. С. Сарсекеева, Н.А. Селезнева, Ю. Г. Татур, В. Д. Шадриков және т. б.). Құзыреттілік амал шеттілдік білім берудің негізі ретінде, сонымен катар білім беру үдерісімен және жұмыс берушілермен өзара байланысты буын ретінде қарастырылады.

О. Е. Лебедевтің пікірінше, құзыретті амал білім берудің мақсаты мен мазмұнын анықтау үдерісін ұйымдастырудың және нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаттарының жиынтығы [127, с. 3-12].

Ю.Г. Татур құзыретті амалға келесідей түсінік береді: «жоғары білімі бар маманың құзыреттілігі бұл, көсіби және әлеуметтік саладағы табысты шығармашылық (нәтижелі) іс-әрекет үшін өзінің әлеуетін (білімі, іскерлігі, тәжірибесі, жеке қасиеттері және т. б.) іске асыруға ұмтылу және қабілеті (дайындығы), осы іс-әрекеттің нәтижелері үшін әлеуметтік маңыздылығы мен жеке жауапкершілігін, оны үнемі жетілдіру қажеттілігін сезіне отырып» іске асырылады [128, б. 18].

Осылайша, құзыретті амал шеттілдік білім беруде маманың көсіби іс-әрекетте өзін іске асыруға дайындығы ретінде анықтауға мүмкіндік, жеке тұлға мен мемлекеттің мұдделерін, еңбек нарығы мен социумның сұраныстарын біріктіретін маманың толассыз моделін құруға және жүйелі және тұтас көрініс түрінде білім беру нәтижесін ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа көсіби жағдайларда туындастын мәселелерді шеше білу қабілеті. Шеттілдік білім беру процесінде құзыретті амал рефлексияның практикалық бағытын қүштейді.

Құзыретті амал шеттілдік білім берудің түпкі мақсатына – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз көсібін білетін салаларына бағдарланған, тұракты көсіби өсуге, әлеуметтік және ұтқырлыққа дайын маман даярлауға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің көсіби даярлығын ғылыми зерттеудің әдіснамалық бағдарларының амалы ретінде мотивациялық амал негіз болады. Мотивациялық амал көсіби іс-әрекетті ынталандыратын және бағыттайтын элементтерді қамтиды, соның ішінде: бейімділіктер, тілектер, қажеттіліктер. А. Н. Леонтьевтің айтудынша, себепсіз мотив әрекеттер жиынтығына айналады [129]. «Оқу мотивациясы-бұл адамды білімді, таным тәсілдерін игеруге, оқуға саналы түрде қарауға, білім беруде адекватты болуға итермелейтін мақсаттар, қажеттіліктер мен мотивтер жүйесі қызметі» [130].

Болашақ шетел тілі мұғалімінің оқу іс-әрекетінің мотивациялық негізі бес компонентпен сипатталады: оқу жағдайына назар аудару; алдағы іс -әрекеті туралы хабардар болу; белгілі бір мотивті таңдау; мақсат қою; содан кейін таңдалған мақсатқа жетуге ұмтылу. Яғни, оқу іс-әрекетін жүзеге асыру; таңдалған әрекеттердің дұрыстығына сенімділікті сезіну, іс-әрекет процесі мен оның нәтижелерін өзін-өзі бағалау.

Біздің зерттеуімізде мотивациялық амал маңызды болып табылады. Сондықтан біз бұл мәселеге толығырақ тоқталамыз. Бұл зерттеуде мотивациялық амал келесіні қамтиды: өзінің болашақ мамандығына деген қызығушылығы, рефлексиялық білімді игеру қажеттілігі, рефлексиялық белсенділікке ынталандыру: өз бетімен өзара әрекеттесуге дайын болу, жеке және көсіби маңызды өмірлік жағдайлардағы өзін-өзі талдау, өз – өзімен өзара

әрекеттесу процесіне эмоционалды қатысу, өмірлік құндылықтардың өзгеруі және өз-өзіне бағыттау.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің мотивациялық амал құзыреттілігінің болуы, оның жеке – кәсіби тұрғыдан өзін -өзі бағалау және өзінің шет тілдік әлеуетін бағалау; болашақ кәсіби қызметке оң көзқарасы, «Шетел тілі» пәніне қызығушылығы.

Осылайша, мотивациялық амал рефлексивті құзыреттілік компенеттер (шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық, шеттілдік-рефлексивті-гностикалық, шеттілдік-рефлексивті -коммуникативті) жүйесін біріктіретін іс-әрекет болып табылады.

Мотивациялық амал:

- өз іс-әрекетін түсіну;
- мақсаттары мен шарттарын салыстыру;
- мақсатқа жету үшін оларды анықтау;
- жеке стратегия мен тактиканы дамыту;
- кері ақпаратты қабылдау және өндөу;
- аналитикалық-рефлексиялық іс-әрекетке қажеттілік.

Айта кету керек, мотивация болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастырудың бүкіл процесіне енеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі жетістік тек қабілеттер мен білімге ғана емес, сонымен қатар мотивацияға (жоғары нәтижелерге қол жеткізуге деген ұмтылыс) байланысты. Мотивация мен белсенділік деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көп факторлар (яғни мотивтер) оларды белсенділікке итермелейді.

Тұлғалық-іс-әрекеттік амал болашақ шетел тілі мұғалімінің өз іс-әрекетіне белсенді және шығармашылық тұрғыда қарау. Бұл амал жеке тұлғаның өзін-өзі белсендіруі, білім алушының жеке өсуі үшін жағдай жасауды көздейді. Сондай-ақ оған білім беру бағытын таңдау еркіндігі беріледі. Тұлға білім беру, оқыту ортасында болады. Осы ұстанымдардан біз болашақ шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісіне жақындеймыз [131].

Болашақ шетел тілі мұғалімі үшін, оқу-кәсіптік іс-әрекет барысында мотивтерді, мақсаттарды өз бетінше анықтауға және өзін-өзі тануға, олардың тәсілдерін таңдауға, нәтижені көрсетуге жағдай жасалғаны маңызды. Бұл амалды жүзеге асыруда мұғалімдер мен студенттер арасындағы қарым -қатынас ашықтық, сенім мен диалог негізінде құрылуы керек. Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудағы *тұлғалық-іс-әрекеттік амал* өзінің жеке мәнін іске асыруға қабілетті белсенді және шығармашылық субъект ретінде қарым-қатынасты болжайды. Яғни, диссертациялық зерттеуде тұлғалық - іс-әрекетті амал болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті ортаға ену дидактикалық шартты қолдану арқылы жүзеге асады.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудағы аксиологиялық амалдың өзектілігі, бірқатар факторлармен анықталады, ең алдымен қазіргі шеттілдік білім беру процесінде оку процесіне

қатысуышылардың қарым-қатынасы ретінде құндылық бағдарлары жүйесін бөліп көрсету және қалыптастыру қажет. К.А. Абульханова Славская, Б.С. Гершунский, В.Г. Воронцова, Н.С. Розов енбектерінде аксиологиялық амал құзыретті білім беру құндылығы болып табылады.

Бұл амалдың өзектілігін анықтайтын фактор - адамның дүниетанымының ажырамас бөлігі ретінде құндылық бағдарлары оған қазіргі жағдайға бейімделудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді [132, с. 79].

Бұл амал болашақ шетел тілі мұғалімінің өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіру қажеттіліктерін қанағаттандыру жолдары мен құралдарын зерттеуге мол мүмкіндіктерге ие. Аксиологиялық амалды жүзеге асыру «Рефлексивті практикум» арнайы курсын оқу барысында жүзеге асырылды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру моделін құру шеттілдік білім беруде ең тиімді және өзекті болып табылатын тұжырымдамалық *принциптер* мен тәсілдер негіз ретінде қарастырылады.

Принциптер - бұл кәсіби процестің қазіргі тенденциясын анықтайтын негізгі талаптар, яғни оның мақсаттары, мазмұны және ұйымдастыру әдістемесі.

Шеттілдік білім берудің заманауи әдістемесі бүгінгі білім беру жүйесінің қазіргі заманғы талаптарына сай болуы керек. Теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру үшін әдістемелік принциптер жүйесі қажет. Оқытудың интерактивті әдістері арқылы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру процесінің негізі келесі принциптерге негізделген: *субъективтілік, кәсіби және тұлғалық өсу, диалогтық өзара қарым-қатынас, бағалау мен бақылаудың критерийалдығы және толықтылығы*.



Сурет 10 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру принциптері

Субъективтілік принципі. Ол әрбір болашақ шетел тілі мұғалімінің құндылықтар туралы жеке түсінігін ұйымдастыруды, жалпыға бірдей адами өмірлік нормалар шенберінде еркін таңдау құқығын беруді, таңдау, қарым-қатынас, белсенделік субъектің ретінде тұлғаға бағдарлауды қамтиды.

Субъективтілік принципі шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімнің тұлғасын көсібі іс-әрекет субъектісі ретінде дамытуды негіздейді. Субъективтілік шеттілдік білім беруде болашақ маманның белсенделілігінің, тұтастығының, дербестігінің ең жоғары деңгейі; субъектінің тұтастығы тек көсібі іс-әрекеттің ғана емес, сонымен бірге бірлігін, интегративтілігін білдіреді [133].

Шеттілдік білім беруде болашық маманның рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыруды субъективті принцип тұлғаның рөлін нақтылайды және тұлғаның өз іс-әрекеттің тиімділігін талдауға, түсінуге және бағалауға, одан әрі дамуын болжауға мүмкіндік береді. Бұл принцип студенттердің рефлексивті тапсырмаларды орындау барысында іске асады.

Көсіби және тұлғалық өсу принципі, бұл болашақ шетел тілі мұғалімнің өзіне және іс-әрекеттеріне объективті баға беру, олардың оны қалай қабылдайтынын түсіну қабілеті; тұлғаның қалай бағаланатынын және оны әріптестері қалай қабылдайтынын түсіну. Маманның өз іс-әрекетіне және өзіне субъект ретінде белсенді зерттеу позициясына кіру мүмкіндігі. Осы тұрғады рефлексивтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімнің жеке және көсіби дамуы мен өзін-өзі дамытуының негізгі факторы болып табылады.

Рефлексия болашақ маманның көсіби іс-әрекеттің жеке стилін табуға көмектеседі, яғни көсіби өзін-өзі бағалауға қол жеткізу, нәтижелерін болжау және талдау, өзін-өзі ұйымдастыру деңгейі. Болашақ маманды көсіби деформациядан қорғайды, көсіби стереотипті женуге мүмкіндік береді.

Шеттілдік білім беруде құзыреттілік көзқарас тұрғысынан студенттерді оқыту процесінде инновациялық технологияларды қолдану мақсаттарының бірі, білім алушының тұлғасын дамыту, оның өзін-өзі дамыту, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жүзеге асыру, яғни негізгі құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. *Көсіби және тұлғалық өсу принципін* кейс-стади әдісі негізінде нақты жағдайларды оқыту әдісі арқылы дамытуға болады. Кейс стади әдісі шеттілдік білім беруде ұжымдық іздеу және шешімді негіздеу процесінде тиімді коммуникацияларды қалыптастыру қабілетіне ие болады.

Диалогтық өзара қарым-қатынас принципі субъектілердің диалогка бағытталған ақпаратты және құндылық-маңызды дағдыларды игеру болып табылады. Бұл принцип күрделі интегративті жүйелік білім. Сонымен қатар, диалогтық өзара қарым-қатынас принципі шеттілдік білім беруде рефлексивті іс-әрекетті жүзеге асырудың тиімді әдісі. Ол әр тұлғаның жетілуіне және өзін-өзі тануына мүмкіндік береді. Болашақ шетел тілі мұғалімнің диалогтік өзара әрекеті жоғары білікті мамандарды даярау тиімділігін арттыруға ықпал етеді және көсіби қызметте қарым-қатынастың диалогтік моделін жобалауға мүмкіндік береді. Болашақ маманнның диалогтық өзара қарым-қатынасын қалыптастыру диалогтың ашық кеңістігіне енү білім берудің басқа да негізгі міндеттерін шешуге жол ашады, атап айтқанда: білім мен дағдыларды игеру, шығармашылық өзін-өзі дамыту.

Бұл принцип сабак барысында сөйлеу барысын өзектендіреді. Рефлексивті құзыреттілігін арттыруды өзінің және өзгенің сөйлеу сапасын ретке келтіріп,

бақылайды. Осы тұрғыда шеттілдік білім беруде топтық әдіс топтық қабілетті қалыптастыру шығармашылық ойлауды рефлексивті құзыреттілікті дамыту ретінде қарастыруға болады.

Бағалау мен бақылаудың көп критериалдығы мен толықтығы принципі болашақ шетел тілі рефлексивтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі туралы жеткілікті және толық пайымдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл принципті іске асыру әрбір болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік іс-әрекетінің әр түрлі бағыттарын объективті бағалауға мүмкіндік беретін өлшемдердің өкілдік жиынтығын пайдаланумен қамтамасыз етілді. Кез келген жергілікті бағалау рефлексияның тар шенберлі спектрін көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан біз рефлексивті құзырет жүйесін қамтуға мүмкіндік беретін критериалды бағалау (цифрлық және сапалық) кешенін қолдандық.


Белгілентген бағыттарды іске асыру мақсатында болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктерін есепке алуды және осыған сәйкес модель әзірленді және модель шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінен өтті.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері аспектісінде біз келесі компоненттерді ұсынамыз: шеттілдік рефлексивтік –коммуникативтік субкомпетенция, шеттілдік рефлексивтік-гностикалық субкомпетенция, шеттілдік рефлексивтік –дамытушылық субкомпетенция.

Негізгі құзіреттіліктер кез-келген кәсіби іс-әрекет үшін қажет, олар тез өзгеретін әлемдегі жеке тұлғаның жетістігімен байланысты. Бұгінде олар ерекше мәнге ие. Олар, ең алдымен, ақпаратты, коммуникацияны, оның ішінде шетел тілінде қолдану негізінде кәсіби мәселелерді шешу қабілетінде көрінеді. Базалық құзыреттіліктер белгілі бір кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігін көрсетеді. Бір-бірімен өзара әрекеттесетін негізгі және арнайы құзіреттіліктер белгілі бір кеңістікті қолдана отырып, әртүрлі контекстегі өмірлік маңызды кәсіби міндеттерді шешу процесінде анықталады. Принциптер, тәсілдер мен компоненттер негізінде шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілік моделін қалыптастырыдық.

Мазмұнды-процесуалдық блок әдістер мен тәсілдерінің кезеңдерімен ұсынылған. Кәсіби дайындық барысында болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін енгізу рефлексивті-ақпараттық, рефлексивті іс-әрекеттік, рефлексивті-нәтижелі кезеңдерінде жүзеге асырылды.

Нәтижелі блок шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптастырудың тиімділігін критерийлері, деңгейлері, көрсеткіштерінің тиімділігін анықтайды. Диссертацияның 1.3 тарауашасында болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлерін бағалаудың объективтілігі анықталды.



Сурет 11- Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру моделі

Сәйкестік (өзін өзі кәсіби түрғыдан идентификациялау қабілеті). Яғни:

- кәсіби іс-әрекетке өзін-өзі бағалау мен талдауға дайындығы;
- шеттілдік білім беру талаптарына сәйкестігі қабілеті.

Кәсіби өзін-өзі дамыту қабілеті

- кәсіби өсу механизмдері туралы хабардар болу;
- өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі;
- шығармашылықпен өзін-өзі дамытуға ұмтылу.

Рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі критерийі кәсіби тәуекелдерді болжау және бағалау қабілеті, тәуекел жағдайында балама шешімдерді әзірлеуге дайын болу, стандартты емес жағдайларда креативті шешімдер қабылдау қабілеті.

Өзін-өзі бағалау қабілеті конструктивті сынды сырттан жеткілікті түрде қабылдай алады және кәсіби дамуға дайын тұлға.

Осылайша, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесі барлық компоненттердің қалыптасуының нәтижесі болып табылады. Яғни, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімі кәсіби іс-әрекетте рефлексия жасауға дайын болу қажет. Сондықтан біз шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігі қалыптасуының төмен, орташа және жоғары деңгейін анықтадық.

Жалпы зерттеуде ұсынылған модель, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың барлық блоктарының (4 блок) өзара байланысын көрсетеді. Олар: *мақсатты блок, теориялық-әдіснамалық блок, мазмұнды-процессуалдық блок* және *нәтижелік блок*. Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру модельнің блоктық элементтерінің өзара байланысын келесі кестеде көре аласыздар.

Кесте 3 - «Компонент - шарт – көрсеткіш» сызбасы бойынша шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру модельнің блоктық элементтерінің өзара байланысы

БШМ РК компоненттері	Дидактикалық шарттар	Критерийалды көрсеткіштер
Шеттілдік рефлексивті коммуникативті	Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексивті орта құру	Рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі
Шеттілдік рефлексивтік-дамытушылық	Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары	Кәсіби өзін-өзі дамыту қабілеті
Шеттілдік рефлексивті - гностикалық	Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру модельні табысты іске асырудың алғашқы қажетті дидактикалық шарты болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті іс-әрекетіне шығу қуралы ретінде рефлексия	Өзін-өзі бағалау қабілеті

Осылайша, зерттеуде ұсынылып отырған модель 6В01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бағыты бойынша шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру процесінің негізгі сипаттамаларын көрсетеді.

Қойылған мақсатқа сәйкес, әр кезеңде рефлексивті құзыреттіліктің кейбір компоненттері сапалы түрде өзгерді, сондықтан біз бұл сапаның қалыптасу деңгейлері деп айтамыз.

Шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуы туралы айтатын болсақ, біз оның түпкі нәтижесін айтамыз. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың нәтижесі рефлексивті құзыреттіліктің барлық компоненттерінің қалыптасуына айналу болып табылады, Яғни, болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби іс-әрекетте рефлексия жасауға дайын болуы қажет деген пікір айтамыз. Барлық сипатталған блоктар болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың бірынғай және тиімді құрылымдық-мазмұндық моделіне жинақталды.

Шетел тілі мұғалімін даярлау бойынша біздің моделіміздің басқа мамандықтарынан айырмашылығы – ол екі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынаста болу делдалы ретінде танылады. Бұл ерекшелік мәдениаралық коммуникацияны қалыптастыру арқылы, өзге тілде білім беру процесінде маман даярлау кезінде жүзеге асырылады. Шеттілдік білім беруде маманың рефлексиялық құзыреттілігі халықаралық өзара іс-әрекетті тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен катар, ол бүгінгі күні шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуына айтарлықтай әсер ететін негізгі фактор болады.

2.2 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру технологиясы

Осы тарауда алдыңғы тараушаларда баяндалған теориялық негіздермен тығыз байланыста жасалған шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыратын әдістемесін сипаттау болды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін диагностикалау әдістемесін әзірлеу, білім берудің болжамды нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін, әдістер мен тәсілдерді дайындау немесе іріктеуді білдіреді.

Шетел тілін оқыту әдістемесі пәнін оқыту барысында лингводидактикаға тоқталмай кете алмаймыз. Осы тұста лингводидактика көп қырлы арнайы пән ретінде маманың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру стратегиясын (кәсіби педагогикамен қызылсы) шетел тілін оқыту процесінде (лингводидактиканың аспектілерін ескере отырып) зерттеумен айналысады. Дидактика, неміс ғалымдарының түсінігінде, шетел тілдерін оқыту туралы ғылым, дәлірек

айтқанда, тілдерді оқыту мен оқытудың мақсаттарын теориялық негіздеумен, оқыту мазмұнын тандау мен үйымдастырумен, кез-келген гипотетикалық оқу жағдайларында кез-келген тілді оқытудың құралдары мен әдістерін жасаумен айналысатын ғылым деп айтады. Лингводидактиканың көсіби маманды даярлау барысындағы бағыты- инновациялық әдіс-тәсілдерді шеттілдік білім беру әдістемесінде қолдана алу мүмкіншілігі. Бұл өз тарабынан «әдіс» ұғымын жан-жақты қарауга мүмкіншілік беріп отыр.

Сөздік-энциклопедиялық дереккөздерде «әдіс» деген сөзді түсіндіруге жүгінейік. С. И. Ожеговтың сөздігінде (гр.méthodes) - табиғат құбылыстарын немесе қоғамдық өмірді тану, зерттеу тәсілі немесе әрекет деп түсіндіріледі» [134, с. 212].

Б.П.Есипов: «Әдіс деп – мұғалімдер мен студенттер жұмысының білік шеберлігі, студенттердің дүниетанымы, қабілеттері дамитындығын анықтайды [135].

Ю.Б. Бабанскийдің анықтамасы бойынша, әдіс – бұл оқыту процесінде білім беру, тәрбиелеу, дамыту мәселелерін шешуге бағытталған оқытушы мен студенттердің үйымдастану түрде өзара әрекеттесу тәсілі [136].

П. И. Боровицкий әдісті білім алушылардың білімін белсенді және саналы түрде менгеруі, көзқарастары мен нанымдарын қалыптастыруы, ақыл-ой күші мен қабілеттерін дамыту, іскерліктері мен дағдыларын дарыту қамтамасыз етілетін мұғалім мен білім алушылардың жұмыс тәсілдері ретінде анықтайды [137].

Әдісті категория ретінде түсіну әдетте мақсатқа жету, накты мәселені шешу және шындықты білу әдістерінің жиынтығымен байланыстырады. Философиялық әдіс, философиялық білім жүйесін құру және негіздеу тәсілі ретінде ерекше атап өтілді. Философияда іс-әрекетте қолданылатын ережелер әдіске, ал әдіс принципке негізделгені жазылған. Мысалы, Р.Декарт әдістерді ақыл-ойдың қажетсіз тұстарын болдырmas үшін, ақыл-ойды қолдануды реттейтін ережелер деп санайды.

Г.П.Щедровицкий әдісті жаңа білімді шығаруға, сонымен қатар іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және қайта құруға мүмкіндік беретін білімнің ерекше түрі деп атады. Бұл әдіс мәселені шешу үшін қажет және ол үшін оның шарттарын білу, оны шешудің белгілі бір құралдарына ие болу, мәселені шешудің процедурасын немесе процесін құра білу қажет. Бұл ережелер бірлесе отырып әдісті құрайды [138, с. 226]. Екі элементтің жиынтығы: нысандарды зерттеуге мүмкіндік беретін әдістемелік білім және іс-әрекетті басқаруға мүмкіндік беретін әдістемелік нұсқамаларды Г.П. Щедровицкий әдіс ретінде белгіледі.

С.С. Құнанбаева «Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беру тұжырымдамасында» атап өткендей, шетел тілі бойынша педагогикалық кадрларды даярлауды жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі «заманауи әдістер мен технологияларды игеру» болып табылады [2].

Осы теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыруда интерактивті әдістердің тиімділігін ұсынамыз. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық қабілеті интерактивтіліктің сипатына ие, өйткені ол табиғатта диалогтық сипатқа ие және кері байланысқа бағытталған. Рефлексия субъектінің өзінің ішкі диалог процесінде пайда болады, содан кейін рефлексиялық құзыреттілік интеллектуалдық аспектісінде көрінеді. Болашақ шетел тілі мұғалімі басқа субъектілерімен қарым -қатынас процесінде өзара әрекеттесе алады, бұл жағдайда рефлексивті құзыреттіліктің коммуникативтік аспектісі көрінеді.

Кесте 4 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері және дамытылатын құзыреттіліктер

Әдістер	Тәсілдер түрі	Дамытылатын құзыреттіліктер
Интерактивті әдіс Кейс стади әдісі	Рефлексивті тренинг Рефлексивті тапсырмалар	Шеттілдік -рефлексивті- дамытушылық рефлексивті күнделік арқылы тренингпен жұмыс істеу
Өзін-өзі бағалауды анықтау әдісі	Рефлексивті күнделік	Күнделік нәтижесін бағалауда шеттілдік рефлексивті- гностикалық құзыреттілік
Топтық әдіс	Семинар және практикалық сабактар	Тапсырманы орындау барысындағы шеттілдік рефлексивті-коммуникативті- ұжымдық жұмыс

Әдістердің дамуына және олардың сәйкестігіне әсер ететін маңызды мәселе, таным түрі ретіндегі жеткілікті қарастырылмай келген зерттеу әрекетіне ықпал етуші және басқарушы рефлексия болып табылады. Қазіргі ғылыми еңбектердегі әдістердің жіктемесінде рефлексивті әдістер көрсетілмей келді. Алайда, рефлексивті әдістерді қарастыратын әдебиеттер мен тәжірибеде, рефлексивтік әдістер берік ұғым ретінде бекітілді және оған интерактивті оқыту түрі, диалогтық әдістерді жатқызады. Бұлар рефлексивті әдісті жүзеге асыруды тиімді қолданылады. Рефлексивті әдістің мақсаты жүзеге асырылған пәндік іс-әрекеттің моделін ұғынумен анықталады және соның негізінде оның пәндік әрекеті белгілі бір аймақта жалғасады. Рефлексивті әдісті қолдану нәтижесі құрастырылған ұғым, тұжырымдалған қарама-қайшылық, табылған функционалдық байланыс немесе зандылық, зерттелетін пән бойынша теориялық құрылым, іс-әрекет тәсілі болуы мүмкін [139, с. 226].

Рефлексивті әдісті негіздеу қазіргі уақытта негізгі әдістемелік әдістердің жіктемесіндегі оның орны қандай деген сұрақты қарастыруға әкеледі. Егер Ю.К.Бабанскийдің әдістер жіктемесіне сүйенсек, онда рефлексифті әдісті оқыту жұмыстары мен операцияларын жүзеге асыруды ұйымдастыру ретінде екінші тобына жатқызуға болады [136, с. 567].

Рефлексивті құзіреттілікті дамыту үшін ұсынылатын әдістердің арасында зерттеушілер жеткілікті кең палитраны қолданады. Рефлексивті механизмдердің дамуындағы ерекше бағытты М.И. Найденов, Л.А. Найденова, Л.В. Григоровская ұсынды [139;140, с. 26-34].

Топтық рефлексивті әлеует туралы ережеге сүйене отырып, зерттеушілер топтық рефлексияның жекелеген бағыттарына назар аударады. Бұл рефлексияның аутсорсинг феноменін анықтауға мүмкіндік берді. Мұнда қарым-қатынас бойынша серіктестің сыртқы рефлексивті қуатын бірлескен нәтижеге қол жеткізу үшін ғана емес, әрі қарай дербес шығармашылық ізденісті қамтамасыз ету үшін пайдалану мүмкіндігі ескеріледі. Рефлексивті механизмдерді дамытудың негізгі әдісі ретінде, зерттеушілер рефлексивті-топтық әдісті ұсынды. Оны пайдалану тиімділігі арнайы эксперименттік зерттеулер және шығармашылық рефлексивті-топтық тренингтің авторлық бағдарламаларын апробациялау шенберінде тексерілген [141, с. 86-98].

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру құралы ретінде ғалымдар ситуациялық мәселелерді шешуді ұсынады [142, с. 164-168], өмірлік жағдайларды модельдеу, рөлдік ойындарды қолдану, проблемаларды бірлесіп шешу, рефлексивті оқыту әдістері [143], рефлексивті іс-әрекет процесінде интерактивті өзара әрекеттесу, рефлексивті тренинг.

Қандай да бір әдістерді қолдану мамандықты ескере отырып, соның негізінде құрылуы тиіс. Осыған орай, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі әдістер жиынтығын ұсынамыз.



Сурет 12 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістері

Ұсынылған әдістердің әрқайсысын толық қарau оларды шеттілдік білім беру процесінде және болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үрдесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамыту әдістері ретінде интерактивті әдістер танылды. Біз таңдаған әдістердің жиынтығына интерактивті әдістер (тренинг, кейс-стади), тоptyқ жұмыстар мен рефлексивті практикум енгізілді.

Оқытудың интерактивті әдістері студенттерді өз бетінше білім беру іс-әрекетіне тартады және олардың белгілі бір міндеттерді шешуге, алған білімдерін қолдануға жеке қызығушылығын тудырады. Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқытудың белсенді әдістерінің мәні, студенттердің тапсырманы шешу барысында іскерліктер мен дағдыларды өз бетінше игеріп, тұлғаның рефлексивті қабілетін дамыта алатын міндеттерді орындаудың қамтамасыз ету болып табылады.

Шеттілдік білім беруде оқытудың интерактивті аспектісі студент пен мұғалімнің өзара әрекеттесу процесін зерттейді: қажеттіліктерді талдау негізінде тапсырмаларды қоюдан бастап, тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар тілдік дағдылардың қалыптасу денгейін тіркейтін оқу нәтижелерін бағалауға дейін. маманның кәсіби қасиеттері. Бұл ретте болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі ашылады.

Мысалы, кейс тапсырмалармен жұмыс жасау. Кейс –стади әдісін пайдалану мәселесіне М.Буравой, О.Н. Калачикова, И.Козина, Е.И. Михайлова, Г.Н. Прозументова, О.Г. Смолянинова, Ю.П. Сурмина және т.б. зерттеулері арналған. Көптеген зерттеулерде кейс-стади әдісін түрлі аспектілері көрсетілген: іс-әрекеттерді басқару үшін кейстерді пайдалану (Е. В. Егорова, И.М. Жураховская, А. А. Чекан және т. б.); кәсіптік білім беруде кейс тапсырмаларын қолдану (Н.А. Айцева, И. В. Воронина, А.С. Душкин, В.А. Делигер, Д.А. Елисеев, А.М. Каунов, Е.В. Маликова, Т.Б. Межова, Н.В. Ходякова және т.б.); кейстерді әмбебап оқу іс-әрекетін қалыптастыру тәсілі ретінде дамыту (М.А. Панфилов, В.М. Панфилов және т. б.); кейстерді студенттердің құзыреттілігін бақылау құралы ретінде пайдалану (Е.Н. Красикова, В.И. Николаева, А. Ю. Собко және т. б.) қарастырылған.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзіреттілігін дамытудың тиімді әдістерінің бірі, проблемалық, рөлдік, белсенді және уақыт аспектілерімен сипатталатын күрделі білім беру болып табылатын кейс әдісі [144, с. 51]. Негізінде ол ойын әдістері мен проблемалық оқытуға жақын ұсынылған мәселені шешу үшін студенттердің белсенді ізденуін, содан кейін процесті және барлық қатысушылардың бірлескен іс-әрекеттерін талқылауды қамтиды. Кейс әдісін қолдана отырып өткізілген сабактың нәтижесі рефлексиялық құзіреттіліктің

даму деңгейін көрсететін критерийлер арқылы бағаланады. Бұл өлшемдерге мыналар кіреді:

- талдау және сыни ойлау дағдыларын менгеру;
- теориялық білімді іс жүзінде бекіте білу;
- мәселелерді алқалы түрде анықтауга және шешуге дайын болу;
- белгісіздік жағдайында күрделі мәселелерді шешуге дайындық;
- презентациялық дағдыларды менгеру;
- өз пікірін, дербестігін дәлелдеу және қорғау кезінде өзіне сенімділік;
- басқаның пікірін ескеру, талқылау, қабылдау қабілеті, ымыраға келуге дайын [145, с. 21].

Осылайша, кейс–стади әдісінің көмегімен рефлексивті құзыреттіліктің барлық компоненттерін дамытуға және әлсіз жерлерді қадағалауға болатынын көріп отырымыз, соның негізінде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту процесіне уақтылы түзетулер енгізу мүмкіндігі пайда болады.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамытудың ең тиімді әдістерінің біріне арнағы ұйымдастырылған рефлексивті тренинг жатады. «Тренинг» термині бірнеше мағына береді олар: оқыту, тәрбиелеу, жаттығу. Көптеген мамандар тренингті оқытуда және күрделілігіне қарай кез келген қызмет түрін менгеруге қабілеттілікті дамыту әдістерінің тобы ретінде анықтайды. Тренинг кәсіби білім мен іскерлікті арттыруға бағытталған жоспарланған белсенділіктің бір бөлігі ретінде немесе мұғалімнің әлеуметтік мінез-құлқын өзгертуге бағытталған іс–әрекеттің мақсаттары мен талаптарымен ұштасқан [146].

Рефлексивті тренинг түрлендірушілік, түзетушілік және алдын алушылық функцияларын атқарады. Тренингпен орындалатын әр түрлі міндеттер анықталады, олардың ішінде:

- кәсіби маңыздылығы бар басқа адамдарға ықпал ету, олармен өзара қарым–қатынас орнату және ынтымақтастық дағдыларын ынталандыру;
- кәсіби тұрақты өзін–өзі жетілдіру үдерісіне, кәсіби дамудың түрлі стратегияларын апробациялауға ынталандыру.

Тренинг жұмысындағы басты рөл тұлғаның өзін–өзі тануы, өзін–өзі өзгертуі мен өзін–өзі жетілдіруі болып табылады. Тренинг болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби қабілеттерін дамытуға, рефлексивті құзыреттілігінің арсеналын толықтыруға мүмкіндік береді.

Тренингтің әр түрлі санаттарының қатарында рефлексивті тренинг ерекше орын алады. Біздің пікірімізше, ол кәсіби іс–әрекетте тәжірибесі төмен мұғалімдердің рефлексивтілігін дамытудың бірден бір тиімді әдісі болып табылады. Л.А. Петровскаяның пікірінше, тренинг шын мәнінде «қарым–қатынастағы өз көріністерін рефлексивтендіру бағытында қадам жасауға және белгілі бір білімдерді осы бағытта верификациялауға мүмкіндік береді» [147, с. 52].

А.А. Реан мен Я.Л. Коломинский бірыңғай рефлексивті–перцептивті талдау туралы көзқарастарын негіздей отырып, дербес екі міндетті өз тұлғасына

теренірек енуге, өзін–өзі талдау (рефлексия) мүмкіндіктерін кеңейтуге және басқа адамдарды (элеуметтік перцепция) неғұрлым адекватты түрде тану түсінігін ұлағайтуды ұсынады [148].

Тұлғалық және кәсіби өсуді қамтамасыз ету үшін, рефлексивті процестің тиімділігі айтарлықтай артады. Яғни, рефлексивті тренингтің тиімділігі: тренинг барысында қатысуышылар арасында ұжымдық және жеке рефлексия арқылы бірлескен шығармашылық қарым–қатынастар дамиды, бұл өзін–өзі дамыту мен өзін–өзі жүзеге асырудың қарқынды үдерісін қамтамасыз етеді. Бұл өз тәжірибесін қайта қарауға және кәсіби құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

Рефлексивті тренингтер өзін–өзі тану және өзін–өзі түсіну үдерістерін белсендерудің негізі болып табылады. Рефлексивті тренинг болашақ шетел тілі мұғалімнің жеке тұлғасына, оның кәсіби білімге бағытталған іс–әрекетіне, пәнге қатысты жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Рефлексивті жаттығулар, тренингтік жұмыстың құрамдас болігі ретінде, жеке тұлғаға әсер береді және оның өзіне, өз іс–әрекетіне қатысты рефлексивті, зерттеу позициясына шығуға итермелейді. Рефлексивті тренингтің он әсері ретінде, оның өзін, өз мүмкіндіктерін тануға итермелуеі мен өзін басқалардың көзімен көруге көмектеседі және белсенді дербес іс–әрекет дағдысын қалыптастырады. Тұлға белгісіз, стандартты емес және проблемалық жағдайларда шешім қабылдай алады. Бұл өз тұрғысынан тұлғаның шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады, әлеуметтік бейімделу деңгейін арттырады, рефлексия жасауға ықпал етеді. Тренинг өткізушиңі басқа қатысуышыларға сенім білдіріп, көмек көрсетуге байланысты жағымды эмоцияларды сезінуге жағдау ұйымдастырады.

Тренинг барысында болашақ шетел тілі мұғалімі тиімді қарым –қатынасты қабылдайды және жүзеге асырады. Болашақ шетел тілі мұғалімінің он қасиеттеріне сүйене отырып, оның енбегін мойындаиды деп болжанады.

Рефлексивті тренинг барысында «көрі байланыс» қағидаты бойынша құрылған жаттығулар қолданылды. Мұндай жаттығуларға:

- болашақ шетел тілі мұғалімінің шиеленісті жеңілдетуге және эмоционалды қашықтықты азайтуға бағытталған жаттығулар («Айна», «Жұпты табыңыз»);
- өзін–өзі ашу процестерін терендетуге арналған жаттығулар, интроспекция дағдыларын дамыту және өзін–өзі көрсетуге кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді жеңу («Автопортрет», «Бет передесіз», «Мен бейнесі»);
- топтық біріктіруге арналған жаттығулар («Бірлік», «Фоторобот»).

Көрі байланыс сенімді қарым–қатынас жасауға, студенттердің өзін–өзі қалыптастыруға ықпал етеді. Тренингте қолданылған жаттығулар, мысалы, «Менімен бөліс», «Портрет», «Сұхбат» студенттерге жеке қасиеттерін ашуға көмектесті. Рефлексивті тренингті қолдану болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік–рефлексивті–коммуникативті субкомпетенциясын қалыптастыру процесін күшайтуғе ықпал етті.

Бұл мақсатты түрде ұйымдастырылған рефлексивті іс-әрекет, болашақ шетел тілі мұғалімінің құндылық бағдарлары мен іс-әрекеттер деңгейінде өзіне және басқаларға деген көзқарастың тұрақты (мағыналы) бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Рефлексия үдерісі топтық белсенділік әдісі арқылы, барлық қатысуышылардың айтқан идеяларын түсінуін, олардың шиеленіскең жағдаяттарды енсеруін және жұмыс жасау тәсілін бөлісуді қамтамасыз етеді. Рефлексия топ мүшелерінің қандай мәселе туралы және оны қалай шешуге болатынын түсінуге, сондай-ақ өзінің түсініктері мен жұмыс тәсілін сүни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «Рефлексия- іс-әрекет пен оның нәтижелерінің өзіндік талдау» түсінігі ретінде анықталды. Шеттілдік сөздікті рефлексияны өзінің ішкі жағдайы туралы ойлану, өзін-өзі тану ретінде анықталады [149, с. 4-6].

Оқытудың топтық формалары мен әдістері – білім алуға және жеке даму үшін тікелей өмірлік тәжірибе құруға бағытталған арнайы ұйымдастырылған топтардағы жұмыс.

Топтық белсенділік әдісі әртүрлі функциялар атқарады: топтарда жұмыс барысын бақылайды, сұрақтарға жауап береді, пікірталастарға жауап іздел іс-әрекет тәртібін реттейді және аса қажет болған жағдайда жеке немесе жалпы топқа көмек көрсетеді.

Белсенділік топтық әдістері:

- кооперативтік оқыту (болашақ шетел тілі мұғалімдері жалпы мәселені шеше отырып, шағын топтарда өзара қарым-қатынас орындалады);
- топтық пікірталас (топтық тапсырмаларды шешу мақсатында оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің бірлескен іс-әрекеті);
- «Миға шабуыл» (идеяларды жалпыландыру топтарын құру, ситуацияларды талдау және идеяларды бағалау, қайши пікірлер бойынша тақырыпқа немесе сұраққа пікірін ынталандыру);
- «Дөңгелек үстел» және «Американдық Мозаика» әдістері («Кескіштер»);
- «Тіршілік ету» және «Ойлан тап» танымдық әдістері.

Л.Г.Олеҳтің пікірінше, тұрақты даму – бұл әлеуметтік үдерістердегі объективті және субъективті тиімді диалектика, ынтымақтастық, бірлескен іс-әрекеттер [150].

Г.М. Андрееваның шығармаларында топтық жұмыстардың әлеуеті ерекше талдау тапты [150]. К. Рудестам [151] жалпы қыншылықтары бар тұлғалардан рефлексия арқылы қолдау алу мүмкіндігі болып табылады. Топтық өзара қарым-қатынас үдерісінде құндылықтар мен басқалардың қажеттіліктерін қабылдау жүзеге асады. Топта адам өзін қабылдаған және қабылдаушы, сенім білдіруші, қамқорлық пен қолдауға ие болады, көмек алады және жақтаушыларды сезінеді. Ғылыми әдебиеттерге жүгінсек, топтық өзара қарым-қатынас жасау үдерісінде, өзін басқалармен сәйкестендіру әрекеті жүреді және тұлға өз сезімдері мен мінез-құлықтарын бағалауда эмоциялық қарым-қатынастарын пайдаланады. Кері

байланыс болашақ мұғалімнің өз ұстанымдары мен мінез-құлқын бағалауда маңызды және оның өз-тұжырымдамасының дамуына әсер етеді. Топтық жұмыс өзін-өзі зерттеу және интроспекция үдерісін жеңілдетуі мүмкін. Өзін-өзі дамыту және өзгерту үдерісі басқалармен бірlestікте ынталандырылған кезде, сол себептен өзіне деген сенімділік қүшейе түседі.

Р.Л. Кричевский және Е.М. Дубовская топтық үдерістің «сенімділік» санатына сәйкес келетін жеке қасиеттердің дамуына әсері туралы айтады: жауапкершілік, өзіне сенімділік, өзін-өзі құрметтеу, эмоциялық тұрақтылық [152].

Ш.А. Аманашвилидің зерттеулерінде, ынтымақтастық идеясын басшылыққа ала отырып, адамдар өмір сүру жағдайын мақсатты түрде өзгертіп, оның сапасын жақсарта алады және сол арқылы өзін-өзі өзгертеді. Яғни, өзіндік руханилығын, білімін, өз мүмкіндіктерінің қырларын көңейтеді [153]. Адамгершілік педагогика антологиясында осындай деректерге кездесеміз: тек еркіндік іс-әрекет арқылы, ынтымақтастыққа және әлеуметтік үйлесімге дайындауға болады. Бұдан әрі қарай өмірлік қыындықтарға төтеп беруге, қыындықтарды жеңуге және кемелдікке қол жеткізуға көмектесетін тұлғаның басты қасиеттерінің бірі-топтасу, басқалармен ынтымақтасу қабілеттері жүзеге асады. Тек қана ынтымақтастық үдерісінде тұлға өзінің бүтін емес сезімін жеңе алады, бүкіл адамзаттың дамуына бағалы үлес қосады [154]. Иностранный язык –групповая раота рефлексия добавить

Осылайша, болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру кезінде топтық белсенділік әдісін қолдана отырып, болашақ шетел тілі мұғалімнің оқу және танымдық уәждемесі жоғарылайды, қандай да бір міндеттерді шешуде үлгермейтін, құзыретті емес болып қалу қорқынышы тәмендейді, топта білім алу қабілеті, білімді менгеру және өзектендіру тиімділігі тәмендейді, тапсырманы бірлесіп орындау кезінде әр студент жалпы жұмысқа өз үлесін қосады, яғни топтық жұмыс аудиторияда психологиялық климаттың жақсаруына ықпал етеді, өзара сыйластықтың дамуы, диалог жүргізу және өз көзқарасын дәлелдей білуі артады.

Шеттілдік білім беруде қарастырылатын құзыреттің құрамдас бөліктерін дамытатын және диагностикалайтын тағы бір әдіс *рефлексивті тапсырма* болып табылады. Ол іс-әрекет субъектісінің мақсаттарының және шешіліп отырған жағдайлардың бірлігін білдіреді. Рефлексивті құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырма кәсіби іс-әрекеттер жүзеге асырылатын бірқатар талаптарға жауап беруі тиіс.

Әдістемелік іс-әрекеттің ерекшеліктерін, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімдерін, логикалық жағдайын және оның кезеңдерінің реттілігін ескере отырып, біз рефлексиялық тапсырмалардың келесі төрт тобын ажыраттық:

1) аналитикалық және рефлексивті тұмас педагогикалық процесті және оның элементтерін талдау мен рефлексиялау міндеттері (пәннің қатынастар, туындастырылған проблемалар) және т.б.;

2) ұйымдастыруышылық және белсенділік - әр түрлі рефлексиялық және кәсіби іс-әрекеттерді біріктіретін оңтайлы нұсқаларын іске асыру міндеті;

3) бағалау-ақпараттық – рефлексивті құзыреттілікті дамытудың жайкүйі мен перспективалары туралы ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау міндеттері;

4) түзету-реттеу – рефлексивті құзыреттілікті түзету, дамыту мазмұны мен әдістері міндеттері.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру кезінде өзін-өзі бағалауды анықтау әдісі. Шеттілдік білім беруде өзін-өзі бағалау әдісін болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби сана-сезімінің маңызды детерминанты ретінде қарастырамыз. Кәсіби өзін-өзі бағалаудың негізгі мазмұны бар эталондармен салыстырғанда, өзіндік кәсіби маңызды қасиеттер мен іс-әрекет өнімділігі - қарым-қатынас жасау болып табылады. Кәсіби өзін-өзі бағалауға болашақ маман іс-әрекетінің нәтижелілігі, әлеуметтік факторлар, басқалардың бағалау пікірлері, қарым-қатынасы әсер етеді. Өзін-өзі бағалау болашақ шетел тілінің мұғалімі, өз кәсіби іс-әрекетін дамытуды жүзеге асыра отырып, алдына қойған міндеттерді талап ету деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етеді. Объективті, өзін-өзі дұрыс бағалау болашақ маман шеше алатын кәсіби міндеттердің шенберін дәл анықтауға, шамадан тыс мақсаттардан уақытында бас тартуға мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның шынайы мүмкіндіктеріне өзін-өзі бағалау сәйкестігінің көмегімен, ол өзінің ішкі үйлесімділігіне қол жеткізе алады. Өзін-өзі бағалаудың болмауы жеке тұлғаның өзін жоғалтуына және басқаларды бағалаудың маңыздылығының өсуіне әкеледі.

Рефлексивті тапсырмалар деп, әдетте оларды шешу үдерісін түсінуге ықпал ететін міндеттерді түсінеміз. В.В. Котенко рефлексивті тапсырма ретінде «оқу іс-әрекетінің түрлі компоненттерін көрсету үдерісін белсендіретін тапсырмалар» деп атап өтеді.

Рефлексивті тапсырмалар білім алушыларға: «Білім компоненттерінің арасындағы әртүрлі байланыстар мен қарым-қатынасты бөліп көрсетуге; білімді жинақтау және жүйелендіруге; тапсырмаларды шешудің зерделенген тәсілдерін және әрекеттерді ұйымдастырудың схемалашуға; олар арқылы өз іс-әрекетін реттеуге және жүзеге асыра алатын түрлі өлшемдер мен ережелерді әзірлеуге көмектеседі» [155, с. 95] деп атап көрсетеді.

Рефлексияның интеллектуалды түрі Н.Г. Алексеев, В.В. Давыдов, О.В. Долженко, Э.В. Ильенкова еңбектерінде қарастырылған. Интеллектуалды рефлексия субъектінің өзіндік іс-әрекеттерін пәндік ахуалмен бағалау, бөлу, талдау және салыстыру іс-әрекеті ретінде анықталады [156, с. 686–687]. Интеллектуалды рефлексия негізі ретінде ойлау операциялары: талдау, синтез, салыстыру, жалпылау болып табылады. Тұлғалық рефлексиясын А. В. Карпов, Ю. М. Орлов, С. Ю. Степанов өз еңбектерінде қарастырған. Тұлғалық рефлексия адамның өзін-өзі талдауын, өзінің жеке қасиеттерін, қайта құру іс-әрекетіне және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылышын білдіреді.

Біз өз кезегімізде, болашақ шетел тілі мұғалімінің алдындағы тапсырмаларды шешу үдерісіне өз бетінше талдау жасай білуді қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды жеке іс-әрекетінің (рефлексия) тәсілдерін қарастыра білуді рефлексивті тапсырмалар деп түсінеміз. Рефлексивті тапсырмаларды шешу, студенттердің білім алу әрекеттерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс, олар: негізгі қарым-қатынасты анықтау, графикалық немесе белгілік формада бөлінген қарым-қатынасты модельдеу, орындалатын іс-әрекеттерді бақылау, осы тапсырманы шешу нәтижесі ретінде менгеруді бағалау.

Әдістемелік диагностиканың тағы бір түрі, ең алдымен:

– өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға бағытталған рефлексивті күнделік жүргізу;

– өз-өзін бақылау, өзіндік іс-әрекеттер мен өзіндік қарым-қатынасы.

Студент жаңа білімдерді, әдістемелік тәжірибесін «рефлексивті күнделікте» қарастыра отырып, кәсіби қыындықтар мен сәтсіздіктердің себептерін талдайды.

Казіргі сөздіктердегі «күнделік» сөзінің түсіндірмелерін талдау келесідей нәтижелер көрсетті: біріншіден, күнделік жеке сипаты мен тұрақтылығымен ерекшеленетін оқиғаларды немесе бақылауларды жазу болып табылады. Онда күнделік иесі өзіндік ойларының, сезімдерді мен қарым-қатынастарының рефлексиясы бар жұмыстар іс-шаралар кезінде жүргізуі мүмкін. Әдістемелік диагностиканың бір түрі ретінде, ең алдымен өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға бағытталған, өз іс-әрекеттерін бағалау тараپынан қарым-қатынас негізінде рефлексивті күнделік жүргізу болып табылады.

Сонғы жылдары кәсіби бағыттағы енбектерде жеке күнделік кәсіби дайындықтың [157] немесе ақпаратты тереңдетіп өңдеудің [158] күрделі және пәнаралық дағдыларды дамытудың тиімді құралы екенінін куәландырады.

Рефлексивті күнделік -бұл болашақ маман үшін ақпарат және одан әрі жұмыс жасау үшін сабак туралы жалпы сипаттама болып табылады. Алайда, күнделікті өткізілген күннің қорытындысы туралы жазбалар еркін түрде жүргізілетін құжат болғандықтан, оны пайдалану тәжірибесінің тиімділігі аз болып шықты. Көптеген болашақ шетел тілі мұғалімдері олардың талап етілетінін түсінбей немесе өз іс-әрекетін рефлексивті талдау тәжірибесі болмаса, мұндай күнделікті практика барысында емес, оны аяқтағаннан кейін де формальды түрде толтыратыны құпия емес. Күнделік өзінің рефлексивті функциясын орындау үшін, оның құрылымы мен мазмұнын нақты анықтау қажет.

Рефлексивті күнделіктері мақсатына байланысты әр түрлі нысандарда пайдаланылуы мүмкін. Олар ашық блогтер немесе қолжазба кітабы түрінде және күн сайын немесе айына бір немесе бірнеше рет, кейде іс-шара өткізген кездеғана жазылады және олар әр түрлі құрылымда болуы мүмкін [159].

Рефлексивті күнделіктер студенттердің рефлексия үдерісіне көмектесе алатын және метакогнитивті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін жазу құралы болып табылады [160, р. 216-221].

Мұқият жедел жобалау студенттерді оқыту мазмұны мен оқыту үдерісінде өзіндік мінез-құлқын белсенді ұғынуға ынталандырады, бұл метакогнитивті стратегияларды қолдануға және олардың ықпалдасуына негіз болды [161, р. 239-235].

Рефлексивті күнделіктің негізгі функцияларының бірі - өзін-өзі бақылау. Ол жалпы рефлексия және кәсіби рефлексия құралы болып табылады. Күнделіктерді жүргізу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдері рефлексивті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырады (рефлексивті өзін-өзі дамыту кәсіби іс-әрекетінің аспектісі ретінде қарастырылады). Ол «тұлға өзі үшін және басқару объектісі ретінде және өз әрекеттерін жоспарлайтын, ұйымдастыратын және талдайтын басқару субъектісі ретінде әрекет етеді».

Осылайша, рефлексивті күнделік студенттерге өзін-өзі реттейтін, оқытуға қатысу үшін білім алуға ықпал ете алады және студенттерге қолдау жасауға және белсенді оқу құралдарын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді [162, р. 445-457].

А.С. Макаренко рефлексивті күнделік болашақ маманның өздігінен педагогикалық білім алуының және өзін-өзі тәрбиелеудің құралы болып табылады дейді. «Жақсы тәрбиеші міндетті түрде өз жұмысының күнделігін жүргізуі керек» деп атап өтті [163, с. 9-98].

Күнделік жүргізу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдері алдағы жұмыс бағытын анықтау (бұл жағдайда кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу бойынша), қол жеткен нәтижелерді бағалау және талдау дағдыларын менгереді (бұл ретте әдістемелік үдерістің рефлексивті бағыты принципі, нақтылық принципі, яғни «осында және дәл қазір» деген әрекет қағидасы жүзеге асырылады). Рефлексивті өзін-өзі басқару бақылау мен бағалаудың әртүрлі өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау кәсіби біліктілігінің дамуымен байланысты. Біз қарыстырған әдістер мен тәсілдерді болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды интерактивті тәсілдеріне, белсенді орта құру арқылы өзін-өзі кәсіби анықтау және оның әрбір субъектісін өзін-өзі дамыту мақсатында және әрі қарай кәсіби іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізу арқылы дамиды. Ұсынылған әдістер мен тәсілдердің негізгі мақсаты – шеттілдік білім беруде маманның рефлексиялық құзыреттілігін белсенді қалыптастыру үдерісін іске асыру мен қажетті жағдайлар тудыру.

Осылайша, шеттілдік білім беру процесінде болашақ шетел тілі мұғалімінің құзыреттілік амал шенберінде оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану кәсіби даярлығының сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді, оның әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін, жоғары білімнің әлемдік кеңістігіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

2.3 Оқу-әдістемелік кешені болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру құралы

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін дамытудың өзекті мәселесі, бүгінгі күні мұғалім мамандарды

даярлаудағы университеттік жүйе болып табылады. Бұл білім алу кезеңіндегі рефлексивті талдау және ойлау іс-әрекетін басқару құралдарын менгеру үшін маңызды кезең.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін жүзеге асыруды «Рефлексивті практикум» арнайы курсы дайындалды. «Рефлексивті практикум» арнайы курсының мақсаты – болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін, кәсіби-тұлғалық дамуды және іс-әрекетке шығармашылық көзқарасты қамтамасыз ететін кәсіби рефлексияны дамыту технологиясын менгеру қажеттілігін түсінуден және менгеруден тұрады. Рефлексивті тапсырмаларды менгеру кезең-кезеңімен орындалды.

Рефлексивті ақпараттық кезең - рефлексияны ғылыми ұғым ретінде таныстыру, әдістеме ғылымы мен практикасындағы рефлексия мәселесін ашу; рефлексивті іс-әрекеттік кезең - рефлексиялық тапсырмаларды орындау; рефлексивті-нәтижелік кезең- рефлексиялық тапсырмаларды орындау кезінде сәттілік пен сәтсіздік себептерін анықтау, нәтижелерді талдау және өзін-өзі талдау. Барлық кезеңдер типтік рефлексивтік тапсырмаларды талдаумен, оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен бірге жүреді. Осы кезеңдердің барысы мен мазмұны шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру процесінің логикалық байланысын анықтайды.



Сурет 13 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің қалыптасу кезеңдері

Тапсырмаларды құрастыру полемикалық-аргументациялық іскерліктерді, кәсіби компетенцияларды қалыптастыруға арналған іскерлік және кәсіби ойындар негізінде үйымдастырылады [6,б. 222].

Арнайы курс бойынша оқыту үдерісі әрбір студент өз біліміне, өмірлік тәжірибесіне, қызығушылығы мен қабілетіне қарай ұсынылған тапсырмаларды

өз бетімен орындаған сайын нәтижелі бола түседі. Арнайы рефлексивті курс жағдайында студент өзін жеке тұлға ретінде түсіну, басқа адамдарды тану мен қабылдау үшін кәсіби бағдарды дамытуды маңызды қабілет ретінде танып, өз рефлексиясын одан әрі жетілдіруге серпін алады. Арнайы курс негізіне кәсіби рефлексия мен әр қатысушиның терең түсінігінде кезең-кезеңмен дамыту қағидасы негізге алынған. Әрбір сабак келесі сабакпен байланысып жалғасын табады. Негізгі әдістер қайши келетін позицияларды салыстыруға, мәселенін түп мәнін тануға, басқалардың пікірін тындау және өзара байланысты дамытатын қарым-қатынас позицияларын нақтылауға мүмкіндік беретін топтық пікірталастар; басқалардың тәжірибесінен үйренуге ынталандыратын ситуацияларды талдау, талқыланатын сұрақтарға жауап алу үшін теориялық білімді менгеруге үмтүлыштар болып табылды. Негізгі әдістермен қатар қосымша әдістер де қолданылады. Әр сабактың барысында міндетті түрде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті қарым-қатынас пен ортаға тарту болды. Қандай да бір әдістерді тандау зерттеу нысанына сәйкес қойылған мақсаттар мен міндеттерге байланысты үйымдастырылды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тренингтің мақсаты:

-топтық жұмыстарды орындау үшін қолайлы жағдай жасау, қатысуышыларды тренингтің негізгі қағидаларымен толық таныстыру, осы тренингтік топтың жұмыс ережелерін бірlestікте қабылдау және ойластыру;

- рефлексия тәсілдерін менгеруді жүзеге асыру және кері байланысты үйымдастыру .

Бірінші кезенде студенттермен келесі тақырыптар бойынша сабактар өткізілді:

«The essence, content and structure of the teacher's reflexive competence», «Reflexive competence of the future foreign language teacher from the position of competence approach», «Reflexive competence of the future foreign language teacher from the position of professional competence», «Components of reflexive competence of the future foreign language teacher in professional activity», «Methodological conditions of forming reflexive competence of the future teacher of a foreign language in high school», «Reflexive competence of a future foreign language teacher in higher education as a basis for successful professional self-realization», «Reflection of methodological difficulties in the process of professional training of a future teacher of a foreign language», «Methods of forming reflexive competence of a future teacher of foreign language», « Methodological conditions in forming reflexive competence of a future teacher of foreign language», «Methods and means of forming reflexive competence of a future teacher of foreign language» және «Role of tests and questionnaire in forming reflexive competence of a future teacher of foreign language».

Тренинг түріндегі сабактар өткізу кезінде тапсырмалар алдын ала әртүрлі жаттығулар мен ойындар түрінде жоспарланды. Сабак барысында болашақ шетел тілі мұғалімі өзін-өзі бағалаудың тестілеу әдістемелерімен танысты, олардың нәтижелері топта белсенді талқыланды. Алайда, практикалық сабактар

өткізу кезінде күтпеген жағдаяттар жиі орын алды. Мұндай жағдаяттарды болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын іске асыру үшін тиімді пайдалану болды.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар «Рефлексивті практикум» арнайы курсы пәні бойынша жүргізілді. Тапсырмалар кезендерге бөлініп отырып орындалды.

Бірінші кезенде

Training №1

The goal is to create conditions for participation of participants in the activity, to give an idea of the essence, purpose and problems of the topic of reflection of future foreign language teachers.

Training objectives:

1. Analysis of several definitions of the concept of «Reflection» and drawing up a general idea of this concept in the form of a definition.

2. Consider the essence and forms of reflection used in higher education.

Рефлексивті іс-әрекет кезеңінде оқу материалымен жұмыс істеудің әдістерін түсінуге, оның ең ұтымдысын іздеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сабактың әр кезеңінде студенттердің белсенділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Рефлексивті нәтижелі кезеңінде болашақ маман орындалатын әрекеттің барлық компоненттеріне көп өлшемді талдау жүргізеді, оның тиімділігін бағалайды, оның табыстылығын немесе кемшилігін анықтайтын объективті және субъективті факторларды анықтайды. Яғни, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің нақты түрі ретінде қарастыру бұл әрекетті жүзеге асырудың тиімділігін анықтайтын рефлексиялық дағылардың арнайы тобы туралы айтуға мүмкіндік берді.

Тренинг өткізу барысында бағалау мен бақылаудың көп критериялдығы мен толықтығы, рефлексивтілікті бақылау ұстанымдарын негізге алынды.

Тренинг барысында бағалау мен бақылаудың көп критериялдығы мен толықтығы қағидасы студенттерді түрлі тарараптардан қойылған сұрақтарды есепке алуға және өз білімдерін бағалауға бағыттайтын. Рефлексивтілік принципі студенттерді оқытудың барлық процестерін және оны үйімдастыру барысында өз іс-әрекеттерін ұғынуға ынталандырады. Студенттер өз рефлексиясын дамытуға, яғни өз әрекеттерін сезінуге қол жеткізеді. Бұл ретте, студенттер өз іс-әрекеттерін өз беттерінше жүзеге асыруға үйренетін болса, олардың рефлексивті үдерісі анағұрлым тиімді дамитын болады. Рефлексивтілік принципі бойынша интерактивті оқыту әдістерінің көмегімен болашақ шетел тілі мұғалімдерін рефлексивті ортаға араластыруға мақсатты түрде бағыттады.

№ 1 тренингті өткізу барысында келесі әдістер қолданылды:

«Group exchange of impressions»

It is carried out after the completion of the theme in working groups, for example, four. To summarize the results, participants gather one from each group (four in each newly formed group). These «teams» provide information for all previous working

groups. Members of the «teams» talk about the results of their group. The summing up is concluded with an expression of gratitude to all those present for their active cooperation. Notes:

- each participant is active;
- in small groups it is much easier to listen than in general discussion;
- the method is characterized by high intensity of work, but it takes no more time than the usual discussion.

Training №2

The purpose of the training is to create a working environment for the participants, to give future foreign language teachers an idea of reflexive competence approaches.

Tasks:

1. Analysis of the directions of developing reflexive competence from the point of view of foreign and domestic scientists.
2. Analyzing the areas of reflexive competence.

When solving these tasks, we took into consideration competence, integrative and reflexive areas as a basis. Each direction helped to reveal the creative and analytical abilities of students.

«Keyword»

Participants of professional interaction are invited to write on a piece of paper one word with which they associate the content of the seminar or the results of the interaction. After that, the teacher conducts a brief analysis of the results or offers it to the students. This method can be implemented orally: each of the participants in the chain pronounces the word.

«Cloud and sun»

Time: 10 minutes for preparation; 5 minutes for explanation; 5 minutes for each participant (response); 30 minutes for working with cards, sorting and summarizing the content. Material: large-size paper sheets; markers, or one felt-tip pen tied; cards in two colors; buttons or tape. Conduction: On large sheets, questions are written (one on each sheet), and a positive or negative symbol is placed a drawing depicting the sun (for example, near the question: "what did you like most?") or a cloud (for example, near the question: "what you did not like?").

Participants write answers either directly on the big sheets (with tied near them markers), or using one of multi-colored cards which they attach onto the big sheets. In the latter case, much less time is spent, since all participants work at the same time, in addition, the cards can be sorted differently. Writing answers directly on large sheets is convenient when these posters are hanging throughout the seminar, representing something like a "Board of honor" or "Black-board" (in the organization of field seminars).

Training №3

The goal is to create a working environment for the participants of the training, to give future teachers of a foreign language an idea of the structural subcompetences of reflexive competence in education.

Tasks:

1. Analysis of the structural model of subcompetence of reflexive competence.

2. Analysis of the reflexive competence of a future specialist in the field of education.

Opinion market

The aim is to review the most important results of the work of small groups. Each small group records the most important result of their work at the top of the poster. It is important that only one outcome is possible (one provision). Posters of all groups are hung on the wall of the audience. Next to each poster a small group member stands and answers questions and provides the necessary clarifications. All participants are given 30 minutes to get acquainted with the exhibition. At the bottom of the posters additions, arguments, feedback questions, are written. Representatives of the groups near the posters should be replaced so that all participants have the opportunity to take part in the work. If necessary, a small group gathers and discusses the records on posters expressing the views of the audience about their work.

«The table is ready»

The lesson being completed, each person is offered the method assignment: it is fixing the level of readiness for the beginning of the lesson (results are posted on the wall, on the Board). Requirements for the implementation of the method. The optimal number of participants - up to 30 people. Necessary equipment: 30 cards in red (5 points), yellow (4 points), and blue (3 points).

5 points (want to know,
to do, to decide)

4 points (I'm ready to
work)

3 points (I don't feel
well, I don't understand
the material, I need help)

The order of implementation of the method. Participants are invited to use the card to determine the level of their readiness for the lesson before the start of the lesson. The head of the group analyzes the readiness of the group, conducting the necessary correction of the course of the lesson.

Тренинг сабактары барысында болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік-рефлексивті–коммуникативтік, шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық, шеттілдік-рефлексивті-гностикалық, субкомпетенцияларын өзектендіруге көніл бөлінді.

Рефлексия үшін ең қажетті құралдардың бірі «рефлексивтік күнделік» студенттерге олардың өзіндік пікірлері мен ойларын құрылымдауға негіз болды және рефлексивті күнделіктеге талдау жасау болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті қабілетін анықтауға мүмкіндік береді [164, с. 6]. Рефлексивті күнделіктерді талдау, бізге болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің деңгейін анықтауға ықпалын тигізді.

Рефлексиялық күнделік бағалау және өзін-өзі бағалау үшін өте маңызды. Өйткені рефлексиялық іс-әрекетке белгілі бір шектеулер қою қын, сонымен қатар объективті түрде бағалау қажет. Демек, болашақ шетел тілі мұғалімін оқыту барысында рефлексивті күнделіктің құралдарын қолдану қажет. Бұл үшін

оқудың әр кезеңіндегі міндеттерді орындауы мен олардың рефлексиясына өздері жасаған талдауы арасында байланыс болады [165, с. 20-24].

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру барысында әрбір алдыңғы идея келесілермен байланысын анықтауда кейс әдісін қолдану жүзеге асты. Сондай-ақ, кейс әдісінің тапсырмасы жеке тұлғаның рефлексивтілік жағдайында болуын көрсетеді және өзара қарым-қатынас жасау үдерісінде өзіне олардың көзімен бағалай алады және басқалардың көзқарасы мен әрекетін түсінуге тырысады. Біздің ойымызша, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімнің рефлексивті құзыреттілігін ұйымдастырудың ең тиімді түрі рефлексивті тапсырмаларды шешу болып табылды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің теориялық білім негізін игеріп, оны практикада бекітеді, рефлексивті білімдерді менгереді, шешім іздейді. Рефлексивті тапсырманы шешу белгілі бір фактіге баға беру, қандай да бір психологиялық ахуалдан шығуды көрсету, кәсіби мәселе шешімдерінің ең дұрыс жолын табу. Көптеген тапсырмалар үшін, шешімнің бірнеше нұсқалары болуы мүмкін. Тапсырманы шешу шығармашылық сипатта болуы тиіс. Рефлексивті тапсырмаларды шешімін табу оқылатын курсқа қызығушылықты арттыруға ықпал етеді және нақты өмірде мүмкін болатын жағдаяттан шығу туралы пікірмен қамтамассыз етеді. Осылың барлығы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті іс-әрекетке даярлығын онтайландыруға ықпал етеді. Біз әр түрлі формадағы рефлексивті тапсырмаларды шешуге жүгіндік. Бұл кейс стади әдісімен орындалды. Бұл әдістің мәні - болашақ шетел тілі мұғалімінің арасында шеттілдік білім беру әдіstemесі бойынша белгілі бір деңгейін қалыптастыру үшін тәжірибеге бағытталған нақты жағдаяттарды түсінуде, сын тұрғысынан талдауда және шешуде жатыр.

Бұл әдістің тиімділігі кез-келген деңгейде болашақ маманың кәсіби дайындығын ескеруге мүмкіндік береді, сонымен қатар болашақ шетел тілі мұғалімінің жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын оларда болашақ кәсіби қызметте маңызды рөл атқаратын жеке ойлау және міnez-құлық стиліне негізделеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің іс-әрекетке тарту мақсатында практикалық сабактар кезінде рефлексивті тапсырмалар орындалды. Рефлексивті тапсырмалардың шешімін табу кезінде кейс әдісін қолдандық. Әдісті жүзеге асырудың бірнеше кезеңіне тандау жасалды:

Case №1. The reason why the student did not attend seminar classes for the entire semester is that he knows everything and thinks that attending classes is a waste of time. The student also pointed out to the teacher that he needs an “automatic» grade in this discipline.

Author's decision. Offer the student to complete the most important tasks from the course. If he really mastered the material well, this task will not be a problem for him. If the student has completed the task, the lecturer who is lecturing should give an “automatic» grade if there are no objections on this issue.

Ұсынылып отырған кейс тапсырмасы шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды аналитикалық, практикалық, коммуникативті, шығармашылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Олар өз ойларын жүйелеп, ақпараттар жинап, оны зерделеп және қаншалықты шындыққа сәйкес екендігін айықындаپ, өз ойларын ортага салады.

Case № 2. During the internship, I gave an example of the situation when I was a methodologist at school. When explaining the analysis of the lesson, the student asked, saying that he did not have time to listen to it. I dismissed him from his analysis class, but continued to monitor his progress. On the same day, the student made a certain mistake due to his ignorance of the subtleties expressed in professional practice, but I was silent, taking into account his independence and desire to show himself only in the best possible way. As a result, this minor mistake led to great difficulties.

Author's decision. After the lesson, a small meeting was held, where the results of the day were summed up. With the help of leading suggestions and questions, the student realized his mistake. Then there was a review of possible actions to correct the shortcomings. Due to the desire to show themselves on the best side, this student was able to conduct positive classes and was not shy about participating in the discussion, so that he could participate in all analytical classes.

1. Solution. Talk to the student and explain the degree of their responsibility during practice.

Келесі кейс тапсырмасында болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру барысындағы кездестін қындықтарды женудің жолдарын қарастырады. Кейсте берілген тапсырма негізінде олар шеттілдік-рефлексивті-коммуникативті субкомпетенциясы қалыптастырады. Олар өз ойларын пайымдаپ, қорытынды жасайды.

Case № 3. A foreign specialist teacher teaches his subjects at the university. The approved discipline, in turn, provides for classes of a theoretical and practical nature. The theoretical part of this discipline is taught by a university teacher (not a foreign specialist), and the practical part is taught by a foreign specialist. In the theoretical part, students pass exams, and practical classes are provided only in practice. There is a two-hour break between theory and practice classes. As a result, few students attend classes or do not attend classes at all. Although the teacher is upset, he does not want to complain to the group, and complaining is contrary to his mentality, although this teacher is very upset.

Author's decision. After the lesson, a small meeting was held, where the results of the day were summed up. Suggestions and questions in which the student admitted his mistake. Then there was a brief overview of the actions you can take to fix it. Remembering the desire to show yourself in the best possible way, this student has learned a pleasant lesson, and now he does not hesitate to take into account all the controversial issues and resort to clarification.

1. Solution. Talk to the student, giving him responsibility for his actions deliver the degree.

Case № 4 The language teacher teaches his subjects at the university. This discipline, in turn, provides for theoretical and practical classes. The theoretical part of this discipline is taught by a teacher of a higher educational institution (not a native speaker), and the practical part is taught by a foreigner. The theoretical part provides for a priority exam in practice. There are two pairs between these pairs. As a result, there are units or not at all. The teacher is willing, does not want to complain to the group-not in his mentality, but offends him as a teacher.

Author's decision. They tried to arrange the couples so that they could be together. It didn't help. The pieces still go in pairs. The situation remains the same. We will try to get out of the next way. Conduct an anonymous survey among the group on several theories about this. Why not participate in several practices and make decisions on this basis, since a foreign teacher is absolutely against administrative influence on students.

Бұл кейс тапсырмасын орындау барысында болашақ шетел тілі мұғалімінің теориялық алған білімдерін практикада қолдану қажеттілігі туындайды. Рефлексивті іс-әрекеттік кезеңде жағдаятты талдап, мәселенің мәнін түсініп, мүмкін болатын шешімдерді ұсынып және тиімді шешімді тандауы керек. Кейс әдісі болашақ маманның рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды сынни тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастырады; проблемаларды басқа тұлғаның көзқарасымен қарау, тәжірибе жинақтау арқылы шешу; танымдық қабілеттерін, топпен жұмыс істеу қабілетін дамытады. Осындай тапсырмалар арқылы олар шеттілдік-рефлексивті-гностикалық субкомпетенциясы қалыптастырады.

Рефлексивті практикумның нәтижелілігі жалпы адамзаттық, адамгершілік құндылықтарды, рефлексивті білімді менгерумен, оларды жаңаша мінез-құлық ұстанымдары көмегімен дамытуымен анықталады. Практикумнан өткен мамандардың қарым-қатынасындағы ең маңызды ерекшеліктерге олардың өзара мәдениетаралық қарым-қатынас диалогы арқылы тұлғалық мәселелерін шешу кезінде көмек көрсету қабілетін және оған араласуын атауға болады [166].

Рефлексивті практикум болашақ шетел тілі мұғалімінің даярлығына көзқарастарындағы елеулі өзгерістерді болжайды және олардың адамгершілігі жоғары, кәсіби-жетілген, шығармашылық белсененді тұлға ретінде дамытудағы өзекті мәселелердің шешімін табуды қамтамасыз етеді. Бұл міндетті іске асырудың табысты болуы көбінесе олардың оқу-танымдық іс-әрекетін үйімдастырудың мазмұны, нысандары мен әдістері қаншалықты мақсатқа сай таңдалуына, заманауи білім беру кеңістігінің талаптарына сай әлеуетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін формаларды енгізуіндегі тиімділігіне байланысты. Маманның кәсіби іс-әрекеті арқылы өзін-өзі дамыту және жетілдірудің ағымдағы стихиялық үдерісінен айырмашылығы, рефлексивті практикумды қолдану жағдайында құзыреттілікті қалыптастыру одан әрі жүйелі білім алуға жұмылдыру үдерісі орын алады және бұл болашақ шетел тілі маманының тұлғалық кәсіби сана жүйесіндегі сипаттамасы ретінде құзыреттілікті қалыптастыруға елеулі әсер етеді.

Жалпы, шеттілдік білім беру үдерісі өз бетінше әрекет жасауға қабілетті, өз іс-әрекетін бағалай алатын, нақты пайымдау жасауға бейім, кесіби іс-әрекетте өзінің рөлі мен орнын түсінуге қабілетті шетел тілі мұғалімін даярлауды талап ететінін есте сақтаған жөн. Болашақ шетел тілі мұғалімінің кесіби даярлығы алдағы қажетті іс-әрекетін дамыту, оны практикалық түрде жүзеге асыру, атап айтқанда, рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыруға байланысты.

Қорыта келе, «Рефлексивті практикум» арнайы курсының тақырыбы мен тапсырмалары шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуы маманның өзіндік іс-әрекетінің мәні мен құндылықтарын сезінуі, өз іс-әрекетінің және оның нәтижелерін он қабылдауы, жағдаяттың қолайсыз барысын өз бетімен өзгертуі, стандартты емес рефлексивтік тапсырмаларды онтайлы және тиімді шешімдерін табуы болып табылады.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Зерттеу міндеттерінің бірі шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру тиімділігін артыратын әдістерді анықтау болды. Алдымызға қойылған міндетті шешу мақсатында С.С. Кұнанбаева, М.В. Золотова, Л.Г. Светоносова, В.В. Давыдов және т.б. ғылыми зерттеулеріне сүйендік. Зерттеу нәтижесінде шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру тиімді әдістер: интерактивті әдістер, топтық әдіс, өзін-өзі бағалау әдісі екендігі анықталды.

Рефлексивті құзыреттіліктің құрамы мен мазмұнын қамтитын болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру моделі әзірленді. Ол болашақ мұғалімінің кесіби әрекетінің негізгі бағыттары бойынша рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық, мотивациялық, әрекеттік және тәжірибелік түрғыдан шешуге қажетті мәселелерін белгілейді. Модель болашақ шетел тілі мұғалімінің әртүрлі әдістер арқылы рефлексиялық құзыреттілігін дамытуға, даярлаудың ақырғы нәтижеге жетудің айқындаушы құрылым болып табылды. Оған жеткізген себеп, бірінші, екінші тараулардағы теориялық әдіснамалық негіздері талданып, дайындау үдерісінің компнеттері мен көрсеткіштері айқындалуы, мамандар даярауда қолданылатын интерактивті әдістердің зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдіс-тәсілдердің дайындалғандығы. Осы айтылған тұжырым төменде анықтап отырған құрылымдық-мазмұндық модельде дәлелденді.

Мақсатты блок, теориялық -әдіснамалық блок, модельге негізделген амалдарға (құзыретті, мотивациялық, аксиологиялық, тұлғалық-іс-әрекеттік) және болашақ шетел тілінің мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру процесін ұйымдастыру принциптері (субъективтілік, кесіби және тұлғалық өсу, диалогтық өзара қарым-қатынас, бағалау мен бақылаудың критерийалдығы және толықтылығы) негізі болып табылды.

Мазмұнды-процессуалдық блок, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексия алгоритмін шетел тілі мұғалімінің рефлексиясына шығу құралы ретінде өндөу үшін, оқытудың интерактивті әдістері мен тәсілдерін қолдану болды.

Нәтижелі блок, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің құрылымына сәйкес құрылды және оны анықтаудың деңгейлері, өлшемдері, көрсеткіштері мен диагностикалық әдістемелерін қамтыды. Әзірленген модельге сәйкес болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін дамытуға арналған әдістемелік кешен құрастырылды.

6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша дидактикалық шарттардың тиімділігін арттыру мақсатында «Рефлексивті практикум» арнайы курсы дайындалды.

Алынған қорытындылар негізінде, біз шеттілдік білім беру барысында болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісіне дидактикалық шарттардың он әсер ету дәрежесін анықтадық.

3 РЕФЛЕКСИВТІК ҚҰЗЫРЕTTІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖЕРБИЕЛІ-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

3.1 Тәжірибелі-эксперимент жұмысының мазмұны

Болжамды дәлелдеу эксперимент көмегімен жүргізілді. Бұл тұрғыда әдістер кешені қолданылды. Яғни, олар бақылау, саул нама және диагностикалық жұмыстар. Эксперименттің мәні- зерттеу құбылыстарын бақыладап, дәйектерін айқындау үшін нақты дәлелдемелермен анықталады. Анықталған фактілерді талдап, оның нәтижелілігін дәлелдейді. Эксперименттің тиімділігі оның міндеттерін нақты тұжырымдауға, құбылыстар мен құралдарды зерттейтін белгілер мен критерийлерді әзірлеуге және нәтижеге бағалануға байланысты. Фылыми еңбектерді талдауға сүйене отырып, эксперимент - бұл қойылған гипотезаның сенімділігін объективті және дәлелді тексеруге арналған зерттеу әдістерінің жиынтығы деп қорытынды жасауға болады.

Эксперимент келесі талаптарға сүйене отырып жүргізілді:

- бастапқы деректерді және зерттеудің гипотезасын анықтау үшін алдын ала мақсатты түрде байқау;
- эксперименттік жұмыс үшін оңтайлы жағдайлар жасау және ұйымдастыру;
- эксперимент процедурасын әзірлеу;
- фактілерді (өзгерістерді) есепке алу және деректерді жүйелі түрде ұйымдастыру;
- алынған деректерді әртүрлі деңгейлерде сынақтан өткізу;
- нәтижелі материалды математикалық статистика және теориялық талдау қолдана отырып өндөу;
- экспериментті басқарылатын және бақыланатын етіп ұйымдастыру.

Осы тараушада біз **тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың** логикасы мен мазмұнын, нәтижелерді диагностикалау техникасын, өзірленген модель шенберінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттарын іске асыру әдістерін сипаттаймыз, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелерін талдауды ұсынамыз.

Зерттеу жұмысының кіріспе бөлімінде біз зерттеу нысанын, пәнін және гипотезасын анықтадық.

Зерттеу **нысаны** шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру үрдісі.

Зерттеу **пәні** - шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Егер зерттеудің жалпы болжамы шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту әдіснамасы әзірлеу (рефлексиялық құзыреттіліктің компоненттері, олардың қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері, дидактикалық шарттары анықталып және топтастырылды) білім беру процесі субъектілерінің өзара іс-қымылы теориялық және практикалық іс-әрекетінің органикалық бірлігінде болса, онда болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған дидактикалық шарттар кешені іске асырылады және «Рефлексивті практикум» арнайы курсы енгізілетін болады. Тәжірибелік жұмыстың мақсаты – шеттілдік білім беуде болашақ шетел тілі мұғалімінің оқу процесінде рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу факторларын анықтып, алдымызға қойған болжамды растау болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

- ғылыми еңбектерде белгілі диагностика әдістемелерін, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу критерияларын тандау және бейімдеу;

- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру процесін модельдеу;

- 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау.

Қойылған міндеттерді шешу үшін мынадай әдістер пайдаланылды:

Теориялық әдістер зерттеу проблемасы бойынша шетелдік және отандық ғылыми-зерттеу, ғылыми еңбектерді талдау, синтездеу және қорыту әдістері.

Эмпирикалық зерттеу әдістері сауалнама, бақылау, диагностикалау жұмыстарының әдісі, нәтижелерді түсіндірудің статистикалық әдістері, саралау. Осы әдістер жүргізу кезеңдері эксперимент бағдарламасына сәйкес қолданылды. Валидті және сенімді болып табылатын тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қолданылатын әдістерінің әртүрлілігі ғылыми зерттеулерде сынақтан өткендіктен, эксперименттің алынған нәтижелерінің дұрыстығы туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзыреттілігінің қалыптасуын диагностикалау үшін, әрбір білім жаңа алынған

компонент талданды. Мақсатқа және қойылған міндеттерге сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2017-2020 жылдар аралығында жүргізілді. Біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың 3 кезеңін атап өттік. Қойылған мақсатқа сәйкес эксперименттік жұмыс кезеңдік сипатта болды, олардың әрқайсысында өз міндеттері шешілді. Зерттеудің мақсаты, мазмұны және әдістері кіріспеде берілген.

Кесте 5 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперименттік жоспар

АНЫҚТАУШЫ КЕЗЕҢ ЭКСПЕРИМЕНТІ (2017-2018жж)	
1	2
2 Тәжірибе кезеңінің міндеттері	1) Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін анықтау;
Міндеттері	2) рефлексивті құзыреттіліктің критерийлерін, көрсеткіштерін
5 - кестенің жалғасы	

1	2
	және денгейлерін, оларды диагностикалау әдістерін анықтау;
	3) эксперимент нәтижелерін бағалаудың статистикалық әдістері мен өлшемдерін тандау.
Әдістер	Саулнама; бақылау; анықтау эксперименті
Нәтижесі	анықтаушы эксперимент диагностикасының нәтижелерін өндөу.

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ЭКСПЕРИМЕНТ КЕЗЕҢІ (2018-2019жж)	
Тәжірибе кезеңінің міндеттері	1) әзірленген модель шенберінде дидактикалық шарттарды іске асырудың әдістемелік ережелерін нақтылау;
Міндеттері	2) әзірленген модель шенберінде шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру процесіне дидактикалық шарттар мен олардың кешенінің әсерін эксперименттік апробациялау;
Әдістер	3) эксперимент нәтижелерін бастапқы өндөу мен статистикалық бағалауды жүргізу.
Нәтижесі	Бақылау, эксперимент қалыптастыратын болашақ шетел тілі мұғалімдер іс-әрекетінің өнімдерін талдау, нәтижелерді алғашқы өндөудің статистикалық әдістері

ҚОРЫТЫНДЫ ЭКСПЕРИМЕНТ КЕЗЕҢІ (2019-2020жж)	
Тәжірибе кезеңінің міндеттері	1. Эксперименталды деректерді теориялық ұғыну және интерпретациялау.
Міндеттері	2. Нәтижелерді рәсімдеу, корытынды жасау.

	3. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру негізінде «Рефлексивті практикум» арнайы курсын әзірлеу.
Әдістер	Теориялық талдау, материалды жинақтау, жүйелеу; эксперимент нәтижелерін екінші рет өндөудің статистикалық әдістері (гипотезаны дәлелдеу әдістері); эксперимент нәтижелерін ұсыну әдістері
Нәтижесі	Зерттеу барысында негізгі ережелерді түпкілікті тұжырымдау және дидактикалық шарттарды ұсынылған модель негізінде жүзеге асыру әдістемесін ұсыну, зерттеу нәтижелерін I.Жансүгіров атындағы университеттің оқу үрдісіне енгізу.

Экспериментке I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандық студенттері қатысты. Жалпы экспериментке 74 студент қатысты.

Зерттеудің эксперименттік бөлігі үш кезеңді қамтыды: анықтаушы, қалыптастырушы, қорытынды. Эксперименттің әрбір кезеңінің өз мақсаты және одан туындастырылған міндеттер, алынған нәтижелерді зерттеу және өндөу әдістері болды.

Зерттеудің онтайлы нәтижесінің тиімділігін дәлелдейтін белгілі дидактикалық шарттар көлемінде болғандықтан кем дегенде екі-үш жыл қажет етеді. Зерттеу жұмысында берілген дидактикалық шарттар шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғаліміне бағытталған. Кезеңдер бір-бірімен байланысты және эксперименттің мақсатына негізделеді. Әр кезеңде біз оған сәйкес келетін нақты мәселелерді белгілі әдістер көмегімен шешіп, нақты нәтиже алдық.

Анықтаушы кезең 2017-2018 оқу жылын қамтыды. Кезеңнің мақсаты эксперимент бағдарламасын әзірлеу және шеттілдік білім беруде өзектілігін негіздеу. Осы кезеңде 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 74 студенті қатысты. Кезеңнің міндеттері:

- 1) эксперименттік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізудің мақсатын, міндеттерін, принциптерін, шарттары мен кезеңдерін айқындау;
- 2) рефлексивтік құзыреттіліктің өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау, оларды диагностикалаудың әдістемелерін айқындау;
- 3) нәтижелерді бағалаудың статистикалық әдістері мен өлшемдерін таңдау;
- 4) шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті ұстанымның қалыптасуының қазіргі деңгейін анықтау.

Екінші кезең қалыптастырушы эксперимент.

Қалыптастырушы эксперимент 2018-2019 жылдарын қамтыды. Зерттеу жұмысының осы кезеңінде 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 74 студенті қатысты. Бұл кезеңнің мақсаты болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру моделін тиімді іске асыру шарттарын сынақтан өткізуден тұрды. Осы кезеңде мынадай міндеттер қойылды:

1) әзірленген модель шенберінде дидактикалық шарттарды іске асырудың әдістемелік ережелерін нақтылау;

2) әзірленген модель шенберінде шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру процесіне дидактикалық шарттар мен олардың кешенінің әсерін эксперименттік сынақтан өткізу;

3) эксперимент нәтижелеріне алғашқы өндөу және статистикалық талдау.

Үшінші кезең - қорытынды эксперимент.

Бастапқы анықтаушы кезеңде болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік білім беруде «рефлексивті құзыреттілік» ұғымын қалай түсінетінін анықтау маңызды болды, себебі олардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру жоғары оқу орнындағы білім беру процесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, сондай-ақ болашақ түлектерге кәсіби іс-әрекетте рефлексия жүргізуге мүмкіндік беретін рефлексияны менгеру деңгейіне қол жеткізу. Бұл өз кезеңінде рефлексивтік құзыреттілікті қалыптастыру процесі дегенді білдіреді және қалыптасуы жоғары деңгейін білдіреді.

Әдістемелік эксперименттің тиімділігін бағалаудың диагностикалық бағдарламасына тоқталайық. Бірінші мәселені шешу барысында біз диссертацияның бірінші тарауында шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігінің қалыптасуына мазмұндық сипаттама бердік. Сонымен қатар, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштерін нақтылады. Көрсеткіштерге сәйкес стандартты әдістер тандалды. Көрсеткіштердің дәлелдігін анықтайтын арнайы сауалнама дайындалды. Келесі 6 кестеде диагностикалық әдістер сипатталады.

Кесте 6 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру критерийлері мен көрсеткіштері

Критерийлер	Көрсеткіштер
Сәйкестік	өзін өзі кәсіби түрғыдан идентификациялау қабілеті
Кәсіби өзін-өзі дамыту қабілеті	коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру қабілеті
Рефлексивті ортада қатысушылардың өзара әрекеттесуі	білім субъектілерінің бірлескен іс-әркеті
Өзін-өзі бағалау қабілеті	өз іс-әрекетінің нәтижелерін болжау және талдау қабілеті

Критерийлер мен көрсеткіштер шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік кезеңнің негізін құрады. Анықтаушы эксперимент шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптасуының бастапқы диагностикасына бағытталды.

Анықтаушы экспериментке 5B011900 «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының бітіруші курс студенттері таңдалынып алынды. Жалпы экспериментке 74 студент қатысты. Зерттеу бағытын нақтылау мақсатында біз анықтаушы эксперимент кезеңінде шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптасу деңгейін талдадық. Критерийлер мен көрсеткіштер бойынша ақпарат жинау үшін біз 6B01705 «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының бітіруші курс студенттерімен сауалнама жүргіздік.

Біздің сауалнама рефлексивті құзыреттілік элементтерін сипаттайтын бірқатар сұрақтарды қамтыды. Сауалнаманың мақсаты: болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру, рефлексия дағдыларын дамыту болды. Сауалнама тапсырмалары: болашақ шетел тілі мұғалімінің «рефлексия» түсінігі, рефлексия түрлері, әдістері туралы білімдерін жүйелеу; жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне, шығармашылық әлеуетін ашуға ынталандыру; рефлексияны менгеруге ынтасын арттыру болып табылды.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастырудың тәжірибелік диагностикалық көрсеткіштері пайыздық арақатынаста есептелді.

Жалпы респонденттердің саны – n

Әр деңгейге байланысты респонденттердің жауабы- Na

Пайыздық арақатынасы- X

$$X = \frac{Na * 100\%}{n}$$

Жалпы сауалнама 10 сұрақты құрады. Жалпы сауалнамаға қатысқан студенттердің саны 74. Оның ішінде 28 студент орташа деңгей көрсетті.

$$X = \frac{23 * 100\%}{74} = 44,59\%$$

Кесте 7

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейі	Анықтаушы кезең
	Бақылау тобы
Жоғары	12,16%
Орта	24,32%
Төмен	59,45%

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау бойынша сауалнаманы талдау кезінде біз респонденттердің 59,45 % – ында рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуының төмен деңгейі байқалатынын анықтадық, 24,32 % - ында орташа деңгей, 12,16% - ында жоғары деңгей анықталды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің білімі үстірт және

бейсаналық. Респонденттердің білімі жүйелі, бірақ терендігі кейде жеке аспектілерде ғана көрінеді. Дағылар репродуктивті сипатта, субъективті белсенділік деңгейі төмен. Ең төменгі көрсеткіш бойынша «өз іс-әрекетінің салдарын бағалау, өз қателіктері мен жетістіктерін анықтау қабілеті», бұл шеттілдік білім беру бойынша болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру проблемаларын білдіреді. Бұл өз түрғысында, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс үйымдастыруды қажет етеді. Бұл үшін шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін зерделеуде және дамытуда болашақ шетел тілі мұғалімінің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен олардың кесіби іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып, оның барлық аспектілері мен көріністерінде тұтас және жүйелі түрде жүргізу қажет деп таптық.

Біздің эксперименттік зерттеуімізде корреляциялық талдау шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігі мен рефлексивті құзіреттіліктің компоненттері арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік берді. Яғни, шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық, шеттілдік-рефлексивті-гностикалық, шеттілдік-рефлексивті-коммуникативтік.

Анықтаушы кезеңінде белгілі бір субкомпетенцияның қалыптасуын бақылау нысанын таңдау ерекше өзекті болып табылды. Болашақ шетел тілі мұғаліміне шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттілігі компоненттерінің маңыздылығы бойынша саралау ұсынылды.

- шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық;
- шеттілдік-рефлексивті-гностикалық;
- шеттілдік-рефлексивті-коммуникативтік: қарым-қатынастың әлеуметтік мәнмәтінін ескере отырып, тілдік құралдарды пайдалану.

Кесте 8 - Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің РК компоненттерінің даму деңгейі

РК субкомпетенциялары	Бақылау тобы
Шеттілдік-рефлексивті -дамытушылық	43,24%
Шеттілдік-рефлексивті-гностикалық	35,13%
Шеттілдік-рефлексивті-коммуникативтік	21,62%

Алынған нәтижелерді түсіндіре отырып, БТ респонденттерінің көшілігі рефлексивті-дамытушылық субкомпетенцияны бірінші орынға қояды-тиісінше 43,24% қазіргі жағдайды талдау тәуелсіз және жауапты шешім қабылдау үшін қажетті рефлексивті құзыреттіліктің басты мақсаты болып табылады деп пайымдай отырып, қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ, бұл шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімін даярлау кезінде әрдайым маманның кесіби өсуіне назар аударатын әдістемелік шеберлікті жетілдіруге ерекше назар аударатындығына байланысты болуы мүмкін.

Екінші орынға рефлексивті-коммуникативтік субкомпетенция болды: 35,13%, бұл бірлескен іс-әрекетте әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Үшінші орынға рефлексиялық-гностикалық субкомпетенция анықталды: 21,62%, респонденттер рефлексияны кәсіби іс-әрекетте дұрыс пайдалана білуіне мән берді. Бұл фактіні болашақ шетел тілі мұғалімінің көпшілігі қойылған міндеттер бойынша өз мүмкіндіктерін талдау кезінде тәжірибесі аз екендігімен түсіндірлді.

Мұнда болашақ шетел тілі мұғалімінің көпшілігі үшін рефлексиялық құзіреттілікті қалыптастыруда режелерді білу және оларды қолдану болып табылады деген жалпы қорытынды жасауға болады. Рефлексивті құзыреттілік субкомпетенциясы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жалпы түсінігін анықтай отырып, біз 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенттерінде субкомпетенциялардың қалыптасу деңгейіне сауалнама өткіздік.

Откізілген сауалнама нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілікті менгергенін көрсетті.

Сауалнама барысында алынған рефлексиялық-дамытушылық субкомпетенция нәтижесін талдай келе, респонденттер ұсынылған сауалнаманы тұтастай орындалап, рефлексияны итерудің орнықты дағдысын көрсеткенін атап өткен жөн. Пайыздық қатынаста көрсетілген нәтижелер 9-кестеде келтірілген.

Кесте 9 - Шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық субкомпетенцияның қалыптасу деңгейінің нәтижесі (%)

Денгейі	БТ
Жоғары	22,97%
Орташа	28,37%
Төмен	48,64%

Алайда, әрбір тапсырманы орындаудың табыстылығын қарап, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің өз іс-әрекеттерінде тәуелсіздігімен ерекшеленетінін, өмірде өз мақсаттарымен, нанымдарымен, қағидаларымен басшылыққа алынуға үмтүлатынын, өмірінің әрбір сәтін толыққанды бастан кешіретінін анықтауға болады. Мұндай болашақ мамандар өз сезімдерін өздігінен және шынайы білдіруге қабілетті, қарым-қатынасқа ашық, өздеріне сенімді. Өзін-өзі іске асырудың жоғары деңгейі, сондай-ақ өзін-өзі танудың жан-жақты уәждерінің айқындылығымен сүйемелденеді.

Біздің ойымызша, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзыреттілігі мәселелерін қарастыруға әлі үйренбегенін көрсетеді. Бұл жағдайда болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру үшін тиісті рефлексия әдістерін қолдану қажет.

Әрі қарай, рефлексивті құзіреттіліктің шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық субкомпетенциясының қалыптасу деңгейі рефлексивті құзіреттіліктің бүкіл процесі үшін маңызды және оның қалыптасуы шеттілдік білім берудің барлық сатысында жүреді. Осылан байланысты біз бақылау үшін

рефлексия туралы білімді тексеруге бағытталған рефлексивті күнделік қолдандық. Рефлексиялық күнделіктің нәтижелерін талдағаннан кейін, студенттердің көпшілігі ұсынылған тапсырмаларды орындағанын атап өтуге болады. Рефлексивті күнделікті толтыру нәтижелері бойынша респонденттер төмен деңгейін көрсетті деп айтуға болады. Респонденттер рефлексивті күнделік толтыру кезінде қындықтарға тап болады. Осыған байланысты респонденттердің рефлексия туралы аз тәжірибесі бар және кәсіби іс-әрекетте рефлексивті құзыреттілік қажеттілігі туралы көп мән бермейді деп қорытынды жасауға болады. Респонденттер үшін ең қыны күнделік тапсырмалары болды. Бұған дәлел, сауалнамаға қатысқандардың 51,35% -ы жауабы. Бұл кезеңде респонденттер жағдайды әлі толық талдай алмайтындығымен түсіндіруге болады. Респонденттердің 22,97 % -ы осы тапсырмаларды жоғары деңгейде орындағанын атап өтуге болады.

Одан кейін біз рефлексиялық құзыреттіліктің қандай да бір түріне тән рефлексия кезінде тапсырма жасауды көздейтін рефлексиялық-коммуникативтік субкомпетенцияға жүгіндік. Бұл субкомпетенция рефлексия процесінде, рефлексивті орта құру кезінде іске асырылады. Алайда оны рефлексивті тапсырмаларды құру және қабылдау арқылы анықтауға және өлшеуге болады. Біздің зерттеуімізде респонденттердің субкомпетенциясының қалыптасу деңгейін анықтау үшін біз келесі рефлексиялық тапсырмаларды қолдандық: рефлексивті тренинг, кейс-әдісі және рефлексивті тапсырмалар. Тапсырма қосымшада көлтірілген.

Жалпы респонденттердің көпшілігі ұсынылған тапсырмаларды қанағаттанарлық дәрежеде орындалған шықты. Төменде алынған нәтижелерді пайыздық арақатынаста көлтірейік.

Кесте 10 - Шеттілдік-рефлексивті-коммуникативтік субкомпетенцияның қалыптасу деңгейін бағалау нәтижесі (%)

Денгейі	Бақылау тобы
Жоғары	14,86%
Орташа	51,35%
Төмен	33,78%

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, респонденттер топтық жұмыста қындықтарға тап болады. Респонденттердің 66,21% - ы тренинг тапсырмаларын орындаі алмады, ал респонденттердің көпшілігі рефлексивті құзіреттіліктің қалыптасуының орташа деңгейін көрсетті. Бұл олардың шеттілдік-рефлексивті-коммуникативтік субкомпетенцияны әлі қалыптастырмадын көрсетеді деп санаймыз, өйткені олар тапсырманы өз құрылымы бар біртұтас семантикалық фрагмент ретінде қабылдамайды, сондықтан олар әрқашан мәселенің негізгі идеясын сәтті анықтай бермейді, мәселені құру мақсаты, сондай-ақ ойластырылған мағынаны жеткізуге

көмектесетін қуралдарды таңдау. Осыған байланысты біз шеттілдік білім беруде осы субкомпетенцияны қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет деп ойлаймыз. Рефлексияны менгерудің түпкілікті мақсаты тек түсіну ғана емес, сонымен қатар тапсырманың әртүрлі түрлерін туыннату болып табылады.

Шеттілдік-рефлексивті-гностикалық субкомпетенцияны талдау үшін біз тікелей рефлексивті тапсырмаға жүгіндік. Бұл субкомпетенция өз іс-әрекеті процесі мен нәтижелерінің ерекшеліктерін зерделеуді және талдауды қамтиды; іс-әрекеттің мазмұнын зерделеу және талдау. Іс-әрекеттің бұл аспектісі оқытудағы өзінің күшті және әлсіз жақтарын сезіну іскерлігімен сипатталады; өзінің практикалық іс-әрекетінде әдістемелік ұстанымдарды пайдалануға; өз пәнін еркін менгеруге; рефлексивті тапсырманы талдау және оған өзінің әсер ету нәтижелерін болжау.

Респонденттердің жауаптарын бағалау кезінде біз оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін себептер мен зандылықтарды анықтай білуді ескердік; зерттеу проблемасын туыннататын қайшылықтарды аша білу; талдау және қорыту білігі. Алынған нәтижелер 11-кестеде көрсетілген.

Кесте 11 - Шеттілдік-рефлексивті-гностикалық субкомпетенцияның қалыптасу деңгейін бағалау нәтижесі (%)

Денгейі	Бақылау тобы
Жоғары	10,81%
Орташа	43,24%
Тәмен	45,94%

Алынған нәтижелерге талдау жасай отырып, респонденттер осы тапсырманы орындау кезінде қындықтар көргенін атап өткен жөн. Респонденттердің көпшілігі рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасуының 54,05 % орташа деңгейін көрсетті. Кейбір респонденттер осы тапсырманы орындауда кедергілерге кезікті. Бұл ең алдымен респонденттердің тиісті тапсырмаларымен рефлексия жасау қажет болған кезде аз тәжірибесі болуымен байланысты болуы мүмкін. Мұны респонденттердің әлі де рефлексивті құзыреттілікпен бірігіп жұмыс істей алмауымен түсіндіруге болады. Респонденттер көбінесе оқытушылардың нақтылайтын сұрақтарына дұрыс жауап бермейді, бұл да нақты рефлексивті ортаның аз тәжірибесімен сипатталады.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік рефлексивті құзыреттілік субкомпетенцияларының барлық тапсырмаларының алынған нәтижелерін талдай отырып, олардың оқытудың бастапқы кезеңінде шеттілдік рефлексивтік құзыреттіліктің оның негізгі субкомпетенцияларының барлық бірлігінде қалыптасуының деңгейі тәмен екенін атап өткен жөн. Бұл аз мөлшердегі рефлексивті тәжірибеге, сондай-ақ оқыту процесінде негізгі басымдық практикалық тапсырмаларды орындауға байланысты. Бұған респонденттердің шеттілдік-рефлексивті-дамытушылық субкомпетенция тапсырмаларын жоғары дәрежеде орындағаны, ал шеттілдік-рефлексивті-гностикалық және шеттілдік-

рефлексивті-коммуникативтік субкомпетенция тапсырмаларды төмен дәрежеде орындағының.

Кестеде келтірілген мәліметтерден келешекте шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін құру қажет, онда рефлексия кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру құралы рөлін атқарады.

Сонымен, шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттілікті оқытудың негізгі элементі рефлексия ретінде қарастырылуы мүмкін және қарастырылуы керек, ол түпкілікті мақсат, оған жету құралы, бақылау әдістерінің бірі болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін оқытудың проблемалық сипатын белгілеу үшін интерактивті әдістерді тиімді қолдану деп санаймыз.

3.2 Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды оқу-әдістемелік кешенін оқу үрдісіне ендіру

Эксперименттің қалыптастыруды кезеңі оқу процесінің табиғи жағдайында өтті. Қалыптастыруды экспериментке БТ 74 респонденті қатысты.

Қалыптастыруды эксперименттің мақсаты шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің қалыптасу динамикасына әзірленген модель шенберіндегі дидактикалық шарттардың әсер ету деңгейін тексеру. Алға қойылған мақсатқа сәйкес әдістемелік эксперимент барысында шешілген міндеттер:

- әзірленген модель аясында дидактикалық шарттарды жүзеге асырудың әдістемелік ережелерін нактылау;

- әзірленген модель шенберінде шеттілдік білім беруде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіне дидактикалық шарттар мен олардың тиімділігін эксперименталды апробациялау;

- эксперимент нәтижелерін бастапқы өңдеу және статистикалық бағалауды жүргізу.

Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру моделін енгізу кезінде келесі дидактикалық шарттар іске асырылды:

1. Шеттілдік білім беруде рефлексия алгоритімін пысықтау негізінде болашақ шетел тілі мұғалімінің интерактивті әдістерді қолдануы;

2. Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімін рефлексивті –кәсіби тапсырмаларға тарту;

3. Шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруды рефлексиялық орта құру.

Бақылау тобында дидактикалық шарттарды бірлесіп қолдану олардың әртүрлі комбинациялардағы жұмысының тиімділігіне көз жеткізу қажеттілігімен, сондай-ақ дидактикалық шарттарды кешенде қолданудың тиімділігін дәлелдеу қажеттілігімен байланысты.

Кез-келген жүйені тиімді, барабар және саналы түрде қалыптастыру үшін уақыт қажет, бұл процесс фрагменттілікке жол бермейді, сондықтан шеттілдік

білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексиялық құзіреттілігін қалыптастырудың анықталған дидактикалық шарттарын жүзеге асыру оқудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады. Біздің зерттеуімізде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру бойынша жұмыстар 6B01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы оқу бағдарламасының базалық цикл пәндерін: «Шеттілдік білім беру әдістемесі» пәнін оқуда жүзеге асырылды. Ұсынылған оқу пәнінің бағыты мен мүмкіндіктері респонденттерді зерттелетін мәселеге мақсатты түрде енгізуге ықпал етеді, болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін тиімді қалыптастыруға тиімді жағдай жасайды.

Әрбір дидактикалық шартпен біз оған сәйкес келетін нақты міндеттерді белгілі әдістер арқылы шешіп, нақты нәтижелерге қол жеткіздік.

Анықталған дидактикалық шарттар теориялық түрғыдан талданып, жүйеленіп және оларды біз 1.2 тараушада қарастырған болатынбыз.

Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігі проблемасын тұтас құбылыс ретінде зерделеу, оны тиімді қалыптастырудың дидактикалық шарттарын анықтау бізге осы процесті іске асырудың нақты құралдарын анықтауға, яғни тиісті шарттар сыналатын шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін әзірлеуге және іске асыруға мүмкіндік берді.

Біз дидактикалық шарттар кешенін жүзеге асыру мәселесін шешетін негізгі құрал ретінде шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру бойынша арнайы курс дайындағы, ол базалық цикл пәндерінің оқу бағдарламалары кешенінің қосымша бөлігі болып табылады. Бұл арнайы курс шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында 2018-2019 оқу жылында гуманитарлық факультет 6B01705 –«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы оқу бағдарламасына енгізілді. З кредит көлеміндегі арнайы курс жетінші семестрде өткізілді және болашақ шетел тілі мұғалімінің алған біліміне, шеберлігіне, дағдыларына сүйенди.

Бағдарламаның мақсаты: Шеттілдік білім беру процесінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігін дамыту. Бұл арнайы курс келесі міндеттерді шешуғе бағытталған:

- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін рефлексивті құзыреттілік дағдыларын өзектендіру;
- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігінің негізгі ұғымдары мен даму кезеңдерімен таныстыру;
- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалармен таныстыру;
- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің өзін-өзі талдау, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;
- шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыруға ықпал ету.

Арнайы курсты өткізуде теориялық материалды оқу барысында респонденттердің алған дағдылары пысықталды, ол үшін оқытудың интерактивті әдістері қолданылды: рефлексивті тренинг, топтардағы жұмыс, рефлексивті тапсырмаларды талдау, кейс-стади және рефлексивті күнделік.

Арнайы курсын мазмұны және оны өткізу белгілі бір деңгейдегі болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзіреттілігінің құрылымдық-мазмұндық компоненттерін қалыптастыруға бағытталған. «Рефлексиялық практикум» арнайы курсының мазмұны 12-кестеде көрсетілген.

Кесте 12 - «Рефлексиялық практикум» арнайы курсының мазмұны

№	Content	Hours	Week
1	2	3	4
Module 1 « Reflection in education»			
1	Training 1The essence, content and structure of the teacher's reflexive competence.	1	1 week
2	Training 2 1. Reflexive competence of the future foreign language teacher from the position of competence approach	1	2 week
3	Training 3 1. Reflexive competence of the future foreign language teacher from the position of professional competence	1	3 week
4	Training 4. 1. Principles of reflexive competence of the future foreign language teacher in professional activity	1	4 week
Module 2. "Forming reflexive competence of a future teacher"			
5	Training 5 1. Criteria, levels of developing reflexive competence of the future teacher of a foreign language	1	5 week
6	Training 6 1. Components of reflexive competence of the future foreign language teacher in professional activity		
7	Training 7 1. Methodological conditions of forming reflexive competence of the future teacher of a foreign language in high school	1	7 week
Model 3. «Reflexive teaching»			
